

Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шайшақ...  
АБАЙ.

ISSN 2410-6712



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**5/2015**

**МАМЫР**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

<b>Қ.ҚАДЫРҚҰЛОВ.</b>	<b>Таным табиғатында</b> Емле ережесінің негізі – дыбыстық жүйенің дұрыстығы.....5 Етіс категориясының зерттелуі.....11 Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы ұлттық құндылықтар.....17 М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қазақ әйелдерінің бейнесін таныту.....22
<b>Қ.АБДЫҚАЙМОВ.</b>	Абай шығармашылығындағы діни-философиялық сипат.....27 Тыныс белгілерінің түрлері мен қызметтері.....32
<b>Н.КЕКІЛБЕКОВА. Қ.НАРЫНБЕКОВА.</b>	Сандық технология негізінде оқушылардың тақырыпты жылдам қабылдау және өндей алу дағдыларын қалыптастыру.....47
<b>Ә.ПІРИМОВА.</b>	<b>Білім сынағында</b> Қазақ тілі пәнінен ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдары.....53
<b>Б.ҚҰЛАНБАЕВА.</b>	<b>Жас маманға жәрдем</b> Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Адамдық борышын» өлеңі.....59
<b>Қ.АЙТМАҒАМБЕТОВА.</b>	Төлен Әбдікөвтің «Қонақтар» әңгімесін оқыту.....65 Қадыр Мырза Әлі өмірі мен шығармашылығы.....72 Қадыр Мырза Әлі. «Кәрі қыран».....77
<b>Ж.КАТЧИКОВА. Г.ӨМИРАЛИЕВА.</b>	<b>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b> Абайдың өмірі мен шығармашылығы.....81 Бауыржан Момышұлы. «Жауынгердің тулғасы».....82 Ыбырай – қазақ балалар әдебиетінің атасы.....86 М.Жұмабаев. «Батыр Баян».....90 Махамбет Өтемісұлы. «Қызғыш құс».....94 Қазіргі ақындар айтысы.....98 Ахмет Байтұрсынұлы. «Ақын ініме» өлеңі.....101
<b>Л.ГАБДУЛИНА. Р.ЖҰМАНҚЫЗЫ.</b>	<b>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b> Дара және күрделі сан есімдер.....104 Күшейтпелі шырай.....106 Жуан және жіңішке дауыстылар.....110
<b>М.МУСЛІМ. С.ҚАБЫЛОВА. Ж.СЕНГЕРБЕКОВА. М.ЕРМЕНТАЕВА. Б.ЕПЕНОВА.</b>	<b>Қайталау – оқу анасы</b> Дамыта оқыту технологиясы арқылы етістікті қайталау.....114 Етістіктің шақтарын қайталау.....118
<b>А.ЕРМАХАНОВА. А.ШАКИРОВА. ДАЛИЕВА.</b>	<b>Бір тақырыпқа – қос мақала</b> Жамбыл Жабаев өмірі мен шығармашылығы.....121 Жамбыл Жабаев өмірі мен шығармашылығы.....124
<b>Р.ҚҰРБАНҒАЗИЕВА.</b>	<b>Сыныптан тыс тәлім</b> Мен өмірді жырлау үшін келгенмін.....126 Тілім – менің тірегім.....130
<b>А.ТҮРДАЛИЕВА.</b>	<b>Көмекиі құрал</b> Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы.....134
<b>Т.ОМАРБЕКОВА. Т.АЛЕНОВА.</b>	
<b>Ж.ӨМІРЖАНОВА. Г.ДҮЙСЕБАЕВА.</b>	
<b>Г.НҰРМАНОВА.</b>	

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>К.КАДЫРҚҰЛОВ.</b>	<b>Познание</b> Основа правописания – в правильности звуковой системы.....5 Исследование залоговых форм глагола.....11 Национальные ценности в сочинениях М.Жумабаева.....17 Образ женщин-казашек в роман-эпопее М.Ауэзова «Путь Абая».....22
<b>Г.ШАРИПЖАНОВА. У.ЖОЛШЫБЕКОВА. Ж.ИСЛАМЖАНОВА.</b>	Религиозно-философские взгляды в произведениях Абая.....27 Типы и функции знаков препинания.....32 Успешное применение цифровых технологий в учебном процессе.....47
<b>К.АБДЫКАЙМОВ.</b>	<b>Проверочная работа</b> Способы подготовки к ЕНТ по казахскому языку.....53
<b>Н.КЕКІЛБЕКОВА. К.НАРЫНБЕКОВА.</b>	<b>В помощь молодому специалисту</b> Шакарим Кудайбердіұлы. «Человеческий долг».....59 Рассказ Толена Абдикова «Гости».....65 Жизнь и творчество Кадыр Мырза Али.....72 Кадыр Мырза Али. «Старый сокол».....77
<b>А.ПІРИМОВА.</b>	<b>Казахская литература: передовая технология, образовательный процесс</b> Жизнь и творчество Абая.....81 Бауыржан Момышұлы. «Личность война».....82 Ыбырай – основоположник казахской детской литературы.....86 М.Жумабаев. «Батыр Баян».....90 Махамбет Утемисұлы. «Пигалица – птица».....94 Состязание современных акынов.....98 Стихотворение А.Байтұрсынұлы. «Брату поэту».....101
<b>Б.ҚҰЛАНБАЕВА. Қ.АЙТМАҒАМБЕТОВА. Ж.КАТЧИКОВА. Г.ӨМИРАЛИЕВА.</b>	<b>Казахский язык: передовая технология, образовательный процесс</b> Простые и сложные числительные.....104 Превосходная степень прилагательных.....106 Гласные звуки.....110
<b>Л.ГАБДУЛИНА. Р.ЖҰМАНҚЫЗЫ. М.МУСИЛИМ.</b>	<b>Повторение – мать учения</b> Повторение глагола по технологии развивающего обучения.....114 Повторение временных форм глагола.....118
<b>С.КАБЫЛОВА. Ж.СЕНГЕРБЕКОВА. М.ЕРМЕНТАЕВА. Б.ЕПЕНОВА.</b>	<b>Одна тема – две статьи</b> Жизнь и творчество Ж.Жабаева.....121 Жизнь и творчество Ж.Жабаева.....124
<b>А.ЕРМАХАНОВА. А.ШАКИРОВА. ДАЛИЕВА.</b>	<b>Внеклассная работа</b> Я воспеваю жизнь.....126 «Мой язык – моя опора».....130
<b>Р.ҚҰРБАНҒАЗИЕВА.</b>	<b>Приложение</b> Как лучше организовать самостоятельную работу учеников.....134
<b>А.ТҮРДАЛИЕВА.</b>	
<b>Т.ОМАРБЕКОВА. Т.АЛЕНОВА.</b>	
<b>Ж.ӨМІРЖАНОВА. Г.ДҮЙСЕБАЕВА.</b>	
<b>Г.НҰРМАНОВА.</b>	

## CONTENT

<b>K.KADYRKULOV.</b>	Spelling basis depends on sound system.....	5
<b>G.SHARIPZHANOVA.</b>	Studying the voices of the verb forms.....	11
<b>U.ZHOLSHYBEKOVA.</b>	National values in M.Zhumabayev's works.....	17
<b>ZH.ISLAMZHANOVA.</b>	Image of Kazakh women in the epic novel of M.O. Auevov "The way of Abay".....	22
<b>K.ABDYKAIMOV.</b>	Religious and philosophical views in works of Abay.....	27
<b>N.KEKILBEKOVA.</b>	Types and functions of punctuation marks.....	32
<b>K.NARYNBEKOVA.</b>	Digital technologies in educational process.....	47
<b>Test work</b>		
<b>A.PIRIMOVA.</b>	The ways of preparation for National Testing.....	53
<b>For the aid to the young specialist</b>		
<b>B.KULANBAYEVA.</b>	Shakarim Kudaiberdiuly. «Human's debt».....	59
<b>K.AITMAGAMBETOVA.</b>	Tolen Abdikov's story «Guests».....	65
<b>ZH.KATCHIKOVA.</b>	The life and works of Kadyr Myrza Ali.....	72
<b>G.OMIRALIEVA.</b>	Kadyr Myrza Ali. «Kari kyran».....	77
<b>Kazakh literature: advanced technology</b>		
<b>L.GABDULINA.</b>	The life and works of Abay.....	81
<b>R.ZHUMANKYZY.</b>	Bauyrzhan Momyshuly. «Zhouyngerdyn tulgasy».....	82
<b>M.MUSILIM.</b>	Ybyrai – founder of the Kazakh children's literature.....	86
<b>S.KABULOVA.</b>	M.Zhumabayev's «Batyr Bayan».....	90
<b>ZH.SENGERBEKOVA.</b>	Makhambet Otemisuly. «Kyzgysh kus».....	94
<b>M.ERMENYAYEVA.</b>	Competition of modern akyns.....	98
<b>B.EPENOVA.</b>	A.Baytursynuly's poem «To the brother poet».....	101
<b>Kazakh: advanced technology in training</b>		
<b>A.ERMAKHANOVA.</b>	The types of numbers.....	104
<b>A.SHAKIROVA.</b>	Degrees of comparison.....	106
<b>D.ALIYEVA.</b>	Vowel sounds.....	110
<b>Practice makes perfect</b>		
<b>R.KURBANGAZIEVA.</b>	Repetition of a verb on technology of the developing training.....	114
<b>A.TURDALIEVA.</b>	Forms of the verbs.....	118
<b>One theme – two articles</b>		
<b>T.OMARBEKOVA.</b>	The life and works of Zh.Zhabayev.....	121
<b>T.ALENOVA.</b>	The life and works of Zh.Zhabayev.....	124
<b>Out-of-class work</b>		
<b>ZH.OMIRZHANOVA.</b>	I sing about life.....	126
<b>G.DUISEBAYEVA.</b>	I am proud of my mother tongue.....	130
<b>Appendix</b>		
<b>G.NURMANOVA.</b>	The best ways how to prepare students for independent work.....	134

## ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІНІҢ НЕГІЗІ – ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫ

Мақаланың ең басты мақсаты – орфографиялық ережелердің дұрыстығы орфоэпия заңына негізделетінін ашып көрсету.

**Түйін сөздер:** орфография, орфоэпия, ашық буын, тұйық буын, бітеу буын, дыбыс үндестігі.

Сауатты жазу мәселесі тіл ғылымы саласында ауық-ауық шешімін іздеп тұратыны белгілі. Емле ережеміздің бекітіп берген қағидалары заман өзгерген сайын қолданыстағы әрекеттер барысында кереғарлық үдерісіне ұшырап жатады. Кейде оларды «орфоэпиялық заңдылықтарымыз» мойындамай қояды. Осыған орай, мерзімді баспасөз беттерінде біріккен сөздердің жазылуы, сөз тіркестерінің жазылуы, қосымшалардың дұрыс жалғануы, кейбір түбір сөздердің жазылуы төңірегінде ұсыныстар мен ескертпелер жарияланып тұрады. Ғалымдар ғылыми жол іздейді, жазушылар тіл тазалығын қорғайды, оқырман қауымы қолдану ерекшелігін негізге алады. Бәрінің мақсаты – ана тіліміздің ұлттық сипатын ұлықтау. Емленің екшелуі қателікті табудан емес, сол қателіктің орнына дұрыс ұсыныс айтумен ғана жүзеге асады. Қысқарған сөздерге жалғанатын қосымша соңғы сөздің толық нұсқасындағы соңғы дыбысқа байланысты жалғанады дейтіндер **ҚазҰУ-нің** деп жазады да, қысқарған соңғы дыбыстың айтылуына байланысты жалғайтындар **ҚазҰУ-дың** деп жазады. Бұл екі түрлі нұсқа басылым беттерінде қатар қолданылып келеді. Бұлардың екіншісі дұрыс нұсқа екендігіне бір ғана **АҚШ**

қысқарған сөзіне қосымша жалғау арқылы көз жеткізуге болады. Егер бірінші қағида бойынша жазсақ – АҚШ-ның (Америка Құрама Штатының), ал екіншісі бойынша – АҚШ-тың. Егер бұл ұсынысқа келіспейтіндер болса, қосымшаның басқа түрін жалғап көрсетіңіз: ҚазҰУ-не әлде ҚазҰУ-ға, АҚШ-на әлде АҚШ-қа. Дұрысы – соңғы қысқарған сөздің бас әрпінің айтылуына қарай қосымша жалғау. Біріккен сөздердің жазылуындағы әралуандық та бірізділік сипат ала алмай келеді. Бұл күрделі атаулардың біріккен тұсындағы қатар келген екі дауыстының біріншісі айтылмайтындықтан кейде оны түсіріп жазамыз да, кейде екі дауыстыны да қатар жазамыз: Сарыарқа, Жанұзақ (Жаныұзақ) Қараой, Ұлмекен (Ұл ма екен). Әрине, кез келген тұлғаның негізге алатыны – Орфографиялық сөздік. Сөздікте дәл осылай берілген. Ережесі кейбір жалқы есімдердің осылай жазылатыны турасында ғана. Егер біріккен сөздердің қатар келген екі дауыстысы «қысаң – ашық» тұлғасында келсе, екеуі де жазылып, «ашық – ашық» тұлғасында келсе, алғашқысы түсіріліп жазылады десек, емлеміз ережеден ақсай қоймас еді. Ереженің құрамына **кейбір** деген сөз қосылса, ол қағида ережелік сипатынан айырылады. Көріп отырғанымыздай, сөздердің дұрыс жазылуы морфологиялық салада көрініс тапқанмен (қосымшаның жазылуы, күрделі сөздің жазылуы), дыбыстық жүйенің мазмұнынан алшақтап кетпейді. Емле ережесінің 70-80 пайызы дыбысқа байланысты деген пікірлердің өзі толық ақиқат емес. Өйткені емле ережесінің ереже дәрежесінде қалыптасуына мәжбүрлейтін – орфоэпия заңдылығы. Ал орфоэпия дыбыстардың айтылу жүйесіне негізделеді. Қазақ тілі дыбыстарына қатысты ережелердің бәрі орфоэпия заңдылығына қатысты туындайтынын ықпал түрлерінен, буын түрлерінен, қосымшалардың вариантылығынан айқын көруге болады. Қаншама мәжбүрлеп, жалған қағидаға бағындыра жазсақ та, фонетика саласын талдап оқытқан тұста қарама-қайшылыққа ұшырасамыз да отырамыз. **И** дыбысын дауысты деп оқытамыз да, оның ешуақытта қысаң **Ы** және **І** дауыстыларынсыз айтылмайтынын қаперімізге алмаймыз. **Жи, ки, қи** түрінде түбір етістік қылып, бір буынды сөз ретінде түсіндіреміз.

Бұдан кейін бұл сөздерді негізге алмай-ақ басқа тақырыптарды өтуге болар еді ғой. Жоқ, осы сөздерге дауыстыдан басталған қосымшаны жалғауға бейім тұрамыз. Сөйтіп дауыссыздан кейін келетін жалғауды жалғап және екі дауысты қатар келгенде байқалатын кейінді ықпалды жоққа шығарып, оқушының алдында екіжүзділік танытамыз. Салыстырып көрейік:

орфография бойынша -	орфоэпия бойынша -
ки + ін	кі + йін
жи + ыл	жы + йыл
қи + ыл	қы + йыл

Егер осы сөздердің емле ережесіне сай түрлеріне дыбыстық жүйенің ережесі бойынша (дауыстыдан кейін қосымша дауыссызға басталады) қосымша жалғасақ (ки – м, жи – м, қи – м) айта алмас едік. Айта алмау деген сөз – орфоэпия заңдылығының бұзылуы. Орфоэпия – сөздің айтылмауы емес, дұрыс айтылуы. Қазіргі қазақ тіліндегі **У** «дауыстысы» да осындай кереғарлықты қайталауда:

орфография бойынша -	орфоэпия бойынша -
ту + ыс	тұ + уыс
жу + ыс	жұ + уыс
бу + ыс	бұ + уыс

Ережелерге сүйенетін болсақ, бұл етістіктерге де етіс жұрнағы – **с** күйінде жалғануы тиіс ( ту – с, жу – с, бу – с ). Балабақшадан бастап, мектеп бітіргенше оқытылып келе жатқан дыбыстық жүйені өзгерте салу оңай жұмыс емес. Бірақ өзіміз айтқан ережелерімізді теріске шығармау үшін осы екі дыбысқа қатысты( И мен У) жасандылықты түсіндіргеніміз жөн деп ойлаймын. Оны түсіндірудің бір жолы – жоғарыдағы үлгілеріміз. Ал екінші жолы – буын түрлерін өткен тұста айқындалатын көріністер. Оқулық атаулының бәрінде **буынның ережесі** бірыңғай түсінікте беріледі. Ол – айтқан кездегі сөздердің толқынды бөлшегі. Яғни, буын айтуға байланысты ерекшелетінін бәрі мойындайды. Бірақ қалай айту керектігіне мән берілмей келе жатқан секілді. **Сөзде қанша дауысты болса, сонша буын болады** деген жаттанды ережемізді айтып аламыз да, **буын** деген сөздің өзін буынға дұрыс бөле

алмай келе жатқанымызды мойындамаймыз. Өйткені **бу** – **ын** қалпында бөлшектейміз де, айтылу ұстанымын жоққа шығарамыз. Жалпы буынның түрлеріне қатысты берілген тұжырымдарды негізсіз қалдырамыз. Дұрысын айтқанда, сөзді айтылуына қарай буынға бөлмей, буынына қарай айтып жүрміз. Мысалы: *су-ық, жу-ық, ки-ім, би-ыл, жи-ыр-ма* т.б. Сонда буын дегеніміз не? Буын дегеніміз - сөздердің ырғақты (ритмді) бөлшекпен айтылуы. Жоғарыда келтірілген мысалдарда (су-ық, жу-ық, ки-ім, би-ыл, жи-ыр-ма, бу-ын) осы ырғақ бұзылды. Бұларды ырғақпен айтатын болсақ: *сұ-уық, жұ-уық, кі-йім, бы-йыл, жы-йыр-ма, бұ-уын* түрінде, яғни дұрыс күйінде болады. Профессор Айтбай Айғабылұлының *...буынның түрлерінің... сөз басында, ортасында, соңында келуі дегенге онша көңіл аудармай, тек дыбыстық құрамына қарай тану басым болып келеді* деген ескертуі маңыздылығын осы тұста шыңдай түседі (1). Буынның дәстүрлі үш түрінің (ашық, тұйық, бітеу) сөз құрамындағы қалыпты орындарын бұрмалауды мектеп қабырғасынан бастағанымыз (бұрмалап оқыту), әрине, өкінішті-ақ. Оқулықтарда анық көрсетілген жалаң ашық буын сөздің басында ғана келеді (2), тұйық буын сөздердің басында кездесіп отырады (3) делінген пікірлермен санасуды қойғандаймыз. Әйтпесе, мектеп бітірушілерге арналған арнайы оқу құралдарында төмендегідей тапсырма берілмес еді:

№6 нұсқа, 21-тапсырма. Қай сөздің 4-ші буыны тұйық буын?

- А. Тарихи жерлерді аралау өте керемет.
- В. Мен әдебиет сабағын жақсы көремін.
- С. Таудан төменге қарай құлдилады.
- Д. Ақырын басып үйге жақындады.
- Е. Оның ағасы жау тылында қаза тапты.

№7 нұсқа, 4-тапсырма. Қай сөз тасымалданады?

- А. екі
- В. бір
- С. ашық
- Д. буын
- Е. сөз

16-тапсырма. Тасымалдауға болмайтын сөзді табыңыз?

- А. қиыр
- В. суық
- С. бейім
- Д. қия
- Е. жиһан

№8 нұсқа, 1-тапсырма. Қай сөзде тасымалданбайтын буын бар?

- А. әулие
- В. жәрмеңке
- С. бәтеңке
- Д. шемішке
- Е. күртеше

(Қазақ тілі: ҰБТ-ға дайындық оқулық-тест. Алматы, Шың - кітап, 2013).

«Дұрыс» жауаптарының астын сызып көрсеттік. Тұйық буынды төртінші буынға дейін апарып, жалаң ашық буынды үшінші буынға қойған оқытушының орфоэпия заңдылығынан хабары барлығына күмәнданбасқа амалың жоқ. Тіпті тасымалдың өзінде дауысты дыбыстан басталатын буынның екінші жаққа апарылмайтыны да ашық айтылған ғой. Мәселенің бәрі И мен У – дың дауысты дыбыстар қатарына кіргізілуінен болса, сол екеуін дауысты қылмайтын мысалдар да жеткілікті емес пе?! Теріс тұжырымды оқушының санасына сыналап бергеннен ұтарымыз шамалы. Ғылым саласында *буынның алмасуы, буынның жылысуы* деген ұғымдардың бар екенін білеміз. Оны қосымшалардың дауыстыдан басталуы мен қатар келген екі дауыстының алғашқысының айтылмауымен дәлелдейміз. Бұдан ерекше ғылымға тән жаңылық іздемегеніміз жөн. Оны орфоэпия заңдылығына апарып телігеніміз - әлдеқайда жеңілірек. Қазақ тілінде сөздің ортасы мен соңында жалаң ашық буын мен тұйық буын айтылмайтын болғандықтан, осы буын тұлғасындағы қосымшалар не екі дыбысты ашық, не бітеу буынның құрамына кіріп айтылады. Мысалы: тол +ы = то-лы, бар +ым=ба-рым, жай +ыл = жа - йыл. Бұл жерде дыбысқа емес, буын ырғағының үйлесімділігіне назар аударғанымыз орынды. Енді қосымшасыз-ақ, біріккен сөздер мен тіркестердің ара жігіндегі буын өзгерісін байқайық. Жалаң ашық немесе тұйық буын айтылмайтындықтан, буын ықшамдалады. Жалаң ашық буын екі дыбыстан тұратын ашық буынға, ал тұйық буын бітеу буынға айналады:

**біріккен сөздер:**

Са-ры-ар-қа – Са-**рар**-қа

Са-ры -ө-зек – Са-**рө**-зек

**тіркес үлгісіндегі сөздер:**

са-ры ал-тын - са-**рал**-тын

ба-сы а-шық - ба-**са**-шық

Көріп отырғанымыздай, сөзге жалаң ашық буын мен тұйық буын немесе осы буындар үлгісіндегі қосымшалар жалғанғанда ғана *буын алмасу* үдерісі жүреді. Ал екі дыбысты ашық немесе бітеу буын және осы үлгідегі қосымшалар жалғанғанда сөз құрамында *буын алмасу* құбылысы болмайды. Өйткені

бұл буындар мен осы үлгідегі қосымшалар сөздің басында, ортасында, соңында еркін айтыла береді.

Әрине, қаншама жылдар оқытылып келе жатқан, оқулықта бекітіліп берілген ережелерді лезде өзгерту керек деген ұсыныс жасаудан аулақпыз. Ұсынымыз - оқушымызға ненің дұрыс, ненің жасанды екенін түсіндіре оқыту керектігін оқытушының ар-ожданына жүктеу. Әйтпесе, *бін-биік, жып-жсинақы, сұп-суық, құп-қу* шырайларындағы *бін, жып, сұп, құп* күшейткіш буындарының қайдан шыққанын дұрыс оқытқан оқушының білмеуі мүмкін емес. Дұрыс оқытқан оқушының жоғарыда берілген тест тапсырмалары үлгісінің дұрыс емес екендігіне көзі толық жетеді. Емле ережесінің дыбыстық жүйеге негізделетінін, ал дыбыстық жүйінің күре тамыры орфоэпиямызда жатқанын естен шығармағанымыз абзал. Біздің мақсатымыз - оқушымызға емле ережесідегі шынайылықтың кастерлілігін пайымдату.

#### Әдебиеттер:

- 1 Айғабылов А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. Алматы, 2006, 272-б.
- 2 Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. Алма-ата, 1982, 282-б.
- 3 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Алма-ата, 1975, 305-б.

#### Основа правил правописания - правильность звуковой системы

Главная цель этой статьи – открыто показать, что правильность орфографических правил основывается на устойчивости законов орфоэпии.

**Ключевые слова:** орфография, орфоэпия, открытый слог, полужакрытый слог, закрытый слог, созвучие слогов.

#### Basis of spelling is Sound Rightness of System

The main purpose of this article is the openly show that warranty of competently writing is the right decision of orthography rules are based on the stability of laws of orthoepy.

**Key words:** orfografia, orfoepia, you steam frank, deadlock steam, steam stopping up, a sound is consonance.

## ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада қазақ және орыс тілдерінде кимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы әр түрлі қатынасты білдіріп, морфологиялық тәсіл арқылы жасалатын етістік категориясы – етіс зерттелінген.

**Түйін сөздер:** етіс категориясы, зерттеу, морфологиялық тәсіл, етіс түрлері.

Кеңес өкіметіне дейінгі кезеңде жазылған алғашқы түркологиялық еңбектерде етіс қосымшалары етістік құрамында қаралады. Алтай тілі грамматикасында етіс «вид» терминімен аталып, төрт түрге бөліп көрсетіледі. А.Қалыбаева осы еңбектегі етіс қосымшаларының қарастырылуына байланысты мынадай баға береді: «Ортақ, өздік, ырықсыз, өзгелік деп бөліп, оларды жеке-жеке сөз етіп, қысқаша анықтама беріп, аффикстерін көрсете кетуі – «Грамматиканың» құндылық жағы еді» /1. 180-б./.

В.Г.Архангельский, П.М.Мелиоранский еңбектерінде етіс «залог» терминімен аталған. В.Г.Архангельский салт және сабақты етіс деген түрлерін қосып, етістің жеті түрін атап көрсеткен.

А.Байтұрсынов *-қыла, -стыр, -ыңқыра* жұрнақтарын етіс қосымшаларының қатарына қосқан /2. 446-б./.

Қ.Жұбанов: «Етіс дегеніміз мағына жағынан істеуші мен істелушінің арасында қандай қатынас барын көрсететін категория», - деп етістің жеті түрін көрсетеді. Олар: *өздік етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, салт етіс, сабақты етіс, өсіңкі етіс (-ыңқыра, -іңкіре)*. Ғалым етісті етістіктің түп

негізі мен болымсыздық түрлеуішінің арасына сыйыса алатын үстеулер деп атайды /3/.

Жоғарыдағы пайымдаулар көрсеткендей, алғашқы грамматикалардан бастап, 30-жылдарға дейінгі еңбектерде етіс жалпы етістік құрамында қаралып, түрліше бөлініп келді. 40-жылдары жазылған түркологиялық еңбектерде: Н.П.Дыренкова «Ойрот тілі грамматикасында» етістің үш түрін көрсетсе, «Шор тілінің грамматикасында», «Хакас тілінің грамматикасында» төртке бөлінеді. Н.А.Баскаков, И.А.Батманов, Н.К.Дмитриев төртке, А.Н.Кононов, Ф.Г.Исхаков, А.А.Пальмбах, т.б. беске топтастырады.

Қазақ тілі оқулықтарында да етіс, негізінен, беске бөлініп көрсетіліп келді. Мысалы, А.Ерғалауов етіс аффикстерінің мағыналары, морфологиялық белгілері мен сөйлемдегі қызметіне қарай етісті негізгі, өздік, ырықсыз, өзгелік, ортақ деп беске бөледі. Ал етіс түрлеріне байланысты қазақ тіл білімінде Ы.Маманов пен С.Исаевтың пікірі өзара үндес. Олардың тұжырымдауынша, *негізгі етіс* деп аталатын етіс түрінің етістік түбірі деген ұғымнан, мейлі негізгі түбір, мейлі туынды түбір, мейлі күрделі түбір болсын не семантикалық жағынан, не формалық жағынан, не синтаксистік қызметі жағынан, басқа сөздермен қарым-қатынасы жағынан ешбір айырмашылығы жоқ. Етістік түбірі деген тұлға ол категорияның бір түрі бола алмайды, сол категория түрлеріне негіз ғана болады. Сондықтан *негізгі етіс* деген етіс категориясының түрі жоқ. Осы ғылыми тұжырымнан кейін соңғы грамматикалық еңбектерде *негізгі етіс* деп аталған етіс түрі етіс парадигмасында көрсетілмей жүр.

Етіс категориясы 50-жылдардан бастап арнайы зерттеу нысанына алынып, ғылыми негізде қарастырыла бастады. Оған Н.А.Баскаковтың «Залогі каракалпакского языка» (1951), А.Қалыбаеваның «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» (1951), өзбек тілінің етістері жөнінде С.А.Фердаустың, түркімен тілінің етіс категориясы туралы Б.Чарыяровтың, башқұрт тілінің етістері жөнінде А.Х.Фатыховтың диссертацияларын атауға болады.

Етіс қосымшалары түркологияда үш түрлі бағытта зерттелгендігі байқалады. Ғалымдардың бір тобы етіс қосымшаларын сөз тудырушы қосымшалар қатарында қараса, енді бір тобы грамматикалық категория ретінде танып, форма тудырушы қосымшалар қатарына қосады. Келесі тобы етіс қосымшаларының бойында сөзжасамдық қасиет те, форма тудырушылық қасиет те бар, сондықтан олар осы екі функцияны да орындайтын қосымша деп пікір айтады.

Қазақ тіл білімінде етіс категориясын арнайы қарастырған А.Қалыбаева оларды сөз тудырушы қосымша деп анықтап, оған мынадай уәж айтады: «Етіс аффикстері негізгі және туынды түбір етістіктерге қосылып, оларды туынды түбір етістіктерге айналдырады. Етіс аффикстілер етістік тобына енетін басқа бүкіл түбір етістіктер сияқты екінші жақ, жекешеді тұрып, бұйрық рай, келер шақ мағыналарын береді. Болымды, болымсыз формада түрлене алады. Етіс аффикстері басқа түбір немесе туынды етістіктер сияқты ретіне қарай түбір тұлғада да немесе белгілі шақ, жақ, рай категорияларында тұрып есімше және көсемше, т.б. тұлғаларда қолданылады. Етіс аффикстері өздері қосылған етістіктің субъекті мен объектіге қатысын көрсетумен бірге ол түбірге үстеме немесе мүлдем жаңа мағына беріп, қазақ тілінің сөздік құрамы ғана емес, негізгі сөздік қорына да енетін туынды түбір етістіктер жасайды /1/. Ғалым етіс категориясына қысқаша шолу түрінде берген мақаласында қазіргі қазақ тіліндегі етіс категориясын сөйлемде атқаратын қызметі мен беретін мағынасына сай тұлғалық ерекшелігі бар қалыптасқан грамматикалық категория деп санайды. Сабақты және салт етістіктерден етіс категориясының ерекшелігі тек тұлғалануында ғана емес, сөйлем мүшелерінің тұлғалары мен мағыналарын да түрлендіретіндігін айта келе, етістіктің сабақты және салт болып бөлінуі мен етіс категориясы екеуі екі мәселе деп қарайды /4/.

Етіс қосымшаларын түркологияда форма тудырушы деп анықтаушылар саны өте көп. А.М.Щербак, Б.А.Оразбаева, Ф.А.Ғаниев т.б. атауға болады.

Қазақ тіл білімінде етісті Бі.Маманов грамматикалық категория ретінде қарап, етіс формаларын форма тудырушы қосымшалар қатарына қосады. «Туынды түбір етістік пен етіс формалары бір емес, бұлар екеуі – екі категория. Жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір етістіктер (ойна, ойла, қанық, көн) түбір сөз дәрежесінде ғана қолданылады, оның жұрнақтары үстеме грамматикалық мағына білдірмейді, тек бір типтес сөздер тобын жасайды» /5, 156-б./.

Сонымен етіс қосымшалары сөз тудырушы болып та, форма тудырушы болып та анықталған. Бұл қосымшалар семантикалық сипаты жағынан сөзжасам қосымшаларына жақын болғандықтан осындай екі жақты пікір қалыптасқан деуге болады.

С.Исаев Бі.Мамановтың форма тудырушы қосымшалар грамматикалық абстракция жасау, яғни, сөзді талғамай жалғану шартын ұстанып, «етіс тұлғаларының тіліміздегі етістік атаулының бәріне я белгілі бір тобына (ырықсыз және өздік етіс қосымшалары тек сабақты етістіктерге жалғануы) жалғана алуы, сөйтіп барып грамматикалық абстракция жасай алуы, өнімділік-өнімсіздік, құнарлылық-құнарсыздық сипатының болмауы, соның арқасында қосымшалары жалғанған жердің бәрінде жаңа сөз тудыру қатарын құрай алмауы етіс қосымшаларын сөзжасам қосымшаларының қатарына қосуға болмайтындығын көрсетеді. Ал кейбір етістіктердің құрамында келіп, жаңа туынды түбір, демек негізгі түбірден өзгеше жаңа лексикалық мағына білдіруі тек қана етіс қосымшаларының жалғану нәтижесі емес, одан гөрі семантикалық үдерістің басым болуы, яғни, ішкі мағына дамуының нәтижесі деп қараған жөн»,- деген пікір айтады /6, 785-б./.

Кейбір ғалымдар етіс қосымшаларының жоғарыда көрсетілген екі функциясын да жоққа шығармаған. Мәселен, А.А.Юлдашев етіс тұлғаларының сөзжасам мен форма тудыруға қатысын жеке-жеке алып қарастырып, түркі тілінің тарихи салыстырмалы грамматикасында етіс қосымшаларын екі жақты қызметіне сүйеніп «жартылай функционалды» деп анықтайды /7, 195-б./.

Э.В.Севортян етіс қосымшаларын тарихи тұрғыдан сөзжасамдық жұрнақ болған, кейін етістіктік форма тудырушы қосымшаларға айналған деп көрсетеді /8, 643-б./.

Сөйтіп, жоғарыдағы ғалымдар пікірінен етіс қосымшаларының анықталу сипаты бірізді емес екендігін байқаймыз. Етіс қосымшалары туралы даулы пікір әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Етіс қосымшаларының жалғану мүмкіндігі жоғары қосымшалардың қатарынан орын алады. Етіс жұрнақтарының сөзге жалғану жиілігіне 10 томдық түсіндірме сөздік бойынша статистикалық зерттеу жүргізген С.Мырзабеков «сөздіктегі етіс формаларының саны 22 мыңнан асып кетеді. Бұл сөздіктегі барлық сөздің 33 пайызына тең» деп көрсетеді /9, 242-б./.

Демек, етіс қосымшаларының сөзге жалғану мүмкіндігі мол, олар Бі.Маманов көрсеткендей, грамматикалық абстракция жасай алады.

Етіс қосымшаларының сөзжасам мен формажасамға қатысын зерттеген А.Жаңабекова етістердің жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере келе, «етіс қосымшалары барлық кезде сөз тудыру қатарын құрай бермейді, тек объектілік-субъектілік қатынасты білдіріп, грамматикалық категория құрай алады. Екіншіден, етіс қосымшалары белгілі бір етістік тобына түгелдей жалғанып, грамматикалық абстракция жасайды. Ал оның кейбір сөздердің құрамында келіп, лексикалық дербестікке жетуі етіс қосымшаларының сөзжасамдық қабілетінің емес, сөзжасамның семантикалық тәсілінің, яғни, мағына дамуының нәтижесі деп қараған жөн»,- деп Бі.Маманов, С.Исаев пікірлерімен орайлас тұжырым жасайды /10, 170-б./.

Сонымен, сөзжасам қосымшаларына қойылатын ең бірінші талап – жалғанған сөздің лексикалық мағынасын өзгертіп, жаңа мағына жасау болса, етіс қосымшалары өзі жалғанған етістік негізінің лексикалық мағынасын түпкілікті өзгертпейді, іс-әрекеттің объекті мен субъектіге қатынасын білдіреді.

Сөзжасам қосымшалары сөзді талғап жалғанады деген екінші өлшем тұрғысынан алғанда, етіс қосымшалары етістіктің барлығына не бір тобына түгелдей жалғанып, грамматикалық абстракция жасайды. Бұл олардың сөзжасам қосымшаларынан гөрі форма тудырушыларға қойылатын талаптарға жауап беретінін көрсетеді.



### Әдебиеттер:

- 1 Хасенова А. Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер. Алма-ата, 1959. 180-б.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, «Ана тілі», 1992. 446-б.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1999.
- 4 Қалыбаева А. Қазіргі қазақ тіліндегі етіс категориясы // ҚР ҰҒА Хабарлары. Лингвистикалық серия. Алма-ата, 1950. №82, 6-шығуы.
- 5 Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алма-ата, «Мектеп», 1966. 156-б.
- 6 Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, 2002. 785-б.
- 7 Юлдашев А.А. Система словообразования и спряжения глагола в башкирском языке. М.: Изд-во АН СССР, 1958. 195-с.
- 8 Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. М.: Изд-во вост. Лит., 1962. 643-с.
- 9 Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің құрылымына статистико-лингвистикалық талдау. КД, 1973. 242-б.
- 10 Жаңабекова А.Ә. Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері. Канд. дисс. Алматы, 2001. 170-б.

### Исследование категории залог

В статье рассматривается глагольная категория залог, выражающая отношения действия к субъекту (производителю действия) и объекту действия (предмету, над которым действие производится).

**Ключевые слова:** категория залог, исследование, морфологический способ, виды залога.

### Research of category is a mortgage

In this article a verbal category is examined is a mortgage, expressing attitudes of action to ward subject and object.

**Key words:** category is a mortgage, research, morphological method, types of mortgage.

ӘОЖ 82.0:01

Ұ.ЖОЛШЫБЕКОВА,  
№16 лицей-мектеп,  
Қарағанды облысы,  
Шахтинск қаласы

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Мақалада болашақ ұрпағымыздың бойына имандылық пен ұлттық қасиеттерді, мәдениетіміз бен әдет-ғұрыптарымызды, тіліміз бен ділімізді сіңіріп, өсіру мәселесі қарастырылған.

**Түйін сөздер:** ұлттық құндылық, болашақ ұрпақ, тәрбие, педагогика.

Бүгінгі күнде әлемдегі барлық елдер мен мемлекеттер жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделіп, жаңа кезеңге аяғын нық басып келеді. Батыс өркениетінен бастау алған жаһандану барысы – халықтардың байырғы ұлттық сипатының жоғалуына түрткі болар бірден-бір себепші дүние. Күнделікті өмірдегі барлық салада құлашын кең жайып, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай тез дамып, экономика, саясат, идеология, мәдениет, білім, ақпарат, технология және т.б. салаларда қызу қарқынмен жүріп жатыр. Әлемдік өркениеттің осылай дамуы заңдылық десек те, әлемдік жаһандану дәуірінде ізгілік, кісілік, адамгершілік, имандылық, бауырмалдылық, отаншылдық, ұлтжандылық сияқты тағы басқа да ұлттық құндылықтарды сақтап қалу айтарлықтай маңызды. «Қытайлықтар ұлы қытай қорғанымен, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - деген екен ұлы кемеңгер жазушы М.О.Әуезов. Бүгінгі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік менталитетін, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуға тырысуда. Бізді де осы үрдістен алып

шығатын ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыз және білімді ұрпақ. Сол себептен жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстанар бағытымыз – ұлттық құндылықтар болуы қажет. Біз интернет жүйесімен, жаңа озық технологиямен, тіпті ғарышты игерумен ғаламды таң қалдыра алмаймыз. Санаулы жылдардан кейін барлық жағдай әлемдік стандартқа сай болады. Сонда басқа елден немен ерекшеленеміз? Әрине, ұлттық мәдениетімізбен, әдет-ғұрыптарымызбен, тіліміз, ділімізбен ғана ерекшеленеміз. Келе жатқан ғаламдану кезеңінде ұлы жазушымыз атап айтқан ұлттық құндылықтарымыз бен бай тілімізді келер ұрпаққа жеткізу – күн тәртібінен түспес өзекті мәселе болып қалуы керек.

Қазақ халқының қалыптасу, даму тарихын зерттеп, зерделесек, көне дәуірден бері қазақ қоғамы өзінің дәстүрлі рухани құндылықтарын сақтап қалуға аса мән беріп келген. Жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін жетік білетін, адамзаттық мәдениеті жоғары, адами қасиеті мол, терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Оқушылар бойына ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық қасиеттерді қалыптастыру мен құрметтеуге, сақтауға, әлемдік ғалымдардың еңбектерін іздеп, әуре-сарсаңға түспей, өзіміздің төл мұраларымызбен ұрпағымызды тәрбиелей білсек, жетістікке жетеріміз сөзсіз. Халық ауыз әдебиетінен сусындаған бала жасынан ертегі, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, аңыз әңгіме, шешендік сөздер мен батырлар жырлары, жыраулар шығармаларын оқып, жаттап, маңызды да құнды тұнығына қанып өсіп, еліне, жеріне, халқына, адамзатқа деген сүйіспеншілігі арта отырып, ұлтжанды, намысқой, арлы азамат боп қалыптасады. Халық ауыз әдебиетімен сусындатқан соң, өзіміздің алаш азаматтарының еңбектерін терең меңгертсек, тәрбиелі азамат қалыптасады. «Педагогика» еңбегін жазып, өз заманында бәрінен биік тұрған педагог Мағжан Жұмабаевтың мұрасын зерделеп, қажетімізге жаратсақ, ұтарымыздың мол болары сөзсіз. Мағжан ағамыздың мұралары арқылы оқушының мәдениетін, білімін кеңейтіп, ақыл мен парасаттылығы жетілген, жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті келешек ұрпақ алдындағы парызбен ұштастыра білетін ұлтжанды саналы

азамат тәрбиелей алатынымыз даусыз. Себебі, поэзияның озық үлгісін көрсетіп кеткен ақиық ақынның әрбір шығармасы тұнып тұрған ұлттық құндылыққа толы дүниелер. «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп Абай ағамыз айтқандай, артында өлмес мұра қалдырған Мағжан ақынның әрбір өлең жолдарынан рухани және ұлттық құндылықтар «мен мұңдалап» анық көрініп тұрады. Мағжанның шығармаларын оқып, көңілімізге тоқи білсек, жүрегімізге орнықтырсақ, оқушыларымызды ақын өлеңін сүйеге баули білсек, алаштың ардақты азаматының аманатына адалдық танытқанымыз болар еді. Ешқандай философиялық қағиданы іздеп, том-том шет елдік ғалымдардың еңбектерін ақтармай-ақ, ақын өлеңдерінің астарын аңғарсақ, көктен іздегенімізді жерден табар едік. Ақиық ақынның әрбір өлеңдерін оқыған сайын «Адам бол, еңбек ет, еліңді, жеріңді сақтай біл, алға ұмтыл, рухани қасиеттерді бойыңа дарыта біл» деген сөздері құлағыңда жаңғырып тұрады.

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін!- деп өмір бойы «алаш» ұранын көтеріп өткен Мағжан ақын үшін болашақ ұрпақтың орны бөлек. Өзінің өлеңінде ол жас жеткіншектерге үлкен үмітпен қарайды. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек пен сүйкімді мінезді, туған жерге деген шексіз махаббатты көреді. Соған мақтанады. Шабыттана жырлайды. «Мен жастарға сенемін!» деп асқақтай сөйлейді. «Болар елдің баласы бірін бірі батыр дейді»- деп, атам қазақ айтқандай, жастарға зор рух беріп, болашаққа сеніммен қарауға үйретеді. Ақынды қазақ ақындарының ішіндегі шолпан жұлдызы десек, артық айтқандық емес. Ақынның алғашқы өлеңдерінен бастап, соңғы демі үзілгенге дейін туған халқының, күллі түркі жұртының, шығыс мәдениетінің, жалпы адамзаттың тағдыры толғандырғанына куә болдық. Кең байтақ даламызда еркін өскен ақын елінің өткен тарихын құлағына құйып өскендігін, жастайынан-ақ өршіл рухты бойына сіңіре білгенін көреміз. Тәлім-тәрбие берудің басты саласының бірі – ұлтжандылық, халқы үшін адал қызмет ету деп білді.

Ұлтжандылықтың, елін сүюдің ғажайып күш екендігін терең сезінген ақын өз шығармаларына осы тақырыпты үнемі арқау етті, көп көңіл бөліп, халықты елі үшін жанын пайда етуге, жастарды елжандылық рухта тәрбиелеуге баса көңіл бөлді. «От» деген өлеңінде:

«Шынында да менің өзім де от  
Қысылған қара көзім де от.  
Мен оттанмын, от – менен,  
Жалынмын мен жанамын,  
Оттан туған баламын»- деп жырлайды. [1]

Ақын атамыздың «от» деп отырғаны- халықтың ұлттық рухы. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге, өз өркениетімізді күллі әлемге танытуға болатынын айтып отыр.

«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?  
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?»

Көкте – бұлт, жерде желмін гулеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?»- деп басталатын «Мен кім?» өлеңінде ақынның дәл өлеңдегідей өзінің де айбатты да қайратты, адал да қайсар екенін көреміз. Тек өзін ғана емес, барлық қазақ халқын «көктегі күшке, түпсіз теңізге, қызуы мол жалынға, жүйрік тұлпарға» теңеп тұрған сияқты. Патшадай қаһарлы, қазыдай әділ, бидей шешен халыққа қарсы тұрар күш жоқ екеніне тәнті боламыз.

Өмірге құштарлық, айналасындағы адамдарға, туған табиғатқа, жер-анаға ғашықтық туралы ойлар – Мағжан өлеңдерінің басты сипаттарының бірі. Ақын нені жырласа да ерекше махаббатпен, шынайы жүрекпен жырлайды. Сол себепті де оның өлеңдері сырлы, сазды, көркем. «Сүйемін» атты өлеңін ақын қартайған анасына, күнделікті тұрмыстың жетегінде жүрген қарапайым жарына деген сезімін суреттеуден бастайды. Өлеңде өмірдің жүрекке жылы, көзге таныс суреті бар. Ана да, жар да әркімге қымбат екенін есіңе қайта салғандай. Дүниедегі теңдесі жоқ жандар-халқы, анасы, жары, ешқандай теңеуге келмейтін қымбат дүниелер:

Ақын:

Алаш деген елім бар.

Неге екенін білмеймін,

Сол елімді сүйемін – деп, өзінің туған елі мен жеріне деген перзенттік сүйспеншілігін жайып салады.

Ақын өлеңдерін оқи отырып, халықты сүй, халық үшін еңбек ет, ел-жұртқа қорған бол деушілік қазіргі күнде ескірген сөздер емес, қайта мағыналы, мәнді сөздер екеніне көз жеткізе түсесің.

Жас ұрпаққа алаш азаматтарының ұлттық құндылыққа толы мұраларымен тәлім-тәрбие беру арқылы ғана біз өзіміздің ұлттық тарихи бітім-болмысымызды, өзге жұртқа ұқсамайтын ұлттық ерекшелігімізді, ой-санамызды, ойлау машығымыз бен дүниетанымымызды қорғап қалып, жаһандану үдерісіне бейімделе аламыз.

#### Әдебиеттер:

1. Ж.Бектұров. Ақиқаты осы еді. Алматы, «Ғылым», 1995, 67-б.
2. Ж.Жұмабаев. Көп томдық шығармалар жинағы. I том. Алматы, «Жазушы», 2008, 12-167-беттер.
3. Ш.М.Елеуқенов. Ж.Жұмабаев өмірі мен шығармагерлігі. Алматы, «Рауан», 1993, 118-б.
4. Н.Ә.Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы, «Атамұра», 2003, 153-б.

#### Национальные ценности в произведениях Магжана Жумабаева

Статья рассматривает проблемы роста будущего поколения усваивания национальных ценностей.

**Ключевые слова:** национальная ценность, будущее поколение, воспитание, педагогика.

#### National values are in works of Magzhan of Zhumabaev

The article examines the problems of future generation and mastering of national values.

**Key words:** national value, future, generation, education, pedagogics.

## М.ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БЕЙНЕСІН ТАНЫТУ

Мақала М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына арналады, ондағы жазушының кейіпкерлердің образдарын ашудағы көркемдік шеберлігі, шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымы сөз болады.

**Түйін сөздер:** қазақ әйелі, роман-эпопея, бейне, көркемдік шеберлік.

Тарихты көркем әдебиетте бейнелеудің әлем әдебиетіндегі тамаша үлгілерін еске ала отырып, біздегі, яғни, қазақ әдебиетіндегі бірегей үлгі ретінде ұлы жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын айта аламыз. XX ғасыр басындағы қазақ халқының өмірінің шындығы мен оның азаттық, теңдік жолындағы күресін кең бейнелеген, қазақ әдебиетіндегі күрделі эпикалық шығарма есебінде бұл роман-эпопея әдебиет тарихында зор жетістік ретінде бағаланды. «Абай жолы» – қазақ өмірінің айнасы, үлкен бір энциклопедиясы, тұтас бір дәуірді жан-жақты толық бейнелеп берген, мазмұн-мағынасы, көркемдік бітімі, сипат-ерекшелігі жағынан да үздік шығарма. Мұғалім міндеті- шығармадағы кейіпкерлер әлемінің қыр-сырына шәкірттер назарын аударту.

Айталық, роман-эпопеяда қазақ әйелдерінің әр түрлі бейнелері бар. Мысалы, Ұлжан, Зере, Тоғжан, Әйгерім, Салтанат, Салиқа, Ділдә, Мәкен, Мағрипа, Керімбала, Балбала, Үмітей, т.б. Осылардың бәріне де автор даралап,

жекелеп образ берген. «Портрет жасау әдісін алсаңыз, онда да оның әрқайсысына жеке түсті бояулар қолданғанын әркім-ақ аңғарады. Образдың әрекетінде жасалатын тұлғаға дейін пішін жасалады, яғни, жазушының берген суреттемесінен оқушы образдың сол әрекетті жасайтынын аңғарып қалады», – деп қаламгердің образ жасау шеберлігіне ғалым Ә.Байтанаев жоғары баға береді [1, 113]. Мұны мына мысалдардан анық аңғарамыз: «Шылдыраған шолпысы әлдеқандай былдыраған тілмен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөркі, білек толған неше білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың бір көрмеген сәні сияқты», «Нұрғаным ірі кесек денелі, нұр жүзді, бет бітімі бөлек, үлкен қара көздерінде аса бір қайратты ашудың және естіліктің оты болатын», «Әйгерім... әлі де айықпаған ұяң сыпайылықпен... реңіне шұғыл толқын кірді, үлбіреген бала жастық аса бір ысылған, қымсынған белгісі», «Самай шашы бұл күнде аппақ болған Ұлжан бұрынғысынша етті болса да, қазір кәрілікке жеңгізгендей, сарғыш тартқан». Бұл үзінділерден М.Әуезовтің шебер суреткерлік қолтаңбасын байқаймыз. Шығармадағы көңіл аударатын кейіпкер – Тоғжан бейнесі шынайы махаббаттың, қазақ қыздарының ғажайып үлгісі ретінде нанымды суреттелген. Абай Тоғжанмен кездесуі мен сырласуын бүкіл саналы ғұмырының мағыналы сәті, бақыты деп санайды. Абай мен Тоғжанның ішкі сезімі мен толғаныстары барынша шынайы суреттелген. Романда бір-бірін жүрек қалауымен ұнатқан екі жастың қосылуына ешқандай мүмкіндік болмады. Олардың бас еркін өздеріне билетпей, танымайтын, білмейтін жат адамдармен атастырған әке әмірі жүріп тұрған кез. Тағдырдың жазуынан, әкенің әмірінен асар дәрмен жоқ. Өзімен терезесі тең Алшынбайдай құда тапқанына Құнанбай риза. Әке-шешесі Абайдан ықтияр, таңдау сұрамай, қақпалап апарып Ділдәға қосады. Тоғжан Абайдың тұрмыс-дәулетіне қызыққан қыз емес, оның ақыл-парасатына, биік адамдық тұлғасына бас иген. Адал

жүрегін ұсынған. Мәңгілік жүрегіне жазылмас жара салған Абай – Тоғжан өмірінде қайталанбас, орны бөлек адам. Екі жүрек егіздік тапқан, бірін-бірі іштей танып, тіл қатқан. Біржолға келмесе кеткен Тоғжанын күн өткен сайын сағынады. Ата заңымен ұзатылып кеткен, бақыты басқа біреуге бұйырған, басқа құшақтағы Тоғжанның жүрегі де Абайын іздеп қан жылайды. Бұлқынып шығар дәрмен жоқ. Жүрекке түскен сары уайым оның жанын да жегідей жеп жатыр. Тоғжан үшін Абайсыз өмір – қуыс дүние, өлі тіршілік. Еріксіз ұзатылып бара жатқанда, «өзіне оң сапар тілеген жоқ», өлім тілеп кетті. Яғни, бұдан түйер ой - жүрек қалауымен қосылмаған пендеге өмір өліммен тең екендігін көрсетеді.

Романда Абай мен Әйгерім арасындағы махаббат та өте бір әдемі нәзіктікпен, табиғилықпен суреттелген. Әйгерімінен Тоғжанын тапқан Абай өзінің жуандығын бұлдап, тізе көрсетіп оны еріксіз алмақ емес, Әйгерімге сөз салуға Жиреншені жіберіп жатқанда, Абай осыны қатты ескертеді. «Бір нәрседен қатты сақ бол. Бар-барымша айтатыным сол. Қайсысы көнсе де, Құнанбай баласы еді, елге істейтін тізесі көп жуан ауыл еді, бермесем әлегі бола ма, кесірі тие ме деген ойды ойлай көрмесін. Ата айдынымен, ауыл атағымен алар болсам, онда қыз алған, жар алған болмаспын, қорлық алған болармын» – дейді [2,317].

Абай мен Әйгерімді қосқан екеуінің бойындағы өнерге деген үлкен құрмет, өнерді жанымен түсініп, сезінетіндіктері де болар. Тоғжанын жоғалтып, көңілі құлазып жүрген кезінде, кездейсоқ жағдайда әдемі, әсем әнімен Абайды ұйқысынан оятқан, өмір сүруіне деген үлкен құлшыныс әкелген Әйгерім Абайдың бойындағы көпке дари бермейтін ұлы қасиеттерін, өнерге деген ыстық ықыласын, оған үлкен жанаршырлықпен қарайтынын түсініп, бағалай білді.

Әйгерімін Абай да қадірлей білді. Әйгерім үшін әнсіз өмір жоқ. Әйгерімнің салған әні Абайға қуаныш әкелді, жанын жадыратты. Оқушыларда осы тұрғыдағы мәліметтер үлкен әсер қалдырары анық.

«Абай жолында» ән өнеріне, ән айтылатын, жастардың басын қосатын, ғашықтарды табыстыратын халқымыздың түрлі ойын-сауық кештеріне, той-думандарға баса назар аударады. Жазушы адам өміріне ән мен жырдың қаншалықты қатысы барлығын Абай басынан өткен барлық жағдай оның ішінде Абай – Тоғжан, Абай - Әйгерім және маңындағы жастар Әмір мен Үмітей, Оралбай мен Керімбала арасындағы қарым-қатынастарды сөз еткенде тереңірек тоқталады. Бұлардың ғашықтығының трагедиялық салдары – халықтық дәстүрдің өзгермес заңына қарсылық нәтижесі. Шығармадағы Мәкен – Дәрмен, Қуандық, Салтанат, Салиха мәселелері де аталған жағдайлармен тамырлас. Бұл секілді мәселелер шәкірттерге ой салады.

Бүгінгі күні әдеби үдерісте ерекше көкейкесті деген мәселелердің бірсыпырасы осымен, адамның өзін-өзі танып, білуге деген талпынысының терең сипат алуымен тығыз байланысты. Адамның өз ішіне бойлауы, өз жанының иірімдері бұрылыс бұлтарыстарындағы құпиясын ашуға, оны тануға, көркейтуге деген саналы құштарлығы неғұрлым күшейе түскен сайын оның белсенділігі де соғұрлым ұштала түсуде. Осы ретте суреткерлердің адамның жан дүниесіне тереңдеп баруы, түрлі сезімдік, ақыл-ой толғаныстарына талдау жасауы, соның бәрінде адамгершілік, тазалық пен тиянақтылықтың бірінші орынға қойылуы, біздің қоғамымыздың өз даму сатысы талабынан, рухани және материалдық талабынан туып отырғаны даусыз. Мұндай жайттар оқыту әдістемесінде де ескерілуі тиіс.

Сондықтан М.Әуезов шығармаларына талдау жасағанда, олардың идеялық бағытының ерекшелігімен қатар, ұлттық, халықтық сипат белгілеріне де назар аударылады. Мәселен, Тоғжанмен арадағы бақытты шақ, Тоғжанды жоғалтудың ауырлығы, Әйгеріммен табысу, бұл табысудың налага ауысуы – бәрі бір-бірімен қарама-қарсы мәндегі оқиғалар. Табиғи ортада да Абай осындай қым-қиғаш өмірді бастан өткереді. Аңшылық пен пәк табиғатты тамашалау, оның ләззаты, одан ауыр, тым жабырқау күйге ауысуы – бұлар да контрастық қатынаста

алынған. Мұғалім, жазушының кейіпкер психологиясын ашуда ішкі және сыртқы әрекеттер мен қоршаған табиғат, әлеуметтік орта құбылыстарын керемет жарасымдылықпен аастастырып, тұтастырып жібергенін танытуы тиіс. Сонда шәкірті кейіпкердің санасындағы ішкі монолог пен диалог та, оның іс-әрекеті мен сыртқы түр-қалпы да, табиғат құбылыстары мен әлеуметтік алғышарттар – бәрі де астасып келіп, басты бір мақсатқа, кейіпкер характерін әр қырынан ашуға қызмет ететінін байқайды. Сабак барысында осындай жайттар мұғалім жадында болғаны жөн.

#### Әдебиеттер:

- 1 Байтанаев Ә. Шын шеберлік. Алма-ата, «Жазушы», 1969.
- 2 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Алматы, «Жазушы», 1989. I т.
- 3 Майтанов Б. М.Әуезов – суреткер. Алматы, Сорос Қазақстан қоры, 1996.

#### Образ казахской женщины в романе-эпопее М.Ауэзова «Путь Абая»

Статья посвящена роману-эпопее Мухтара Ауэзова «Путь Абая». В ней рассматриваются идейная проблематика, художественное мастерство писателя в раскрытии образов героев, сюжетно-композиционное построение произведения.

**Ключевые слова:** казахская женщина, роман-эпопея, образ, художественное мастерство.

#### Character of the Kazakh woman in the novel-epic of M.Auezov «Way of Abai»

This article is devoted epic novel of Mukhtar Auezov “The way of Abai”, it examines the ideological perspective, the artistic skills of the writer in the disclosure of images of heroes, plot and compositional structure of the work.

**Key words:** Kazakh woman, novel-epic, character, artistic mastery.

Қ.АБДЫҚАЙМОВ,  
Қалжат орта мектебі,  
Алматы облысы,  
Ұйғыр ауданы.

## АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДІНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СИПАТ

Аристотельден бастау алған ақыли (рационал) шындық және Құран мен Хадистерде көрсетілген діни, нақыли шындық бар. Егер байыпты түрде терең барласа, бұл екі шындық өзара үйлеседі, бір-біріне қайшы келмейді, қайта толықтыра түседі. Осыдан барып нағыз шынайы ғылым пайда болады.

Абай ақыли ғылымды ұстанғандарды хакім, ал нақыли ғылымды місе тұтқандарды ғалым деп атаған. Өзінің әйгілі отыз сегізінші сөзінде Абай бұл туралы былай жазған: „Хакім, ғылым – асылда бір сөз, бірақ ғарафта (таным, білімде) басқалар – дүр. Дүниеде ғылым заһири (сыртқы ғылым) бар, олар айтылмыштарды нақлия деп те айтады, бұл нақлияға жүйріктер ғалым атанады. ...Олай болғанда хикіммет құдаға, пенде өзі ақылы жетерлік қадірін ғана білсем деген әрбір ісінің себебін іздеушілерге себептерін білмекке тырысқандары... әрбір нәрсенің себебін таппақпен ләззаттанады...”.

Абай дүние тануда, дін тануда ақыли ғылымды алдыңғы шепке қояды: „Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім – ғалым. Ғалымдардың нақлиясы бірлән мұсылман имам тақлиды (еліктеу) кәсіп қылады. Хакімдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини (шын иман) болады”.

Әбунасыр Әл-Фараби өзінің „Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жөніндегі трактатында” ғылым мен философияны меңгеру үшін қажет болатын тоғыз шарттың бірі ретінде бір Алланы танып, білуді қойып, былай дейді: „Ол мақсат – жаратқан иені тану, ол өзі – ауыспайтын, өзгермейтін жалғыз нәрсе. Бүкіл дүниені, барлыққа, болмысқа келтірген жаратушы. Жомарттылығымен, хикметімен, әділетімен осы ғаламға тәртіп беруші Алла тағаланы тану. Барлық философ ғалымдардың істеген еңбектері – өздерінің шама-шарқынша сол жаратқанға ұқсап бағу”.

Бұл қағиданың Абайдың бүкіл діни, ғылыми-философиялық іс-әрекеттердің діңгегі, темірқазығы болғандығын байқау қиын емес. Мұның айқын дәлелі оның айтылмыш отыз сегізінші және осыған өзектес басқа шығармалары болып табылады. Бұларда ол бұл пікірді ұстартады, жаңғыртады, дамытады. Үзінділер келтірейік: „Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтың өзі де хақлық хәм адамдық дүр”, бірдейлік дағуасымен емес, соның соңында болмақ.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді Алладан, оның төрті  
Алланы танытуға сөзі айрылмас...

Күллі махлұқ өзгерер, Алла өзгермес,  
Әһли кітап бұл сөзді бекер демес,  
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен,  
Бос сөзбенен қастаспай түзу келмес.  
Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Абай мәселені діни сана ауқымында қарастырып, Алланың растығына айрықша көңіл бөлген.

Алла ісіне мойынсынып мұсылман болудың Абай айтқан шарты – адамға адамшылық жасау.

Алла ішімді айтқызбай біледі ойла,  
Пендесіне қастықпен кінә қойма  
Распенен таласпа мүмін болсаң  
Ойла айттым, адамдық атын жойма.

„Распенен таласпа” деп отырғаны – ақынның „Алла сөзіне күманданба” дегені, себебі Алла жолына түссең Адам атыңды жоймайсың дегені. Алла – шексіз, оны танымақ болсаң, өзіңді де шексіз дамыта бер, сонда адамдық атыңды жоймақ түгілі кәміл мұсылман болғандығың.

Абайдың айтуынша Алла өзінің әр пендесіне шамамен, мөлшермен ізгілік беруші. Бірақ Алла адамдарға осыларды беріп қана қоймай оны гүлдендіріп, оларды пайдаға асыру үшін мүмкіндігін берген. Осы мүмкіндіктерді жүзеге асыруда Алланың растығын мойындай отырып, кімнің соңына ермек? Ондай ертушілер үшеу: пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер. Пайғамбарларға, әулиелерге ергенде, мына дүние, Алла рақатың үшін жаратқан мол байлық – басқаға олжа боп кетпей ме?

Абай Алла тануда „Әмір” деген ұғымға мән берген. „Сен асыққан екен деп, Алла әмірін өзгертпес” дегенде ақын өмірде болмыс заңдылығын айтып отыр. Ал болмыс заңдылығын адамдарға танытушылар – хакімдер.

Кәміл мұсылмандарға хакімдер керек. Олар діни ұстаз болмаса да Мұхаммед пайғамбар(с.а.у.) айтқандай, „Адам жақсысы – адамға пайда әкелген адам.” Хакімдер қызметі осы бағытта.

Абай ұғымында Алланы дұрыстап танытатын – осы хакімдер. Күндердің күнінде хакімдер сөзі үстем болып,

олар билік жүргізсе, сол заман Алланы дұрыс тану заманы болмақ.

Абай „мұсылмандық”, „иман” деген ұғымдарға терең талдау жасаған. (13-сөз, 23-сөз) Құлшылықты жасаған адам „үш” нәрсені сүйі керек.

1) „Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті”, яғни, әңгіме Алла тағаланы сүю жайлы. Себебі ол сені барша мақұлық, жанды-жансыздың бәрінен артық қып, „махаббатпен жаратты” .

2) „Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп”. Бүкіл адам баласын тууы, дамуы, өсуі, өлуі бәрі бірдей, дініне, тіліне, түр-түсіне қарамай сүю керек.

3) Алланы, адамзатты сүю дәстүрінің хақ жолы әділеттілікті сүй дейді. Осы үш сүюді ақын „имани гүл” дей келе, ойын былайша өрбітеді:

Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,

Басты байла жолына малың түгел,- дейді. Осы үшеуін істесең, намаз оқы, ораза тұт, зекет бер. Ал бұларды түсінбесек бәрі бекер, ол дін болмайды. Оны ақын былайша айтады:

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,  
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.  
Бастапқы үшін бекітпей соңғы төртті  
Қылғанменен татымды бермес жеміс.

Барша ғұлама философтар тоқталған бір аса қиын мәселе – жан мен тән, фәни мен бақи жосығы. Әсіресе „Жан өле ме, жоқ әлде мәңгілік пе” деген сауал тікелей жауабын таба алмаған. Абайдың бұл мәселені аттап өте алмағаны табиғи нәрсе. Әбунасыр әл-Фарабидің бұл аса маңызды да қиын мәселе бойынша анық бір пікірді ұстамағаны байқалмайды. Көп жағдайда ол жан өлмейтіні жөніндегі пікірді ашық қуаттайды.

Абай бұл мәселені талқылауда, шешуге ұмтылысында Фараби пікіріне жақын келетін діни-философиялық пікірде болған. Мұны ол өзінің осы мәселе үшін арнайы жазылған дербес трактат деп атарлық „Өлсе өлер табиғат, адам өлмес” деген өлеңінде әдемі кестелеген:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп ойнап-күлмес.

«Мені» мен менікінің айрылғанын  
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес.  
Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
Өлді деуге сия ма айтындаршы,  
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған.  
Дүниеге дос ақыретке бірдей болмас,  
Екеуі тап бірдей орныға алмас.

Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздық  
Иманын түгел деуге аузым бармас.

Тағы бір өлеңінде Абай бұл төңіректегі ойларын ширықтырып ашып, нақтылай түседі:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,  
Мені мен менікінің мағынасы – екі.  
„Мен” өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
Менікі өлсе өлсін, оған бекі.

Шырақтар, ынталарың „менікінде”,  
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.  
Әділеттік, арлылық, махаббат пен  
Үй жолдасың қабірден ары өткенде.

Абай шығармашылығындағы діни-философиялық сипат әр адам санасына салмақ салады. Алланың жаратушы екенін мойындау адам ақылына тұғыр, ойына өріс береді.



## ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Мақалада қазақ тілінің пунктуациясы, оның негізгі қызметі, түрлері туралы айтылған. Әдеби шығармалардан мысалдар келтіріліп, дәлелденген.

**Түйін сөздер:** тыныс белгілері, пунктуация, негізгі қызметі, түрі, құрмалас сөйлем, грамматика.

Қазақ тілінің пунктуациясы – қазақ тыныс белгілері жөніндегі ережелердің жиынтығы. Ол – тыныс белгілерінің түрлерін және олардың әрқайсысының қызметін қарастырады. Қазақ пунктуациясы да орыс халқының пунктуациясы сияқты грамматикаға, мағынаға және интонацияға негізделеді, яғни, сөйлемнің грамматикалық құрылысына, мағынасына, интонациясына байланысты қойылады.

Қазақ пунктуациясының негізгі қызметі – тілдің ішкі заңдылықтарына сүйеніп, сөйлеуді (речь) сөйлемдерге, сөйлемдерді белгілі бір бөліктерге бөліп, ажыратып жазу және оларды дұрыс, мәнерлеп, нақышына келтіріп оқуға, сонымен бірге жазылған ойды я оның бөлшектерін дұрыс түсінуге мүмкіндік жасау. Қазақ тыныс белгілері осындай қызметті атқарып та келеді. Мәселен, нүкте сөйлеуді сөйлемдерге саралайды да, аяқталған жай немесе күрделі ойды білдіреді.

Тіліміздегі тыныс белгілері сан жағынан онша көп болмағанымен (он шақты ғана), мағыналары, қолданылатын орындары жағынан алуан түрлі болып келеді.

**Сөйлем соңында келетін тыныс белгілері.** Біршама аяқталған ойды білдіретін жай немесе құрмалас сөйлемдерден кейін олардың мағыналарына, айтылу саздарына қарай нүкте, сұрау және леп белгілерінің бірі қойылады. Осы себепке байланысты тыныс белгілерінің бұл үш түрі сөйлем соңында келетін белгілер деп аталады.

Сөйлем соңында келетін белгілердің әрқайсысы, негізгі екі түрлі мағынада, екі түрлі қызметте қолданылады: біріншісі – сөйлемнің аяқталғандығын білдіріп, оны басқа сөйлемдерден бөліп көрсету, екіншісі – сөйлемнің қандай мақсатта, қандай мағынада айтылғандығын байқату. Бұл екеуі – сөйлем соңында қолданылатын тыныс белгілерінің қай-қайсыларының да ең негізгі мағыналары мен қызметтері. Сондай-ақ, олардың әрқайсысының кейде сөйлем ішінде тұрып та атқаратын қосымша қызметтері мен қосымша мағыналары болады.

Қолданылу орнына қарай тыныс белгілері екіге бөлінеді:

1. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері.
2. Сөйлем соңында келетін тыныс белгілері.

**1. Нүкте.** Нүкте, біріншіден, сөйлемнің аяқталғандығын білдіріп, оны басқа сөйлемдерден бөліп тұрса, екіншіден, ол сөйлемнің хабарлы сөйлем екендігін байқатады. Мысалы, *Жанат – осы үйдің ер жеткен жалғыз баласы. Ұлы да, қызы да, қадірлі қонағы да бір өзі. Шаршап шыққанға ұқсайды. Тіл қатпастан қарақат көзін анасына бір, Бейсенге бір төңкере салмақпен қарады да, үлкен бөлмеде ерсілі-қарсылы жүре берді. Айсыз ашық аспан. Жұлдыздар сайрап тұр. Тымырсық аяздағы тымық әуенін сіміре, Жақып күндегі әдетімен аулын аралап келеді.* (Ғ.Мұстафин). Бұл мысалда жай сөйлем де құрмалас сөйлем де бар. Олардың барлығы да хабарлау, баяндау, суреттеу түрінде айтылған. Бірақ нүкте әрдайым хабарлау, баяндау, суреттеу түрінде айтылған сөйлемдерден кейін ғана қойылып отырмайды, солармен қатар, ерекше екпінсіз айтылған бұйрықты сөйлемдерден, жауап алу үшін айтылмаған, бірақ сұраулық мәні бар сөйлемдерден

кейін де қойылады. Мысалы: *Қазір аттаныңдар да, күн батқанша қайтып оралыңдар. Малқардың келіні еркімен отыр ма, зорлықпен отыр ма оңашалап сұраңдар. Егер зорлықпен отырса, күйеуімен қосып, осында алып келіңдер.* (Ғ.Мұстафин).

Сөйлем соңында келетін тыныс белгілерінің қай-қайсылары болса да, сөйлемнің құрылысына қарай қойылмайтыны сияқты, нүкте қоюда да сөйлемнің құрылыс ерекшеліктері ескерілмейді, тек мағыналық жағы, айтылу сазы ескеріледі. Сондықтан нүктемен бөлінетін сөйлем құрылысы жағынан алуан түрлі (жалаң, жайылма, толымды, толымсыз, жай, құрмалас, т.б.) бола беруі мүмкін.

Жоғарыда ескерткеніміздей, сөйлемнің аяқталғандығының және оның мағыналық ерекшелігінің көрсеткіші – нүктенің ең негізгі қызметі. Бірақ осы негізгі қызметімен қатар, оның қосымша қызметі де бар. Олар мыналар:

а) Драмалық шығармаларда әркімнің сөзінің алдында сол сөздің иесі болып табылатын кейіпкердің аты-жөні келтіріледі де, олардан кейін әрдайым нүкте қойылады. Мысалы:

Ғаншин. *Алдындағы қашқын, артындағылары қуғыншылар, ә?*

Қадиша. *Қашқан екеу гой.*

Мұрат. *Қысқасы, бұл, тегі, сыртқы ел драмасының бір сахнасы гой өзі.* (М.Әуезов).

Драмалық шығармаларда оның кейбір жақтарын актерлерге түсіндіру мақсатымен автор тарапынан берілетін ремарка деп аталатын ескертпелер болады. Ондай ескертпелер кейіпкерлер аттарынан кейін тұруы да, оған берілген сөз ішінде тұруы да мүмкін. Егер ремарка кейіпкер атынан кейін берілсе, нүкте кейіпкер атынан кейін қойылмайды, жақшамен қоршалған ремаркадан кейін қойылады. Мысалы:

Мұрат *(бинокльмен қарап)*. *Тоқтай қал. Мынауың не қылған серуен?*

Қадиша *(о да қарап)*. *Артындағы шаңның молын байқаймысың?* (М.Әуезов).

Егер ремарка кейіпкер сөйлемдерінің арасында келсе, оның тыныс белгісі кейіпкер сөйлеміне байланыссыз, дербес болады да, ол жақшаның ішінде тұрады. Мысалы:

Мұрат. Е, Садық, сен бе едің? (Жарқынға.) Сенің атың кім?

Мұрат *(халыққа)*. *Не әзірліктерің бар, не айтасыңдар? (Үн жоқ.) Қарсысыңдар ма, әлде? (Үн жоқ.) Қарсы болсаңдар оларыңды айт.* (М.Әуезов).

Егер ремарка кейіпкердің бір сөйлемінің ішінде келсе, ол нүктемен бөлінбейді, тек жақшамен қоршалады. Мысалы:

Садық. Мен оған (Жарқын кеткен жаққа қарап) көрсетермін.

ә) Санай көрсетілген ой тәртібін, ой қатарын білдіру үшін қолданылатын пункттік цифрлардан, әріптерден кейін нүкте қойылады. Бірақ онда әр пункттің аяқталған сөйлемдер болып тұруы шарт. Мысалы: 1. Тізбектеліп бір ұғымды білдіретін бірнеше зат есімдер. 2. Тізбектеліп бір ұғымды білдіретін зат есім мен көмекші есім. 3. Күрделі сан есімдер. 4. Зат есім мен есімшенің тізбегі. 5. Заттық мағынадағы түрлі қос сөздер, т.б. («Қазақ тілі грамматикасы».)

б) Кейбір сөздердің шартты түрде қысқартылып жазылған графикалық белгілерінен кейін нүкте қойылады. Мысалы: Ж.Жабаев, А.Құнанбаев, Тург., Мұст., «Х. М.» журналы, т.б., с. С., т., ж.

Бұл мысалда Жамбыл, Абай, Тургенев, Мұстафин, «Халық мұғалімі», тағы басқа, тағы сол сияқты, тағы тағылар, жыл деген сөздер қысқартылып беріледі де, олардан кейін нүкте қойылып отырылған. Бірақ тіліміздегі қалыпты қысқарған сөздер мен қысқартылып алынған ұзындық, ауырлық және көлем өлшеулерінен кейін нүкте қойылмайды. Мысалы: МТС, совхоз, пединститут, КазПИ, 50 м, 20 кг, л, С.

**2. Сұрау белгісі.** Сұрау белгісі де негізгі екі түрлі мағынада, екі түрлі қызметтер қолданылады: біріншіден, сөйлемнің аяқталғандығын білдіріп, оны басқа сөйлемдерден

бөліп тұрады, екіншіден, сөйлемнің мағыналық жағынан сұраулы екендігін аңғартады. Мысалы:

– *Коммунизмді бүгін орнат демекпісің? Әлде мені сабаққа жаңа түскен бала деймісің? Бұдан он бес жыл бұрын кім сенің үйіңе ат басын бұрып еді? Ал бүгін бұрған екен, осынша көкуің не?* (Ғ.Мұстафин).

Нүкте сияқты, сұрау белгісі де сөйлемнің құрылысына қарай қойылмайды. Сондықтан сұрау белгісі қойылатын сөйлем толымды, толымсыз, жай я құрмалас, т.б. болып келе береді. Кейде сөйлем бірыңғай сұраулы ғана болмай, оның үстіне лепті мағынада болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда сұрау белгісіне қабаттаса леп белгісі де қойылады, яғни, екі түрлі белгі тіркесе қолданылады. Мысалы:

– Мұрның құрғыр пысылдаған, не іздеп кетті екен, ә?!

– Е, үйтіп жібермек пе едің?!

– Бетім-ау, өмірі екеуі шай деспей, келіп, бұнысы несі?!

Бұл мысалдағы сөйлемдердің ешқайсысы да таза, жалаң сұрау емес, сұрауға қосымша оларда реніш, кею, таңдану, ашу, кекету бар. Сондықтан мұндай сөйлемдерден кейін тек сұрау белгісін ғана қою жеткіліксіз.

Сұрау белгісінің жоғарыда аталған негізгі екі түрлі қызметімен қатар, кейбір қосымша қызметтері де бар. Жазушы біреудің еңбегінен келтірген цитаттың кейбір сөзінен кейін жақша ішіне сұрау белгісін қоятыны болады. Мұндай жағдайда сұрау белгісі автордың цитат иесінің сөзіне түсінбегенін, оның дұрыстығына күмәнданатынын немесе «мұнысы несі» дегенін білдіреді. Мысалы: *Екатерина Ивановна отыра қалып, рояльдің баспаларын қос қолдап басып-басып жіберді; онан кейін іле-шала (?) бар пәрменімен тағы басып жіберді.* (Т.Ахтанов). Цитат иесінің тіліміздегі іле-шала деген сөзді іле-шыға деп теріс қолдануының түсініксіздігін байқату және оның солай бұрмаланып қолдануының дұрыстығына өзінің күмәнданатындығын білдіру үшін, іле-шыға дегеннен кейін жақша ішіне сұрау белгісін қойған.

**3. Леп белгісі.** Леп белгісі лепті мағынада айтылған қуанышты, күйінішті, өкінішті, қорқынышты, өктем бұйрықты, тілекті, таңдануды, түңілуді, үндеуді, кекесінді, қарғысты сөйлемдерден кейін қойылады. Сөйлем соңында қойылатын басқа да тыныс белгілері сияқты, леп белгісі де негізгі екі түрлі мағынада, екі қызметте қолданылады. Оның бірінші мағынасы мен бірінші қызметі – сөйлемнің аяқталғандығын білдіріп, оны басқа сөйлемдерден бөліп тұрса, екінші мағынасы мен екінші қызметі – сөйлемнің лепті сөйлем екендігін білдіру. Мысалы: *Жеңіл барып, ауыр қайт! Жеңіліп барып, жеңіп қайт! Рақмет, достарым, айтқандарың келсін! Қазанқап Шәкенге қосып отряд әкелсе де, тобыңды жазба! Бермейміз! Тәукені! Не көрсек те, бір көреміз! Пай-пай, сенің дегбірсің-ай! Түсінсеңші! Шолпан, қайт! Түс, алдыма! Құдай берді қолға! Асықта басың қалғыр-ай, қаңсытты-ау! Ұстап қана берсеңдерші біреуің!* (Ғ.Мұстафин).

Леп белгісі қойылатын сөйлемдер құрылысы жағынан алуан түрлі болады: ол бірнеше жай сөйлемнен құралған құрмалас сөйлем болуы да, оқшауланып айтылған жеке бір қаратпа немесе одағай сөз болуы да мүмкін.

Леп белгісі лептікпен қатар азды-көпті сұраулық та мағынасы бар сөйлемдерде сұрау белгісімен қабаттаса да қолданылады.

Сұрау белгісі сияқты, леп белгісі де кейде төл сөздің кейбір сөзінен кейін жақша ішіне алынып қолданылатыны болады. Ондай леп белгілері автордың цитат иесінің сөзіне таңданатынын, оған өзінің қосылмайтынын немесе оқушының назарын аударғысы келетінін байқатады. Мысалы: *«Өзі аса ірі. Екі тізесі аттың екі құлағын қағып (!) келеді. Жалмұрат кірпігі жыпылықтап, бөксе жағы қыпылық қағып (!), жер шұқылап қалды. Балықшылар жарыла (!) күлді. Оның сөзіне Федоров та ылығып (!) қалған сияқты» - деп жазады Ә.Нүрпейісов.* («Жұлдыз» журналынан).

Сөйлем ішінде қолданылатын тыныс белгілерінің атқаратын негізгі қызметі – оқушыларға сөйлемнің құрамын, оның қандай бөлшектерден құралатындығын, ол бөлшектердің бір-бірімен мағыналық және синтаксистік қатынастарын байқату. Солай болғанмен, сөйлем ішінде қолданылатын тыныс белгілері түр-түрпаты жағынан да, мағыналары мен қызметі жағынан да алуан түрлі. Енді солардың әрқайсысына жеке тоқталайық:

**1. Үтір.** Үтір – тыныс белгілері ішіндегі қызметке ең бір бай белгі. Бұл жай сөйлемдерді бір-бірімен бөлу үшін де, сөйлемдегі сөздерді немесе сөз тіркестерін бір-бірінен бөліп тұру үшін де қолданылады. Үтірдің қолданылатын орындары мен атқаратын қызметтері төмендегідей:

а) Үтір құрамалас құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірінен бөліп көрсету үшін қолданылады. Мысалы: *Абай, Әбіштер келгенде, ауыр ойда отыр еді.* (М.Әуезов).

– *Күн бұрының жоқ демесең, ортаңа түспей кететін нем болушы еді менің, – деп, Боздақ биге қарап езу тартты да, Игілік өзінің ел аузына таратқысы келген сөзімен аяқтады.* (Ғ.Мүсірепов). *Рахимовтың Степнов пен Борисовтай сенімді көмеқшілері болғандықтан, олардың ісіне көп араласа қоймаушы едім.* (Б.Момышұлы). *Ушков Қарагандыдан Некрасовты алдырып, Бернер екеуімен ақылдасты да, Рязановқа алдын ала қайтарар жауабын айланып жалғыз қалды.* (Ғ.Мүсірепов)

ә) Үтір сөйлемнің бірыңғай мүшелерін бір-бірінен бөліп тұрады. Мысалы: *Аңға Байжан, Самарқан, Дәулет үшеуі ғана шықты. Эскаваторлар, комбайндар, грейдерлер аз күнде каналдың арнасы жүретін жерлерді жыртып тастады.* (С.Мұқанов).

б) Үтір қаратпа сөзді сөйлемнің басқа мүшелерінен бөліп тұрады. Мысалы:

*Арылма, өлең, арылма.*

*Домбырам, күйден жаңылма»* (Жамбыл).

*Таласпаңыз, Карл Карлович, қазақша Алма-ата емес, Алматы, Алмалы деген сөз.* (Ғ.Мүсірепов).

в) Үтір қыстырма сөзді сөйлемнің басқа мүшелерінен бөліп тұрады. Мысалы: *Жабайдың айтуыныңша, көп уақыттан бері бұл өзеннің аса бір мол тасуы екен.* (С.Мұқанов). *Бүгін де кешкі шайдан кейін, Ұлжанның қозғауы бойынша, кеше бітпей қалған әңгімесіне кірісті.* (М.Әуезов).

г) Үтір одағай сөзді сөйлемнің басқа мүшелерінен бөлу үшін қолданылады. Мысалы: *Ойбай, Шықаң мәселені қабырғасынан қойды ғой!* (Ғ.Мұстафин). *Е, ол белгілі ғой! Жә, әлгілер қайда кетті, жаным-ау?!* (Ғ.Мүсірепов).

д) Үтір сілтеу, мақұлдау, келіспеу мәнінде айтылатын кейбір оқшау сөздерден кейін қойылады. Мысалы: *Иә, айта беріңіз. Жоқ, мен сізге ештеме де айтпаймын. Қазір, міне, бүгінгі жүрісті өзі билеген Дәрмен Әбішті сол ауылдың үстінен байқаусызда түсірген кісі болды.* (М.Әуезов). *Әне, өздері де келе жатыр. Бәрекелді, болсаң, осындай бол! Кәне, енді жүрмейміз бе?* (Ғ.Мұстафин).

е) Үтір оңашаланған мүшені сөйлемнің басқа мүшелерінен бөліп тұру үшін қолданылады. Мысалы: *Абай соңғы күндерде, әсіресе осы соңғы түнде, өзіне бұрын дағдылы болмаған бір халде. Жақын жерде, көгелды бұлақ басында, жеті-сегіз үйлі ауыл отыр екен.* (М.Әуезов).

ж) Үтір хабарлы сөйлем түрінде айтылған төл сөзден кейін, автор сөзінің алдында қойылады. Мысалы: *«Таулы жер бұлақсыз, сулы жер құрақсыз болмас», –* дейді халық мақалы. Итбай толық денесін бұрып алып:

– *Мен сыны жоқ, сыпайылығы жоқ, құр абажадай бірдеңе бола ма екен деп те қорқып едім. Әзір жат көрініп тұрған жоқ сияқты екен, –* деді.

**2. Нүктелі үтір.** Нүктелі үтір – хабарлы сөйлемдерден кейін қойылатын нүкте мен үтірдің аралығындағы тыныс белгісі. Мұның мәні, нүктеден дәрежесі төменірек те, үтірден жоғарырақ. Бұл – аралары үтірмен бөлінген сөйлемнің күрделірек бөлшектері арасында да, мағыналары өзара

байланысты, ортақ немесе бірыңғай тұлғалы мүшесі (әсіресе баяндаушы) бар талдап, саналап, пункттеп баяндау түрінде айтылған тиянақты сөйлемдер арасында да қолданылады. Мысалы: *Колхоздың қырманьына баратын ұзақ жолдың үстінде, ай далада, жүк машинасының үстінде ұйықтап, соққан желге қарсы қарап отырып шырқатып ән салу; дәнінің салмағынан сабағы майысқан ұшы-қиыры жоқ қалың егіннің арасында жұмыс істеу; толқындай жайқалған ақ сұлының арасында маужыраған майда түнде армансыз әңгімелесіп, саңқылдап күлу; үйлердің төбесінде ұзақ түндерді кірпік қақпай өткізу оларға қатты ұнайтын еді.* (А.Фадеев).

Нүктелі үтір тек жай сөйлемдер арасында ғана емес, сонымен қатар мағыналары өзара жақын, ұласа айтылған құрмалас сөйлемдер арасына да қойылады. Мысалы: *Кімде-кім өзін сынаудан қорықса, оның әлсіздігі; кімде-кім өз мінін көре алмаса, оның саяздығы.* (Ә.Әбішев).

**3. Қос нүкте.** Қос нүкте мынадай орындарда қолданылады:

а) Соңғы жай сөйлемі алдыңғы жай сөйлемдегі пікірді талдап, саралап ашып түсіндіретін құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері арасына қойылады. Мысалы:

*Кісі Қызылорда елінің екі ісіне қайран қалады: бірі – кетпен шабу, бірі – егін ору.* (С.Мұқанов). *Қазір сайлаушылардың дені екі жерге жиналған: бір жиын Аман отырған көп ауылда, енді бір жиын Шәкен ауылында.* (Ғ.Мұстафин).

ә) Бірыңғай мүшелер алдында келген жалпылауыш сөзден кейін қойылады. Мысалы: *Мұстафаның оларға қолданған шаралары мыналар: байталдың төрт сирағы төрт жылқы, денесі бір жылқы, – барлығы бес жылқы.* (С.Мұқанов).

б) Төл сөзден бұрын келген автор сөзінен кейін қолданылады. Мысалы: *Шалабайдың бойынан табылған документ, құралдарға қарап отырып: – Қағаздағы аты жөніңіз басқа екен ғой? – деді Аман. – Аман, біздің ауылдың мөрін кім басқан?*

**4. Көп нүкте.** Көп нүкте пікірдің аяқталмағанын, әлдеқандай себептен сөйлемнің түсіп қалғандығын білдіреді.

Көп нүкте көркем шығармалардың кейіпкерлерінің сөздерінде жиі кездесіп отырады. Оларда, негізінде, сөйлеушінің қуанғаннан я қысылып ұялғаннан сөзі аузына түспей, сөз таба алмай мүдіргенін, сасқалақтағанын білдіру үшін, немесе сөз, сөйлем аралығында ұзақ кідіріс болғандығын білдіру үшін қойылады. Мысалы:

– *Тақсыр... қарағым... шырағым-ау... Арғы атам Арғынбайдың шаңырағына мініп келген... – дей бергенде Аман келді де, қолтықтап апарып скамейкаға отырғызды.* (Ғ.Мұстафин).

– *Ие, кітап... Ойдан шығару... Сырлау... Соны да мыжушылар бар-ау әлі! Маған тіпті бір алты қырдың астында тұрғандай-ау өзі... Қайда, қайда!? Қашан да қашан боп сырғып кетіпті-ау, сірә... Е, барса, барсын... өмір кітабы да жетеді...*

– *Әзірше бір жағына маман қазақ дайындау ниетіндеміз ғой. Сондықтан... – деп, жәткіріп ап, – он студентке стипендия... тағы төрт студентке стипендия... Дауласар, айтар сөз жоқ.*

Сонда да Қасен:

*Біз кадр... кадр... Өлкелік мекеме... жауапты қызметкер! – дей беріп еді, келгендер қараған жоқ.* (М.Әуезов).

Кейіпкерлердің сөзінде кездесетін, бірақ жазуға ерсі, дөрекі, тұрпайы сөздер жазылмай, оның орнына көп нүкте қойылады.

Көп нүкте саяси, ғылыми әдебиеттерде, көбінесе, цитаталарда кездеседі. Цитата келтіруші цитата иесін сөздерін, сөйлемдерін толық алмай, қысқарту, ықшамдау мақсатымен кейбір сөздерін түсіріп калдырған орындарға көп нүкте қойылады.

**5) Сызықша.** Үтір сияқты сызықша да мағынаға, қызметіне орасан бай тыныс белгісі. Мұның мағынасы мен функциясы үтірден де көп. Сызықша сөйлеудің белгілі бір бөлшектерін басқа бөлшектерден бөлу үшін де, жақындастыру, қосу үшін де, сөздердің арасындағы

мағыналық, синтаксистік қатынастарды айқындау үшін де қолданылады. Мұндай қызметте қолданылғанда, сызықша кейде қосарлы, кейде дара болып келе береді.

а) Сызықша бастауыш пен баяндауыш мүшелер арасына қойылады. Бұл орында ол бұл екі мүше арасында азды-көпті кідіріс барын білдіріп, ол екеуін сөйлемнің басқа мүшелерімен шатастырмауға, бұл екеуінен құралған сөйлемді оған ұқсас сөздер тіркесімен шатастырмауға жәрдемдеседі. Мысалы: *Адам – ардақты ат. Астық – халық дәулеті.*

ә) Өзінің алдындағы сөздің немесе сөздер тіркесінің мағыналарын айқындау, саралап ашып көрсету үшін қолданылатын оңашаланған айқындауышты бөлу үшін қойылады.

Мұндай орында ол қосарлы түрде қолданылады.

**6. Тырнақша.** Тырнақшаның қойылуы кідіріске, интонацияға немесе сөйлеудің құрылыс ерекшеліктеріне байланысты болмайды. Сондықтан ол шын мәнісіндегі тыныстық белгі де емес. Тырнақшаның мағынасы да, қызметі де алуан түрлі, ол бір жағдайда тырнақшаға қоршалған сөздің я сөйлемнің бөгде біреудікі екенін білдірсе, екінші бір жағдайда тырнақшаның ішіндегі сөздің, сөздер тіркесінің өзінің тура мағынасында қолданылмай тұрғандығын, болмаса бірдеңелердің шартты аталуы екендігін білдіреді.

**7. Жақша.** Сөйлеммен тікелей байланысы жоқ, оның мүшелерімен грамматикалық қатынаста тұрмайтын, жазушының айтқанын айқындай түсу үшін қолданатын кейбір ескертпе сөздер мен сөйлемдер жақшаға алынады.

Жоғарыда келтірілген бұл ережелер М.Балақаев пен Т.Қордабаевтың негізінде көрсетілсе, енді Р.Сыздықованың ережесі бойынша келтірейік:

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша.

Бастауыш зат есімнен немесе заттанған басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда,

бастауыштан кейін сызықша қойылады: Тіл – қоғамдық құбылыс.

Баяндауыштың алдында не артында ғана, ғой, т.б. сияқты шылаулар тұрса, сызықша қойыла береді: Қаланың қасында көз толатын табиғат – шалқар көл ғана (С.Мұқанов).

Бастауыш I, II жақтық жекеше не көпше тұлғадағы есімдіктен, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген есімдердің біреуінен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Мен – тауда ойнаған қарт марал (Махамбет). Біз – қырғауыл, сіз – тұйғын (Абай), т.б.

Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылады: Үш жердегі үш – тоғыз. Екі бесіміз – он.

Бастауыш ол, бұл, мынау, сонау, анау деген сілтеу есімдіктерінен жасалып, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім немесе зат есім мағынасындағы басқа сөз табы болғанда, сілтеу есімдіктерінен кейін сызықша қойылады: Бұл – адам көз сүйегі, - деді ханға (Абай).

Ол, бұл деген сілтеу есімдіктерінен болған бастауыштар өзінен кейінгі сөздің анықтауышына ұқсап, шатасып кететін жағдайда, бастауышы қай сөз табынан жасалса да, одан кейін сызықша қойылады: Мұндай бастауыштары бар сөйлем өзінің алдындағы сөйлемдермен логикалық байланысты болады, сондықтан олар контекстке қарай ажыратылады: Тілдің қай-қайсысында болсын сөз мағынасы көбіне метафора арқылы ауысады. Сөйтіп, бұл – сөз мағыналарының ауысу тәсілдерінің ішіндегі метафораның айрықша орын алатындығын көрсетеді. (К.Аханов).

Ескертулер. Бұл ережені орынсыз қолдана беруге болмайды. Анықтауыш деп танылып кететін қауіп жоқ жерде ол, бұл деген есімдіктерден жасалған бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: *Ол біздің үйге келді.*

Бастауыш – у жұрнақты етістіктен не ол араласқан тіркестен жасалса, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен немесе – у жұрнақты етістіктен және керісінше болғанда,

бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Елдің шетін күзету – ең ардақты правоң.* (Жамбыл).

Бастауыш – ған (-ген, -қан, -кен) жұрнағымен жасалған есімшеден (не есімше аралас тіркестен) болса, баяндауыш не зат есім, не есімше, не есімдіктен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Бұған таяу отырған – Ыбырайдың Ысқағы* (М.Әуезов).

Бастауыш зат есімнен не сілтеу есімдігінен, баяндауыш есімшеден болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылмайды. Өйткені мұнда есімше өзінің етістік қызметінде қолданылады: *Мектеп үйі жаңадан салынған. Сол екі жігіт Абайды таңдандырған.*

Ал баяндауыш болып тұрған есімше зат есім мағынасында қолданылған болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Осы кездік – саған тартқаным (соңғы есімше тұлға «тартқан сыйым» деген мағынада қолданылып тұр). *Енді осы – тоқтатқаны* (Ғ.Мүсірепов).

Бастауыш бірі, біреуі, біріншісі, екіншісі, алдыңғысы, соңғысы деген заттанған сан есім, сын есімдерден және көбі деген сөзден, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен не -у жұрнақты етістіктен (және керісінше) болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Жаяу Мұса – Біржан бастаған Арқадағы әншілер тобының көрнектілерінің бірі.* (М.Әуезов).

Бастауыш болып тұрған сөз баяндауыштың құрамында қайталап, бастауышқа жалғасып тұрса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Физикалық денелерден құралған заттар сол қалтында: шыны-шыны қалтында (қалады), парафин-парафин қалтында (қалады), мыс-мыс қалтында қалады («Химия оқулығы»).*

Қорыта келгенде тыныс белгілерінің қолданылу мен қызметтерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай келе, қолданылу орны мен функцияларына сәйкес тыныс белгілерін төмендегідей санаттарға бөлеміз:

1) сөйлем соңын ажыратушы белгілер: нүкте, сұрау және леп белгілері, көп нүкте;

2) сөйлем ортасындағы ажыратушы белгілер: үтір, нүктелі үтір, сызықша, қос нүкте;

3) сөйлем ортасында қосарлана қолданылатын белгілер: жақша, екі сызық және үтір; тырнақша;

4) мәтіндегі бөлуші белгілер: жақша, тырнақша;

5) сөйлем/мәтін басындағы белгілер: көп нүктелер;

6) бөліп көрсетілген белгілер: сөйлемдегі - қос нүкте, сөйлем және мәтіндегі – жақша.

Сөйлемге тән ажыратушы белгілерге нүкте, сұрау белгісі және леп белгісі қатысты. Нақтырақ айтсақ, сөйлем соңының ең негізгі белгісі нүкте болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1 Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Алматы, 1995. 310-312-б.

2 Күдерина К. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы, 2006. 3-б.

3 Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем пунктуациясының негіздері. Алма-ата, 1959.107-б.

4 Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. Алма-ата, 1977. 47- 48б-б.

5 Фирсов Г.П. Об изучении синтаксиса и пунктуации в школе. М., 1961.14-б.

6 Еңсебаева К. Мәтін және мәтін теориясының кейбір мәселелері. Тілтаным. 2005 №4, 40-б.

7 Лингвистический энциклопедический словарь. М-Л., 1990. 40-б.

8 Тіл білімі сөздігі. Жалпы ред. басқарған Сүлейменова Э. Алматы, «Ғылым», 1998. 304-305-б.

9 Плотников Б.А. Семиотика текста: Параграфемика: Учебное пособие. Минск, 1992. 39-б.

10 Солнцев В.М. Язык и письмо (Вместо предисловия) // Амирова Т.А. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. М., 1985. 6-б.

11 Анисимова Е. Паралингвистика и текст (К проблеме креолизованных и гибридных текстов) // Вопросы языкознания. 1992. №1.

12 Амирова Т.А. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. М., 1985.17-б.

13 Әміров Р.С. Қазақ лингвистикасы және лингводи-дактика мәселелері. Алматы, 2006. 5-б.

14 Гаспаров Б.М. Устная речь как семиотический объект/ Лингвистическая семантика и семиотика 1. Ученые записки Тартуского гос. ун-та, вып. 442, Тарту, 1978. 27-б.

15 Оныншы еңбектің он бірінші бетін қараңыз.

16 Земская Е.А. Русская разговорная речь: лингвистический анализ и проблемы обучения. М., 1987.

17 Земская Е.А., Ширяев Е.Н. Русская разговорная речь: итоги и перспективы исследования // Русистика сегодня. Язык: система и ее функционирование. М.: Наука, 1988.

18 Гаспаров Б.М. Устная речь как семантический объект// Семантика номинации и семантика устной речи. 1978. С.103

19 Буева Л.П. Общение // Философский энциклопедический словарь/ Под. Ред. Ильичева Л.Ф., Федосеева П.Н., Ковалева С.М., Панова В.Г. М., 1983. С.447.

#### **Виды и функции знаков препинания**

В статье говорится об основных функциях и видах пунктуации казахского языка. Приведены примеры и доказаны из литературных источников.

**Ключевые слова:** знаки препинания, пунктуация, основные функции, виды, сложносочиненные предложения, грамматика.

#### **Kinds and functions of punctuation marks**

In the article talked about basic functions and types of punctuation of Kazakh. Examples are made and well-proven from literary sources.

**Key words:** punctuation, marks, basic, functions, kinds, compound, sentences, grammar.

ӘОЖ 801.73

Қ.НАРЫНБЕКОВА,  
Академик О.А.Жәутіков атындағы  
№1 қазақ орта мектебі  
Қарағанды облысы,  
Қарқаралы қаласы

## **САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫ ЖЫЛДАМ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨНДЕЙ АЛУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақалада сандық технология негізінде оқушылардың тақырыпты жылдам табу, қабылдау және өңдей алу дағдыларын қалыптастыру туралы айтылған. Блум таксономиясының алты деңгейі бойынша тапсырмалар көрсетілген.

**Түйін сөздер:** сандық технология, танымдық тапсырмалар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Инсерт стратегиясы, Блум таксономиясы.

Қазіргі уақытта еліміздің білім кеңістігінде болып жатқан реформалар Қазақстанның болашақ мектебінің мазмұны мен білім беру бағдарламаларын жаңа деңгейге көтеруге бағытталғандығын білеміз. Осы жаңа деңгейдің бірден -бір негізі – жаңа форматтағы оқу. Біз жиырма бірінші ғасыр ұстаздары сабақтарда жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып, заман талабына сай білім беруіміз қажет.

Мен мектептегі іс-тәжірибемде сандық технология негізінде оқушылардың тақырыпты жылдам табу, қабылдау және өңдей алу дағдыларын қалыптастыруға көп көңіл бөлудемін. Бұл модуль білімді бағалау және пайдалану жүйесін үнемі өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған орай әдіс-тәсілдер жаңартылып отырады. АКТ оқушыларды танымдық және метатанымдық тапсырмаларды орындауға қатыстыруға ынталандыра алатындығының дәлелдері жеткілікті. Дегенмен, бұл



ынталандыру барлық пәндер бойынша үлгерімді жақсартуға әкелмеуі мүмкін. Бүгінгі таңда АКТ дүниежүзінде көптеген ұстаздардың қызметінде қолданысқа еніп кетті. Сандық технология негізінде оқушылардың қабылдауын, түсінуін жеңілдету тақырыбында оқыту барысын түсіндіру мақсатында және қоғамдастық желілік құру мақсатында жұмысымды үнемі жоспарлап отырамын. АКТ-ны қолданған кезде теориялық және тәжірибелік білімдердің біртұтастылығын ойланып қолдануға үйрендім. Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отыратындығын, сол себепті қазіргі мұғалімнің де жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы болу керектігін ескердім.

Сондықтан, АКТ-ны пайдаланғаннан нәтиже болуы үшін мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды есепке ала отырып, өздерінің педагогикалық білімдерін дамытуға тиіс және мұғалімдердің осы технологияны пайдаланудағы құзыреттілігі мен сенімділік деңгейімен үйлесуі керек. Теориялық және тәжірибелік білімдер өзара тығыз байланыста болуы қажет екендігін түсіне отырып, АКТ-ны өз сабақ жоспарыма енгізген кезде теориялық және тәжірибелік білімдерді ойланып қолданамын. Пән мазмұнын жан жақты білу мұғалімнің біліктілігіне, білім алушылардың оқу нәтижесінің жақсаруына кепілдік бермейді. Мұғалімге өз білімімен қатар оқу мен оқыту үдерістері, тәжірибесі мен әдістері туралы терең білімділік қажет. Оқыту үдерістері, тәжірибесі мен әдістері білім кешені болып табылады. Сабақта АКТ-ны қолдану сәтті болып табылуы үшін білім кешені және сабақты басқару, сабақты жоспарлау, өткізу, оқушыны бағалау сияқты мұғалімнің педагогикалық білімдері шебер ұйымдастырылуы қажет.

Мұғалім оқытудың қосалқы құралдарын, бейне желілік материалдарды, сандық бұқаралық ақпарат құралдарын жеткілікті дәрежеде білуі және соны қолдануды дағдыға айналдыруы қажет. Сандық технологияны, компьютерлік ақпараттық құралдарды біліп, мәтіндерді теріп және түзетіп, электронды кестелер құра білуі қажет.

«Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді»- деп ұлы ұстаз Әл-Фараби айтқандай, озық технологияларды игеру үшін ізденуге, білімденуге ұмтылу – басты мұратым деп есептеймін. Өз әріптестеріммен кеңесіп АКТ-ны топтық жұмыста, жұптық жұмыста қолданудың маңызын талқылай отырып, орта мерзімді жоспарды кестеге түсірдім. Керекті деректер мен оқулықтарды пайдалана отырып, орта мерзімді жоспарымды толықтырдым.

- АКТ-ны қолдану сабағын жоспарлау;
- Тиімді тәсілді таңдау;
- Түсінуін, қабылдауын жеңілдетуге талпыну;
- Сыныптағы сандық сауаттылықты нығайту;
- Сабақ жоспарын Блум таксономиясына салу;
- Іс-әрекеттер жоспарын әзірлеу.

Осы сызбада көрсетілген жұмыстарды ескере отыра, ең бірінші, сегізінші сыныптағы – «Ислам дәуірі әдебиеті тақырыбына» сабақ жоспарын құрдым. Сабағымда сандық технология мүмкіндігін мейлінше қолдануға тырыстым.

Балаларды топқа бөлдім.

Топқа оқушылар «Шаттық шеңберінде» тұрып, бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіріп болғаннан кейін, үш топқа бөліну үшін 1, 2, 3-ке саналып, үш топқа жинақталады. Бұл сабағымда оқушыларды топқа бөлінуге дағдыландыруды әдетке айналдырдым.

Әр сабағымда АЛТЫН ЕРЕЖЕ ұғымымен таныстырып, бұл ереженің сабақ барысындағы тәртіпке байланысты құрастырылатындығын және оны оқушылар сабақта тәртіп сақталмай бара жатқанда өздері плакатқа жазатындықтарын айтып отырамын. Оқушыларым тақтаға өздеріне ой туған уақытта барып жазуға дағдыланды.

Ұй тапсырмасын тексеру барысында топтық жұмыста постер қорғаттым. Тапсырманы кеспе карта арқылы ашық сұрақ қою жолымен жүргіздім.

1-топқа: Қобыз аспабы Қорқыт ата үшін не себепті маңызды деп есептейсіз?

2-топқа: Қорқыт туралы аңыздар саған қандай ой салды?

3-топқа: Қорқыт атаның дүниеге келуі туралы не ойлайсыз?

Әр топ бағалау өлшемдері мен сипаттауыш арқылы бағаланатындығы ескертілді.

1-кесте

Өлшем	Сипаттауыш	Ұпай
Қорқыт ата туралы мазмұндау.	Қорқыт ата туралы біледі,	1
	шығармашылығын айтады	2
Қорқыт атаның нақыл сөздерін талдайды	талдайды	1
	салыстырады	2
	жинақтайды	3

Бұл бағалау кестесі бойынша топ басшылары оқушыларды бағалады. Оқушылар үшін бұл бағалау жүйесі жаңалық болды.

Топқа үш түрлі ашық сұраққа жауап беруге 5 минут уақыт берілді. Осы уақытта олар сұрақты талдап талқылады. Топ мүшелерін тағы да 1-ден 3-ке дейін санатып, жаңадан қайта топ құрып, ЖИГСО әдісін пайдаландым. Әр оқушының өз тобында талдағанын басқа оқушылармен талдауына тапсырма бердім. Бұл әдіс те оқушылар үшін таңсық еді. Олар топпен жұмысқа қызыға кірісті. 3-минут талдағаннан кейін әр оқушы өз орнына қайта келді. Басқа топта алған мәліметтерін ортаға салып, тапсырманың жауабын толықтырып орындап шықты.

Келесі тапсырма: «Ислам дәуірі әдебиеті туралы мәтінмен танысу». Осы мәтіннен алған білімдерін INSERT стратегиясын пайдалана отырып, АКТ-ны қолданып, компьютерде кестесін құрды, толықтырды. Сол Ислам дәуірі әдебиеті туралы түйген ойларын кестеге орналастыра білді, интербелсенді тактада әр топтан бір оқушы сол кестені қорғады.

АКТ-ның бір тиімділігі, ғаламторды шебер пайдалансаң, керекті дерекінді тез тауып алуға болатынын және ол деректің

суретін, бейнежазбасын ала-алатынын оқушыларға түсіндірдім.

Тағы бір ерекшелігі – суреттер айқын әрі үлкейтуге, кішірейтуге болады.

Әр топ Ислам дәуірі әдебиеті өкілдерінің суреттері жөнінде не ойлайтындығын топтастыру стратегиясын пайдалана отырып жинақтады. Сурет Жүсіп Баласағұнидікі.

1-топ жауабы: - Бұл кісінің көп оқығандығын байқадық, қабағы қатқыл, көп ойланады, киімді талғаммен киеді.

XII ғ. өмір сүрді деп ойлаймыз. Осы жауаптан кейін дұрыс жауабы интербелсенді тактада көрсетілді. Оқушылар тактадағы дұрыс жауапты қызыға отырып өз жауаптарымен салыстырды. АКТ-ның пайдасын бұл жерден де айқын көре алдым, себебі тактаға плакат ілмейміз жауап жинақы, әдемі, эстетикалық талапқа сай жазылады. Осы ретпен үш топтың тапсырмасы тексерілді. Мен АКТ-ны қолдану арқылы оқушылардың сабақты қабылдауы мен түсінуін жеңілдетуге болатындығын сабақ барысында байқадым. Өзім де сандық сауаттылығымды арттыруым керектігін түсіндім. Әр істің басталатын уақыты болады демекші, менде сандық технологиямен жұмыс істеуге тырыстым.

Келесі тапсырма бойынша компьютерде терген әрі дайындаған тестілерін тексеріп болғаннан кейін, оқушылар социогарма жасады. Бұндағы мақсатым топпен жұмыс барысындағы оқушылардың бір-бірімен ынтымақтастығын бақылау болды. Білім алушыларым социогарма толтыру барысында көптеген дүниені ой елегінен өткізді деп ойладым. Себебі, өзім де социогарма толтыру кезінде дәл сондай сезімде болдым. Әр топтан бір оқушыға оқыттым. Ойланып жауап бергендерін түсіндім.

Кері байланыс жасап оқушыларымның өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі керектігін түсіндім, сол себепті оқушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс жүргізуі қажет екендігін айттым. Бұл әрекет олардан түсінушілікті, қызығушылықты талап етті. Осы негізде кері байланыс жүргізілсе, оқыту үшін

өте маңызды екендігін зерделей білдім. Кері байланыс кезінде оқушыларымның жазбалары әр деңгейде болды, бұл кері байланыстың оқушыны ойландыруға үлкен әсері бар екендігін байқатады.

Блум таксономиясының бағалау деңгейінде ислам дәуірі әдебиетінің өкілдеріне ауызша хат жазды.

Іс-тәжірибеге өзгерістер енгізе отырып, балаларды оқыту жөнінде дәлелдемелер жинай отырып, оқыту мен оқуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланып, бағдарламаның жеті модулін кіріктіріп, Блум таксономиясының алты деңгейі бойынша тапсырмаларды орындай отырып, оқыту мен оқуды тиімді ұйымдастыра білсек, ойлау қабілеттері жоғары деңгейге дейін дамыған, өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатын тұлғаны қалыптастыра аламыз.

#### **Әдебиеттер:**

1 Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту – Блум таксономиясының ұтымдылығы. Қылышбаева К.Ә., Астана, 2012.

2 Мұғалімге арналған нұсқаулық. Алматы, 2012.

#### **Формирование навыков быстрого усвоения темы на основе цифровой технологии**

В статье были рассмотрены виды формирования навыков быстрого усвоения и предельвания темы. Приведены задания согласно шести уровням таксономии Блума.

**Ключевые слова:** цифровые технологии, познавательные задания, информационно-коммуникационные технологии, стратегия Инсерт, таксономия Блума.

#### **Forming of Skills of the rapid mastering of theme on the basis of digital technology**

The types of forming of skills of the rapid mastering and redoing of theme were considered in the article. Resulted task according to six levels of taxonomy of Blum.

**Key words:** digital technology, cognitive tasks, of informatively-communication technologies, strategy of Insert, taxonomy Blum.

**Ә.ПРИМОВА,**  
**Абай атындағы №138 орта мектеп.**  
Қызылорда қаласы.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ҰБТ- ҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Мектеп-үйрететін орта, ал оның жүрегі-мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс-оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Л.С.Выготскийдің тұжырымдарына сүйенетін болсақ, баланың дамуынан әлдеқайда озық жүріп, оның болашақтағы даму мүмкіндігін болжай отырып оқытатын білім ғана жетістікке әкеледі. Ал оның негізі, басты шарты – білімді дұрыс ұйымдастыра білуде. Қазақ тілі пәнінен ҰБТ-ға дайындау үшін терең де жан-жақты біліммен бірге ізденумен жинақталған тәжірибе керек. Оқушыларға жүйелі білім беру, сынама тестілеуде көрсеткен нәтижесін үнемі назарда ұстап, салыстыру, әрбір оқушымен жеке қатемен жұмыс жүргізу олардың білімін шыңдай түсері хақ. ҰБТ-ға дайындау тәжірибемде мен көбіне логикалық тапсырмаларға және талдауға көп мән беремін. Сондай-ақ тақырыптық тест құрату, семантикалық картаны толтырту, мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың өз-өзіне деген сенімі мен жауапкершілігі, ең бастысы, білімі ұшталғандығын байқадым. Сол тәжірибеммен бөліскім

келді. Лексика саласын өткенде әрбір оқушыға мынадай тапсырмалар беремін: Тура мағыналы және ауыспалы мағыналы сөздер, тұрақты тіркестер, диалект сөздер, кәсіби сөздер, тарихи сөздер, омоним, антоним, синонимдердің әрқайсысына 20 сөзден жазып келуді тапсырамын. Өздігінен ізденіп, сөздерді тауып жазып, оның мағынасын түсінгеннен кейін, «Лексика» тарауы бойынша тақырыптық тестілерді құрастыру оқушыларды ойлантады әрі олардың есте сақтау қабілетін арттырады. Келесі сабақты «Сөзмерген» ойынының кезеңдерін түрлендіріп, топтық сайыс түрінде білімдерін тексеріп, қорытындылаймын.

Сабақтас құрамаластың мағыналық түрлерін өткенде, олардың жасалу жолдарын сөйлемдерді талдау арқылы өздері түсіндіреді. Мысалы: мақсат бағыныңқы сабақтасты өткенде «Адасқан сөздер» ойыны арқылы сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырып таратып беремін. Мозаика әдісі арқылы оқушылар сөйлемді құрастырады да, оған синтаксистік талдау жасайды. Ал сөйлемнің үстінен сөйлем мүшелерінің қай сөз табынан екенін, түбірі мен қосымшасын ажыратып жазады.

бағыныңқы басыңқы

Хақіммен жолықпақ болды, Шолпан қайыққа мінбеген еді.

Содан кейін бағыныңқы сөйлемнің баяндаушының қалай жасалып тұрғанын анықтайды. Мақсат бағыныңқы сабақтастың бағыныңқы сөйлемінің баяндаушының басқа да жасалу жолдарын мұғалім түсіндіргеннен кейін, мысалға алынған сөйлемді оқушылар бағыныңқы сөйлемнің баяндаушысын жасалу жолдарына сәйкестендіріп қайта құрады.

Үлгі:

Хақіммен *жолықсам деп*, Шолпан қайыққа мінбеген еді.  
 Хақіммен *жолығайын деп*, Шолпан қайыққа мінбеген еді.  
 Хақіммен *жолығу үшін*, Шолпан қайыққа мінбеген еді.

Оқушылардың өздеріне бағыныңқы сөйлемнің баяндаушының әрбір жасалу жолына сөйлем құратып, талдатамын. Бұл да ережені дайын қалыпта жаттағаннан тиімдірек. Тест кітапшасында берілген мысалдардың көбісі мектеп оқулығынан алынғандығына қарамастан, оқушылар қате жіберіп жатады. Оның себебі, оқулықтағы мысалдарды мұқият назар аударып, талдамауында деп ойлаймын. ҰБТ тапсырып шыққан оқушылардан «Өзіміз жыл бойы талдаған сұрақтар келді», - деген жауапты естігенде еткен еңбегімнің зая кетпегеніне көзім жетті. «Ұстазы бейілді болса, шәкірті зейінді болады» деген мақал тегін айтылмаса керек. Сабақты түрлендіріп, жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, дұрыс ұйымдастыра білген мұғалім оқушының пікірін де ескеріп отырса, нәтижеге бағытталған білім дегеніміз-осы. Оқушы жетістігі – ұстаз жетістігі.

Тақырыптық тест. Сабақтас құрамалас сөйлем. 1-нұсқа

№	Түрлері	Шартты бағ.	Қарсылықты	Себеп бағ.	Қимыл-сын	Мақсат бағ.	Мезгіл бағ.
		А	Ә	Б	В	Г	Ғ
1	Ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай.						
2	Жанпейіс үйге кіргенде, Ержан тыста қалды.						
3	Балуандығы асқан соң, Наркыз болып атанған.						
4	Біз үйге келсек, Аян да оралған екен.						
5	Балаларымыз білім алсын деп, елде барлық жағдай жасалған.						
6	Өміріңе қауіп-қатер төніп тұрса да, ата тегіңе кір келтірме.						

7	Сен келмейінше, мен бармаймын.						
8	Қасен байбаламдағанмен, ойын аяқталмады.						
9	Шешесі дұшпанның шеңгеліне ілікпес үшін, темір жол станциясына жөнелтілді.						
10	Жер тоймай, ел тоймайды.						
11	Ер Төстік жалмауыздың қолында қалды деп, елі мүлде күдер үзіп қояды.						
12	Қатты жел тұрып, теңіздің толқыны күшейді.						
13	Ана мен баланың бақытты сәттеріне бөгет болғысы келмей, жүрісінің сыбдырын білдірмеуге тырысты.						
14	Айтқандарым жаққан соң, алыс-жақын тыңдайды.						
15	Хакім кітапты ұстаған күйі, оның сөзін қыбыр етпестен тыңдады.						
16	Бірлік болмай, тірлік болмас.						
17	Басы жерге тигенше, ел жұмысын ойлайды.						
18	Бақтығұл шынын айтса да, болыс жылымай отыр.						
19	Хакіммен жолықпақ болып, Шолпан қайықтан жерге түсті.						
20	Күн шықпастан бұрын, біреу тау жақтан желдіріп келеді.						
21	Бір ұстасып қалсам деп, күшімді байқап шенейсің.						
22	Тұрмыс жақсы болу үшін, еңбек өнімді болу керек.						
23	Ұзақ сапар шеккелі, мақсатқа осы жеткенім.						
24	Ел орынға отыра, үйге көп адам келді.						

25	Ол әке мінезін білгендіктен, үнсіз қалды.						
26	Жарысқа түспегені болмаса, нағыз ақын дейді.						
27	Шай жиналысымен, Болат келді.						
28	Осы хабардың өзі арқау болғандай, келушілер көңілденіп тарады.						
29	Әбден тозығы жеткен үй болғандықтан, оған ешкім кірген жоқ.						
30	Сапар бұған қарсылық білдірместен, Жарқын меңзеген тұсқа барды.						

Тақырыптық тест. Сабақтас құрмалас сөйлем. 2-нұсқа

№	Түрлері Мысалдар	Шартты бағ.	Қарсылықты	Себеп бағ.	Қимыл-сын	Мақсат бағ.	Мезгіл бағ.
		А	Ә	Б	В	Г	Ғ
1	Сейфулланың сәлемін айтқанда, Иманмұса жылы ұшырай жымыды.						
2	Біз жиналып барғанша, олар кетіп қалыпты.						
3	Кедір-бұдыр жермен дөңгелектері тоқылдап, арба ыргала жылжып келеді.						
4	Аяужан тыңдасын деп, радиокабылдағыштың тетігін бұрадым.						
5	Қолынан келер жәрдем болмаған соң, ол қызға жылы сөзімен қайрат береді.						
6	Дәл осы минутта мұғалім кіріп келгенде, мұның аяғы жақсылықпен тына қоюы екіталай еді.						
7	Мен айтсам, қарысып тыңдамайды.						
8	Ұстазы бейілді болса, шәкірті зейінді болады.						
9	Абайлар Ойқұдықтағы ауылға жете қонбақ болып, аттарын шоқыта, сар желіске сала жөнелді.						

10	Танертеңнен бері Алматының аспаны ашылмай, жаңбыр төпеп жауып тұр.					
11	Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасының не екенін ұға алмады.					
12	Кітабым болмағандықтан, дайындығым нашар.					
13	Патша тағынан түсіп, Жәуке түрмеден құтылып үйіне келіп еді.					
14	Жасында жаттықтыра алмасаң, өскенде бастықтыра алмайсың.					
15	Әке жүзі ызғарлы екеніне карастан, кішкене қыз жүгіріп келіп құшақтай алды.					
16	Құнанбай көктемде ерте көшсе, Уақтың жерін шаба торитын.					
17	Жалт қарасам, Шұға үйіне қарай кетіп бара жатыр екен.					
18	Аспандағы бұлт сиреп, жұлдыздар көріне бастады.					
19	Игіліктен қанша жасқанса да, бүгін тәуекел етіп, жолығуға келе жатыр еді.					
20	Жасы менімен шамалас бола тұра, ақылы, мінезі ел ағасына ұқсайды.					
21	Есжан туысымен, көп ұзамай күйеуі Тілеуқабыл қайтыс болыпты.					
22	Шахтаға түспестен бұрын, Еркін кішкене бөлмесіне келіп енді.					
23	Сексен сұлу сыландап тұрса-дағы, Ғалияның алмаймын кірпігіне.					
24	Тағы да екі-үш күн бөгейтін амалын тапсаң өзін, қозыдай көгендеп қолыңа берейік.					
25	Оқ нөсері сәл бәсеңдеген кезде, Рақымжан бастаған топ бір шұңқырға барып топ ете түсті.					
26	Ғылым оқып білгенше, Тыным тыныштық таппаған.					
27	Адамдары, малдары, күркелері де қосылып, бір ауылдан бір ауылды айырып та болмайды.					
28	Дәуіт ұшып кетпеу үшін, қарлығаш оның қанатын қырқып қояды.					
29	Қарағанды көмірін тапқалы, жүзге жуық жылдар өтіп барады.					
30	Біраз уақыт отырған соң, күндіз көп жүріп шаршаған Асан ұйықтап қалды.					

*Жас маманға жәрдем*

**Б.ҚҰЛАНБАЕВА,**  
**Жаңабай Құдайбергенов атындағы**  
**орта мектеп.**  
Алматы облысы,  
Ұйғыр ауданы,  
Шонжы ауылы.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. «АДАМДЫҚ БОРЫШЫҢ» ӨЛЕҢІ

*(6-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен танысып, «Адамдық борышың» өлеңінің идеясын ашу, рухани-адамгершілік қағидаларымен қарулану. **Міндеттері:** **білімділік** – өлеңді нақышына келтіре оқи отырып, негізі түйінді таба білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың қоғамға деген өзіндік көзқарастарының қалыптасуына ықпал ету, өз ойларын еркін, нақты жеткізе білуге баулу, тіл байлықтарын дамыту, өз бетімен ізденуге, ой қорытуға дағдыландыру; әрбір оқушының үш деңгейлік тапсырмаларды біртіндеп орындауына жағдай жасау арқылы оның қабілетіне сәйкес құзырлылығын дамыту; **тәрбиелік** – ақынның өлеңдері арқылы оқушылардың рухани байлығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, жаман мінезден аулақ болу, адами сезімді қастерлеу, рухани тазалыққа үйрету. **Түрі:** аралас сабақ (I кезең – 5 минут, II кезең – 25 минут, III кезең – 15 минут). **Мазмұны:** I-III кезеңдік тапсырмалар (оқушының жұмыс дәптерінде және мұғалімдерге арналған жауаптар кілтінде берілген). **Әдіс-тәсілдері:** I кезеңде – сұрақ-жауап; II кезеңде – а) оқулықпен өз бетімен іздену әдісі; б) тәжірибеде бекіту әдісі; III кезеңде үш деңгейлік тапсырмаларды біртіндеп орындату арқылы бағалау әдістері. **Формасы:** I кезеңде – жеке; II кезеңде – топтық; III кезеңде – жеке. **Көрнекіліктері:** жұмыс дәптері, ашық журнал, оқулық, слайдтар.

І кезең. Ұйымдастыру кезеңі.	
Оң жақ бағандағы тапсырмаларды құрастырушы мұғалімдердің есіне:	Төмендегі «Көпір» тапсырмаларын оқушылар үйде орындап, бүгінгі сабаққа дайындалып келеді. Мұғалім алғашқы 5-7 минутта: а) ұйымдастыру сәтін; б) алдыңғы тақырыптың ІІІ кезеңінің үш деңгейлік тапсырмаларын үйде аяқтап келу дәрежесін тексергеннен кейін в) «Көпір» тапсырмаларын тексереді.
«Көпір». Өткен тақырыптар бойынша жаңа сабақты меңгеруге негіз болатын қайталау тапсырмалары.	Оқушылар алдын-ала бөлінген сала бойынша Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы деректер жайында ой толғайды. 1. Шәкәрім Құдайбердіұлы кім? 2. Оның қандай шығармаларын білесіңдер? 3. Шәкәрім өміріне қатысты жерлерді ата және картадан көрсет.
	<b>Тарихшылар.</b> Шәкәрім Құдайбердіұлына байланысты даталар мен оқиғалар туралы жазады. <i>1858 жылы дүниеге келді.</i> <i>1982 жылы «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» атты шығармасы жарық көрді.</i> <i>1912 жылы «Қалқаман - Мамыр», «Еңлік - Кебек» поэмалары жарық көрді.</i> <i>1917 – 1925 жылдар аралығында Шәкәрім замана ағымына үн қосады.</i>
	<b>Географ.</b> География пәні бойынша картамен жұмыс. Шәкәрім өміріне байланысты жерлерді көрсетеді ( <i>Шыңғыстау, Семей, Шақпақ, Саятқора</i> ). <b>Әдебиетшілер.</b> Шәкәрім кім? сұрағы бойынша Шәкәрім Құдайбердіұлын жан-жақты таныта отырып дәлелдейді. ( <i>Шәкәрім — Абайдың немере інісі. Ұлы Абайдың жеті ағайынды болғаны белгілі. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді сол жетіменің үлкені. Шәкәрімнің жеті жасында әкесі қайтыс болады. Ерекше зеректігін аңғарған Абай Шәкәрімді өз қамқорлығына алады. Шәкәрім – ақын. Шәкәрімнің ақын жүрегі өзінің айналасындағы құбылыстарды сырттай ғана саралап, құрғақ бейнелеуші болып қалған жоқ. Ол құбылыстар мен заттардың әрқайсысына терең мән берді. Жақсылығына қуанып, кемшілігіне езілді. Осыдан келіп Шәкәрімнің ақындық болмыс-бітімі, азаматтық үні қалыптасты.</i> )
	Халық тағдыры — Шәкәрімнің жырындағы көкейкесті тақырып. Өз өлеңдерінде ол ардайым халық басындағы жағдайларды баяндады. Шәкәрім – аудармашы. Шәкәрім батыс әдебиетінен көп мағлұмат алған. А. С. Пушкиннің «Дубровский» повесін поэма етіп Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ тіліне аударған. Шәкәрім шығыс ақындарының шығармасын да қазақ тіліне аударған. Бұдан біз Шәкәрімнің бірнеше тіл меңгергенін байқаймыз. Шәкәрім өлеңдерімен қатар бірнеше мысал жазған. Шәкәрім – қажы. Шәкәрім дінтану емес, ел тану, жер тану мақсатымен қажылыққа барып қайтады. Бұл сапар оның ой-өрісін кеңейтеді. Ақын қазақ халқы дін қуған мұсылманшылық жолын емес, ғылым, білім қуған Еуропа халықтарының жолын тандау керек деген ой түйді.

	Шәкәрім туралы толғанасы. <i>Шәкәрімнің құрметіне Жидебай жерінде кесене салынған. Семей қаласында Шәкәрім атында педагогикалық институт бар, бірнеше ескерткіштер орнатылған. Шәкәрімнің өзі өлгенімен, артында ұрпақтары қалды. Шәкәрім шығармаларын зерттейтін әдебиетшілер де көп.</i>
ІІ кезең (топтық жұмыс) Жаңа тақырыпты өз бетімен меңгерту. Жаңа сабақты топтық жұмыс барысында оқушылардың өз бетімен меңгеруіне жағдай жасау: а) оқушылар төмендегі «Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау» тәсілдеріне сәйкес тапсырмаларын өздері толтырады (10 минут); ә) жауаптарын мұғаліммен бірге талдайды (10 минут). Нәтижесі ауызша марапатталады.	
Теориясы: «Білу» ( <i>тақырып мазмұны бойынша кім? не? қандай? қалай? нені? қашан? не істеді? сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктелінуі керек</i> )	Оқулықпен жұмыс. 1. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Адамдық борышың» атты өлеңін мәнерлеп оқыңыз, өлеңдегі таныс емес сөздерге түсінік беріңіз. <i>Мансап-атақ.</i> <i>Нәпсі-жаман іс.</i> <i>Тұл-ешінәрсесі жоқ.</i> <i>Фибрат-үлгі.</i> 2. Шәкәрім шығармаларының тақырыбы не? 3. «Борыш» сөзіне түсінік беріңіз ( <i>міндет, парыз, қарыз</i> )
Теориясы: «Түсіну» ( <i>неге? неліктен? себебі? не үшін? сұрақтары оқушының жоғарыда берген жауаптарына оларды тереңдету үшін қойылады</i> )	1. Ойтолғау. Әрбір адамның Отан алдында, халық алдында, ата-ана алдындағы борышы туралы не айтар едіңіз? 2. Өлең мазмұнын қара сөзбен баяндаңыз.
Тәжірибесі: «Қолдану» Оқулықтағы қарапайым тапсырмалар орындалады.	1. Өлеңнен Абай өнегесі қалай байқалады? 2. «Ақ жолдан айнымай, ар сақта» деген өлең жолында автордың айтпақ болғаны не? 3. Ақын шын бақыт деп нені айтқысы келген?
Теориясы: «Талдау» <b>1. Салыстыр.</b> <b>2. Айырмашылығы неде?</b> <b>3. Ұқастығы неде?</b> <b>4. Тақырыптың басты идеясын жаз»</b> деген тапсырмалар болу керек. Немесе 1-3 тапсырмаларды Венн диаграммасы арқылы қамтуға болады.)	Ақынның сөз қолданысын, өлең құрылысын, тақырыбын Абай өлеңдерімен салыстырыңыз. Бойында табиғи талантты, ақындық дарыны бар Шәкәрімнің өмірдегі ұстазы, мектебі, университеті – Абай болды. Ұстазының «Ғылым таппай мақтанба, пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге, артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» – деген өсиетін бойына сіңіріп, санасына тоқыл өскен Шәкәрім ғылым-білім жолында бар өмірін сарп етті. Ақындық өнер жолына түскенде он тоғыз жасында жазған өлеңі көбінесе жастарға арналған. <i>Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,</i> <i>Арам айла, зорлықсыз мал табалық,</i> <i>Өтпес өмір, таусылмас мал берелік,</i> <i>Бір білімді данышпан жан табалық... деп, жастарды Абайдан үлгі-өнеге алып, тәлім алуға шақырады.</i>

<p>Практикасы «Қолдану» Оқулықтағы карапайым тапсырмалар орындалады.</p>	<p>- Тақырыбы жағынан, идеясы жағынан Шәкәрімнің «Адамдық борышың» өлеңі Абайдың сендер білетін қай өлеңдеріне ұқсайды? - «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба?» өлеңдеріне. Өлеңді білетін оқушыларға жатқа оқытып, өлең сөздеріне талдау жасату. -Осы өлеңдері арқылы Абай мен Шәкәрім жұртты қандай қасиеттерге үндейді? - Адамгершілікке, халыққа қызмет етуге, өнер-білім үйренуге, арты болуға, т.б. - Адам бойындағы қандай қасиеттерді бағалайсыңдар?</p>										
	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="323 411 588 453"><b>Абай</b></td> <td data-bbox="588 411 840 453"><b>Шәкәрім</b></td> </tr> <tr> <td data-bbox="323 453 588 483">«Әсемпаз болма әрнеге»</td> <td data-bbox="588 453 840 483">«Адамдық борышың»</td> </tr> <tr> <td data-bbox="323 483 588 529">Пайда көрсен бас ұрып, Мақтанды іздеп қайғы алма.</td> <td data-bbox="588 483 840 529">Мақтанға салынба, Мансаптың тағы үшін.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="323 529 588 574">Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан.</td> <td data-bbox="588 529 840 574">Жоба тап, жол көрсет, Келешек қамы үшін.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="323 574 588 641">Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға.</td> <td data-bbox="588 574 840 641">Ғибрат алар артына із қалдырсаң,</td> </tr> </table>	<b>Абай</b>	<b>Шәкәрім</b>	«Әсемпаз болма әрнеге»	«Адамдық борышың»	Пайда көрсен бас ұрып, Мақтанды іздеп қайғы алма.	Мақтанға салынба, Мансаптың тағы үшін.	Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан.	Жоба тап, жол көрсет, Келешек қамы үшін.	Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға.	Ғибрат алар артына із қалдырсаң,
<b>Абай</b>	<b>Шәкәрім</b>										
«Әсемпаз болма әрнеге»	«Адамдық борышың»										
Пайда көрсен бас ұрып, Мақтанды іздеп қайғы алма.	Мақтанға салынба, Мансаптың тағы үшін.										
Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан.	Жоба тап, жол көрсет, Келешек қамы үшін.										
Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға.	Ғибрат алар артына із қалдырсаң,										
	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="323 653 588 707"></td> <td data-bbox="588 653 840 707"><i>Шын бақыт-осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің!</i></td> </tr> <tr> <td data-bbox="323 707 588 762">Өзінде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзгеден.</td> <td data-bbox="588 707 840 762">Ақ жолдан айнымай, Ар сақта, оны біл.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="323 762 588 816">Мінінді ұрлап жасырып, Майданға түспей бәйге алма.</td> <td data-bbox="588 762 840 816">Білімсіз, өнерсіз, Болады ақын – тұл.</td> </tr> </table>		<i>Шын бақыт-осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің!</i>	Өзінде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзгеден.	Ақ жолдан айнымай, Ар сақта, оны біл.	Мінінді ұрлап жасырып, Майданға түспей бәйге алма.	Білімсіз, өнерсіз, Болады ақын – тұл.				
	<i>Шын бақыт-осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің!</i>										
Өзінде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзгеден.	Ақ жолдан айнымай, Ар сақта, оны біл.										
Мінінді ұрлап жасырып, Майданға түспей бәйге алма.	Білімсіз, өнерсіз, Болады ақын – тұл.										
	<p><b>Негізгі тақырыбы-адамзат міндеті.</b> <b>Идеясы-артына үлгі аларлықтай із қалдыру.</b> <i>Адамның борышы-халыққа адал еңбек ету, білім мен өнер үйрену, келешекке жол көрсету, үлгі алатындай із қалдыру. Жаман қылықтардан аулақ болу-мансап үшін мақтанға салынбау, бақ үшін арсыз қылықтардан аулақ болу.</i> <i>Өлеңді тізбекпен оқымыз.</i> <b>Өлеңді құрылысына талдау.</b> <b>Авторы - Ш.Құдайбердіұлы.</b> <b>Негізгі тақырыбы - адамзат міндеті</b> <b>Идеясы -</b> артына үлгі аларлықтай із қалдыру. Жанрлық түрі-поэзия Шумақ-6 шумақ Тармақ-24 Бунақ-63 Буын-1 шумақ-6 буыннан.</p>										
<p>Теориясы: «Жинақтау» (қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, тірек сызбаны,</p>	<p>Берілген сөздерден адам бойындағы жақсы қасиеттер және жаман қасиеттерді бөліп жазыңыз: білімді, мақтаншақ, арлы, білімсіз, еңбекқор, мансапқор, айлакер, жалқау, өсекші, шыншыл, өнерлі, өтірікші, жомарт, сараң, қайырымсыз, ата-ананы сыйлайды.</p>										

<p>сөзжұмбақты толтыр немесе өзін құрастыр тағы с.с. басқа тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясына» жазған жауабына қойылады)</p>	
<p>Оқулықпен жұмыс (5 минут): төмендегі «Қолдану» және оқушының тақырып мазмұнына «Баға беру» тәсілдеріне сәйкес, яғни, рефлексия жасауға, эссе жазуға арналған, практика жүзінде бекіту тапсырмалары орындалады. Нәтижесі ауызша марапатталады.</p>	
<p>Тәжірибесі: «Қолдану» <i>(оқулықпен жұмыс жүргізу барысында тек карапайым тапсырмалармен бекіту жүргізіледі. Дайын формулалар арқылы есептер шығару.</i></p>	<p>«Менің борышым» атты тақырыпта шығарма жазыңыз.</p>
<p>Тәжірибесі: «Баға беру»(Сен қалай ойлайсың?не істер едің? деген тапсырмалар оқушыға жоғарыда алған білімін (теория бойынша) және біліктілігін (тәжірибесі бойынша) өмірдегі жағдаяттарды шешуге бағытталып қойылады)</p>	<p>Сен қалай ойлайсың? Қандай істерден аулақ болу керек? Бақыт, бақытты адам дегенді қалай түсінесің?</p>
<p><b>III кезең(кері байланыс – бағалау кезеңі): Жеке жұмыс.</b> Жоғарыда менгерген мазмұнды үш деңгейге іріктеп (әр деңгейдің білімділік, біліктілік, яғни, құзыреттілік деңгейін анықтайтын тапсырмалар) оларды біртіндеп орындату арқылы ұпай жинау барысында оқушының құзіреттілік деңгейін анықтап, әділ бағалау жүзеге асырылады. Бұл тапсырмаларды оқушылар сабақтың соңына дейін қалған 15 минуттың 12 минутында орындайды + 3 минут қорытынды жасалады. Қалған тапсырмаларды үйде аяқтап келеді. Қорытынды ұпай саны дәстүрлі бағаға айналдырылып, келесі сабақтың басында сынып журналына қойылады, мониторингке тіркеледі.</p>	
<p style="text-align: center;"><b>I деңгей (5 ұпай)</b></p>	
<p>Теориясы: «Білу» <i>(тақырып мазмұны бойынша кім? не? қандай? қалай? нені? қашан? не істеді? сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктелінуі керек)</i></p>	<p><b>Тест тапсырмаларын орынданыз.</b> 1. «Жолама, қулар, маңайға», «Адамдық борышың» бұл өлеңдер кімдікі? А) А. Байтұрсыннов; В) Ш.Құдайбердіұлы; С) М.Әуезов; Д) С.Мұқанов; Е) С.Сейфуллин.</p>



	<p>2. Абайдың бес асыл іс пен бес дұшпанды саралаған өлеңін табыңыз.</p> <p>А) «Интернатта оқып жүр». В) «Қалың елім, қазағым...»  С) «Әсемпаз болма әрнеге». D) «Жасымда ғылым бар деп...»  Е) «Ғылым таппай мақтанба».</p> <p>3. Шәкәрім шығармасын табыңыз.</p> <p>А) «Ақбілек»; В) «Батыр Баян»;  С) «Қалқаман-Мамыр»; D) «Оянған өлке»;  Е) «Абай жолы».</p>
Тәжірибесі: «Қолдану» (II кезеңдегіге қарапайым тапсырмалар үлгісіндегі тапсырмалар)	<p>Берілген мақалдың жалғасын тап:  Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай,  <i>(Батырмын деп мақтанба, барып қайтпай)</i></p>
<b>II деңгей (5 ұпай + 4 ұпай = 9 ұпай)</b>	
Теориясы: «Түсіну» (неге? неліктен?себебі?не үшін?сұрақтары оқушының жоғарыда берген жауаптарына оларды тереңдету үшін қойылады)	«Ақ жолдан айныма» сөз тіркесінің мағынасын талдаңыз. Адал, шыншыл, жаман әдеттерден аулақ бол, т.с.с.
Теориясы: «Талдау» <b>1. Салыстыр.</b> <b>2. Айырмашылығы неде?</b> <b>3. Ұқсастығы неде?</b> <b>4. Тақырыптың басты идеясын жаз</b> деген тапсырмалар болу керек. Немесе 1-3 тапсырмаларды Венн диаграммасы арқылы қамтуға болады.)	<p><u>Адамдық борыштарды жазыңыз.</u></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Адал еңбек ету.</li> <li>2. Білім мен өнер үйрену.</li> <li>3. Келешекке жол көрсету.</li> <li>4. Үлгі болатын іс қалдыру.</li> </ol>
Тәжірибесі: «Қолдану» (II кезеңдегіге қарапайым тапсырмалар үлгісіндегі тапсырмалар)	«Адамгершілік» тақырыбына байланысты мақалдар жазыңыз.
<b>III деңгей (9 ұпай + 3 ұпай = 12 ұпай)</b>	
Теориясы: «Жинақтау» (Қорытынды шығаруға бағытталған: мазмұнды жүйеле, анықтама бер, кесте, сызба, ребус шеш	«Менің борышым» тақырыбы бойынша өлең құрастырыңыз.

деген сөздер тапсырма шартында болуы керек)	
Тәжірибесі: «Баға беру»(Сен қалай ойлайсың? Не істер едің? сияқты тапсырмалар өмірдегі жағдаяттарды шешуге бағытталып қойылады)	Осы өлеңді оқи отырып, көкейіңе не түйдің?
<b>3-нәтиже:</b> Үшінші деңгейдің нәтижесі (түбегейлі көзделген нәтиже): алғашқы екі деңгейде жинаған 9 ұпайға + 3 ұпай = 12 ұпай = «5» журналға қойылады. Оқушының білім сапасы білім стандарты көлемінде «дұрыс», «толық», «әрекеттілік» пен «тереңділікке» «жүйелілік» пен «саналылық» қосылып, барлығының жиынтығы «берік» білім болып саналады (Ю.К.Бабанский)	



**Қ.АЙТМАҒАМБЕТОВА,**  
**№14 орта мектеп.**  
Ақмола облысы,  
Көкшетау қаласы.

## ТӨЛЕН ӘБДІКОВТЫҢ «ҚОНАҚТАР» ӘҢГІМЕСІН ОҚЫТУ

**Мақсаты:** *білімділік* – Т.Әбдіковтың өмірі мен шығармашылығынан білімдерін тереңдете отырып, жазушының негізгі тақырыбы – адамгершілік, ізгілік мәселесі екендігін жете түсіндіру; *дамытушылық* – әңгіменің жанрлық ерекшелігі жайында теориялық түсініктерін дамытып, оқушының эстетикалық-көркемдік талғамын қалыптастыру; көркем шығарманы өнер туындысы деп түсініп-қабылдауға дағдыландыру; *тәрбиелік* – ата-ана мен бала қарым-қатынасы, баланың әке-шеше алдындағы, туған жер, ел алдындағы парызын түсіне білуге, адамгершілік асыл қасиеттерге тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа білім беру. **Әдіс-тәсілі:** интерактивті оқыту, жұптық жұмыс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, сызба-кестелер, Венн диаграммасы, Эйлер шеңбері.

**Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі** (қонақтармен амандасу)

«Қонақтар» жайлы бір шумақ өлеңмен бастап, бүгінгі сабағымыздың да тақырыбы – Т.Әбдіковтың «Қонақтар» әңгімесі екенін хабарлаймын.

«Ата-анаңа әдеппен сөйле, құрметпен қара, айтқанын сөзсіз орында және оларды әулие тұт», - деген аталы сөздерді сабағымыздың ұраны етіп алып, сабағымызды бастайық.

**II. Үй жұмысын тексеру. Жалпы сыныпқа арналған сұрақтар:**

1. Т.Әбдіков кім? Қай жылы, қай жерде туған? – Т.Әбдіков – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті қаламгерлердің бірі. 1942 жылы қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданында туған.

2. Білім алған ортасы? – Ол Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген. Өзінің шығармашылық жолын 1960-жылдың ортасында бастаған.

3. Қандай шығармалары бар? – Көптеген повестер мен әңгімелердің авторы.

4. Жазушының негізгі тақырыбы не? – Ол көркем туындыларында, көбінесе, халқымыздың озық салт-дәстүрін ардақтап, адамгершілік, ізгілік мәселелерін көтерген.

5. Әңгіме қандай жанрға жатады? - Әңгіме – эпикалық жанрға жатады, сондықтан белгілі бір сюжетке құрылады. Мұнда оқиғалар мен адамдар арасындағы қарым-қатынас автордың әңгімелеп-баяндауы арқылы беріледі. Ал кейде кейіпкер атынан баяндалатын әңгімелер де болады. Әңгіме қоғам, адам өмірінің бірер сәтін бейнелейтін болғандықтан, көлемі шағын, құрылысы қарапайым болып келеді. Осыған орай кейіпкерлері де санаулы, олар араласатын оқиға да көбінесе біреу ғана болады.

6. Ал «Қонақтар» әңгімесіне келсек, мұнда қандай оқиға суреттеледі? – Бұл әңгімеде басты кейіпкер – Ерғабыл шал өмірінің бір күн, бір түні суреттеледі. Негізгі оқиға да біреу-ақ, ол – қалада тұратын баласы Сапабектің отбасымен курорттан

қайтып келе жатып, жолай әке-шешесіне соға кетуі туралы айтылады.

**«Биографиялық поэманы» тексеру.** Ерғабыл мен Сапабек.

1. Оның есімі –
2. Оны үш сөзбен сипаттаңыз.
3. Ол туыстық қатынаста басқаларға кім болады? (3-4 сөзбен)
4. Өмірде неден қорқады? (3-4 сөзбен)
5. Өмірде неге қуанады? (3-4 сөзбен)
6. Басынан өткізген 3-4 жағдай
7. Өмірде басынан өткізгісі келетін 3-4 жағдай
8. Өмірде қандай жетістіктерге жетті?
9. Өмірдегі негізгі мақсаты?
10. Мекен-жайы.

**III. Жаңа сабақ.** (дәптерлеріне бүгінгі күнді, сабақ тақырыбын жаздыру)

Сынып оқушыларын бірнеше жұпқа бөлеміз:

**I жұп: «Сілтеме табушы».** Мәтіннен өздеріне ең қызық жерлерін оқып беріп, өз ойларын айтады.

Бұл әңгімеде жазушы оқыған, қалада тұратын Сапабектің қарт әке-шешесіне салқын, жасанды қарым-қатынасын суреттеу арқылы әлпештеп өсірген ата-ана алдындағы баланың мәңгілік перзенттік парызы туралы ой қозғайды.

- Сапашжандар неге кешікті екен? (рөлге бөліп оқиды, 245-бет)

- Көп ұзамай ауыл қонақтары да жиналып қалды (247-бет)

**«Сілтеме табушыға» арнайы тапсырма: «Сөздерді сөйлетіңдер!».** Өздері оқыған үзіндіден алынған сөздерді талдайды: (слайд)

Сапашжан – туынды сөз.

Бос сөз – тіркескен сөз.

Өлейін – дисфемизм.

Самауыр – кірме сөз.

Ақ шарбы бұлт – эпитет.

Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар – мақал.

Ырыздық, несібе – синоним.

Тұяқ – ауыспалы мағына.

Ағайын, жұрт, ел – синоним.

Меруерт, маржан, көк түсті слюда, мөлдір флюорит, қызыл гранит – термин сөздер.

**II жұп: «Ізденуші».** Әңгіменің негізгі тақырыбын анықтап, соған қосымша ақпарат әзірлейді.

Әңгіменің негізгі тақырыбы – баланың ата-ана алдындағы парызы. Әңгімеде алыстағы ауылда тұратын, өзін сағына күтетін қарт әке-шешесіне жылына бір рет, онда да курорттан қайтар жолда бір-ақ күнге соғатын, ертеңіне қалаға асығатын Сапабекті ұлттық салт-дәстүрден қол үзіп қалған, перзенттік борыш-парызды жеңіл түсінетін жан ретінде көреміз. Жылына бір рет келгенін, азын-аулақ сәлем-сауқат әкелгенін ол өзінің ата-ана алдындағы борышын өтеу деп түсінеді. Қарияларға керегі - Сапабектің сыйлығы емес, жалғыз ұлдың амандығы, оның өздері қартайған кезде қастарында болып, қамқорлық жасауы, жан жылуын төгуі деп ойлаймын. Ал бір күнге келген Сапабектің қариялардың халін сұрауға да уақыты жоқ, айтар әңгімесі де басқа: геология, асыл тастар сыры, шетел сапарлары.

Иә, мен де сенің ойыңа қосыламын. Сағына күткен баласының болымсыз әңгімесіне көңілі толмаған Ерғабыл ата оның сөзін тоқтатып, ауылдасы Аспандиярдан ән айтуын өтінеді. Атаның ендігі бір үміті – немересі Жеңісті алып қалып, тәрбиелеу. Бірақ баласы мен келіні ауылда «орыс мектебі жоқтығын» сылтау етіп, қартты бұл қуанышынан да айырады. Әңгіменің соңы ертеңіне асығыс аттанған ұлымен қимай қоштасқан ананың көзіне жас алуымен, ал Ерғабыл атаның алаң көңілмен қи оюға кірісуімен аяқталады.

**III жұп: «Із қушы».** Кейіпкердің ізін қуып, әрбір іс-әрекетіне өз көзқарастарын білдіріп, баға береді.

Сапабектің жүріс-тұрысына, сөздеріне, асығыстығына, қарттарға деген көңіліне қарап, оларды бұл үйдің ұлы мен келіні емес, осы үйге келіп-кеткен қонақтар деп қабылдауға болады. Шынында да Сапабектердің қонақтардан қандай

айырмашылықтары бар? Әңгіменің «Қонақтар» деп аталуы да сондықтан болар деп ойлаймын.

Бұл жерде жалғыз Сапабек емес, сонымен қатар оның әйелі Тома да кінәлі деп ойлаймын. Сапабек қызмет бабымен жүріп, әр нәрсеге терең мән бермесе, оған ақыл қосып отыратын қасындағы жары емес пе? Ата-анаңа не істесең, алдыңа сол келер дегендей, өздерінің ертеңгі күнін неге ойламайды екен. Әңгіменің түйіні де салмақты: ол – жастарды ата-ана алдындағы борышын ұмытпауға үндеу, адамгершілікке шақыру.

**«Із қушыларға» арнайы тапсырма: «Ол кім?»** (слайд). Әдебиет теориясында суреттеудің осы түрін не деп атайды? (Портрет)

№	Ол кім?	Жауабы
1	Ат жақты, қапсағай сары жігіт.	
2	Омырау, жеңдері ашық шұбар көйлек киген, шашын кидырған, топ-толық, ақ сары, ажарлы келіншек.	
3	Жаюлы сөреден құрт алып үлгерген аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасында.	

**IV жұп: «Сұрақ қоюшылар».** Осы топтарға мәтінге байланысты және өмірде мәні бар сұрақтар қояды.

1. Әңгіменің басты кейіпкері кім? Сапабек пе, Ерғабыл ақсақал ма?
  2. Немересі – Жеңісбек неге атасына екінші рет жоламады?
  3. Баласының әңгімесі Ерғабыл қартқа неліктен ұнамады?
  4. Сапабектердің бір күн қонып, асығыс аттануының шын себебі не деп ойлайсындар?
  5. Ерғабыл ата баласынан қандай үміт күтіп еді, үміті не себепті ақталмады?
  6. Қарияның реніші орынды ма?
- «Сұрақ қоюшыларға» арнайы тапсырма: (слайд)**

Қандай кейіпкер?	Қандай оқиғаға байланысты?	Әңгімеден үзінді
		«...Иә, жетісерсің! Бала бір жақта, біз бір жақта. Мына қу моладан сүйегімізді табар бір күні. Осы Қаратүбектің басында жұмақ тұрғандай, екі елі қия баспайсың...

1		Бүгін келсін балалар, көрерсің, еріп кетермін. Қал, жалғыз өзің омылып».
2		Иегі шығыңқы, ірі, қапсағай жігіт кішкене ескі домбыраның ішектерін арбиған саусақтарымен еріне шертіп, құлағын бұрады да, жуан қоңыр дауыспен жеңіл бір әнді бастап кетті.
3		«... Ал енді мына балаларың бір түйір қазақша білмейді. Ал енді оқу уже басталып қалды. Бұл арада орыс мектебі жоқ. Мұны қалай оқытамыз деп отырсыңдар?...»

**V жұп: «Сөз тапқыштар».** Тақырыпқа сәйкес мақал-мәтелдер, дана ойларды жинақтап, жазып келеді.

**VI жұп: «Кейіпкерлерді сипаттаушы».** Кейіпкерлерге қысқаша мінездеме береді.

Ерғабыл қарт және бәйбішесі – ата-баба дәстүріне адал, туған жермен біте қайнасқан, оның қиындық-қызығын бірге бөліскен, халықтық таным-тәрбиені бойына сіңірген, жалғыз ұлынан көп үміт күткен асыл жандар.

Сапабек пен Тома – оқыған, бірақ халықтық адамгершілік, ата-ана алдындағы парыз, туған жер алдындағы жауапкершілік, имандылық туралы сабағын санасына тоқымаған, ұлттық санадан айрыла бастаған, рухани азғындауға түскен сиқымен танылған жас жұбайлар.

**VII жұп: «Суреттеуші».** Мәтінге сәйкес иллюстрация салып, өз ойларын суретпен өрнектейді.

**VIII жұп: «Жазушы мен баяндаушы».** Осы айтылғандардың бәрін жазып отырады да, қысқаша баяндап айтып береді.

Осы сабақта барлық жұптар өте жақсы әрі қызықты көптеген жұмыстар атқарды. «Сілтеме табушы» жұбы мәтіннен өздеріне ең қызық жерлерін оқып беріп, өз ойларын айтты және сөздердің мағынасын ашуға тырысты. «Ізденушілер» жұбы әңгіменің негізгі тақырыбын анықтап, соған қосымша ақпарат әзірледі. «Із қуушылар» жұбы кейіпкерлердің ізін қуып, әрбір іс-әрекетіне өз көзқарастарын білдіріп, баға берді. Ал «Сұрақ қоюшылар» осы топтарға мәтінге байланысты және өмірде

мәні бар сұрақтар қойып, өздеріне берілген тапсырманы жақсы орындап шықты. Әсіресе, «Сөз тапқыштар» жұбы үлгі-өнеге боларлық нақыл сөздерді, мақалдарды орынды келтіріп айтқандары маған өте ұнады. «Кейіпкерлерді сипаттаушы» жұбы да жан-жақты мінездерін ашып, толық сипаттама бере білді. Ал «Суреттеушілер» осы жұмыстың нүктесін қойғандай етіп, өз ойларын сурет арқылы дәлелдеп, өте маңызды пікірлер айтты. Сабақ өте қызықты да мазмұнды өтті деп есептеймін.

#### IV. Сабақты бекіту. *Венн диаграммасы*



#### *«Әйлер» шеңбері.*

Ерғабыл қарт және бәйбішесі – балалары мен немересін сағынышпен күткен абзал ата-ана.

Сапабек пен Тома – салт-дәстүрден қол үзіп қалған, перзенттік парызды жеңіл түсінген бала мен келін.

#### **V. Сабақты қорыту.** («Ұлыма» әуені жүріп тұрады)

#### *«Ата-анаға хат жазу»*

**VI. Үйге тапсырма:** «Менің ата-ана алдындағы парызым» атты шығарма жазу.

#### **VII. Бағалау.**

Ж.КАТЧИКОВА,  
Чапаев №1 жалпы орта білім  
беретін мектеп.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы.

## ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) Орал өңірінен шыққан ақын-жазушылар жөнінде мәлімет беру. Қадыр мырза Әлі өмірі мен шығармашылығынан қысқаша мәлімет бере отырып ақын өлеңдерінің идеясын, мақсатын ұғындыру; 2) оқушылардың поэзияға деген қызығушылығын арттырып, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту; 3) сұлулық пен еркіндікті танытуға, адамгершілік пен намысшылдыққа, қайсарлыққа баулу. **Типі:** аралас. **Әдіс-тәсілі:** баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, мәнерлеп оқу, кубизм әдісі, тест тапсырмалары. **Қолданылатын технологиялар:** сыни тұрғыдан ойлау, диалог, АКТ, көшбасшылық, бағалау әдістері. **Көрнекілігі:** Қадыр Мырза Әлінің шығармалар жинағы, слайд материалдары. **Пәнаралық байланыс:** жаратылыстану, тіл, әдебиет.

### Сабақтың барысы:

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** 1. Оқушылармен сәлемдесу. 2. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру. 3. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару. 4. Оқушыларды өлең жолдары арқылы топқа бөлу.

**II. Үй тапсырмасын тексеру:** М.Мақатаев өмірі мен шығармашылығы туралы әңгімелеу. Аққудың әдебиеттегі бейнесі туралы ақпарат беру.

### III. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

“Қадыр – найзағайлы ақын. Дәуірдің, уақыттың өзі жаратқан өміршең ақын. Оның поэзиясы – өзіміз өмір сүріп отырған дәуір мінезес”.  
М.Мақатаев.

**I. Қадыр Мырза Әлінің** өмірі мен шығармашылығы туралы әдеби білім беру.

Есімі елімізге кеңінен танымал ақын Қадыр Ғинаятұлы Мырза Әлі 1935 жылы 5 қаңтар күні Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданында дүниеге келген.

Ата-анасы сауатты кісілер болған. Әкесін ауылдастары «молда бала» деп те атаған.

Болашақ ақынның әдебиетке деген ынта-ықыласы бала кезден белгі берген.

1953 жылы ҚазМУ-дың филология факультетіне түсіп, арада бес жыл өткенде бітіріп шығады. Қияндағы ауылдан келген зейінді жас көзге түсіп, жазған курстық жұмыстары мен жасаған баяндамалары зерттеушілік қабілетін, әдебиеттің табиғаты мен мұратын барлай білетін байыптылығын байқатады. Алайда студент кезінде-ақ өлеңдері республикалық басылымдарға жариялана бастаған жасты әдебиет айдыны қызықтырады. Жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғанға» қызметке орналасуы сол себептен.

«Жұлдыз» журналына қызметке тұрып, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болса да, 1968-1973 жылдар аралығында «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында поэзия бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасында Бас редактор, директор, т.б. әр түрлі қызмет атқарғанда да, өзінің өмірлік ең сүйікті кәсібі-әдебиеттен көз жазған жоқ. Үнемі табанды еңбек, өзін-өзі шыңдау, қайрау, толысу мен кемелдену үстінде болды. Қазақ поэзиясы тарихында Қ.Мырза Әлі секілді соншалықты өнімді, қисапсыз еңбек еткен ақын кемде-кем. Оның қаламынан туған дүниелердің, нақты айтсақ, төл және аударма әдебиет туындыларының жалпы көлемі жиырма бес том шамасында. Осының ішінде тек аударманың өзі ғана он том құрайтынын ескерсек, ақынның қаншалықты жемісті еңбек еткенін жобалай аламыз.

Осынша көл-көсір мол дүние, жанкешті еңбек кезінде, әрине, лайықты бағаланды: 1966 жылы «Ой орманы»

жыр жинағы үшін Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты, 1980 жылы «Жерұйық» кітабы (өлеңдер) үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ал 1993 жылы әлемдік поэзияның дамуына қосқан үлесі үшін Монғолияның халықаралық «АВЪЯС» сыйлығын алды. Ақын екі рет депутаттыққа сайланды, Қазақстанның Халық жазушысы деген мәртебелі атақ берілді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болып сайлануы да-ақын шығармашылығын бағалаудың бір көрінісі.

Бүгінде Қадыр Мырза Әли-айтулы ақын, елуден аса кітаптың авторы. Махамбет атындағы М.Мақатаев атындағы сыйлықтардың лауреаты.

#### IV. Жаңа сабақты бекіту.

Оқулықпен жұмыс, слайд тапсырмаларымен жұмыс.



2. Ақын шығармаларының тақырыптары мен таныстыру.

#### Кесте-1. Ақын шығармаларының тақырыптары.



3. Қадыр Мырза Әлінің кітаптары мен өлеңдері туралы түсінік.

#### Кесте-2. Қадыр Мырза Әлінің кітаптары.



4. Кубизм әдісі.

1. Ақын шығармашылығы туралы баяндаңыз.

2. Өзге ақындар шығармашылығымен салыстыру.

(М.Мақатаев шығармашылығымен үндестігі.)

3. Ақын шығармашылығының зерттелуі.

4. Өлеңдерінің маңызы.

5. Хронологиялық кесте толтыру.

#### Кесте-3. Хронологиялық кесте.

Жылдар	Шығармалар аты	Жылдар	Шығармалар аты
Жинақтары:		Жинақтары:	
	«Жаңғалақтар»		«Жерұйық»
	«Кішкене қожанасырлар»		«Қызыл кітап»
	«Данышпан»		«Домбыра»
	«Ноян, қоян»		«Күміс қоңырау»
	«Алуан палуан»		«Көш»
	«Сабак»		«Алақан»
	«Ой арманы»		«Көктем»
	«Дала дидары»		«Ақ отау»
	«Балбұл бағы»		«Мәңгі майдан»

6. Жұмбақ шешу.

Қ.Мырза Әлінің француз тілінен қазақ тіліне аударған жұмбақтарын шешу.

7. Топтастыру.

#### Кесте-4. Топтастыру әдісі.



8. Ой шақыру стратегиясы.

Қадыр қазақтарды кімдерге таныстырды?

Қадырдың қазақтың ұлттық музыкалық аспабымен аталатын өлеңі?

7. Топтық тапсырмалар.

1-топ. «Туған жер өзің дегенде»... тақырыбына эссе жазу.

2-топ. «Ақын жырларынан алған әсерім» тақырыбына ой толғау, эссе жазу.

8. Венн диаграммасы. Қадыр Мырза Әлі мен Жұбан Молдағалиев.

9. Тест тапсырмаларын орындау.

**1. Қ.Мырза Әлінің туған жылы, өскен жері:**

- а) 1925 Алматы; ә) 1940 Ақмола;  
б) 1911 Қызылорда; в) 1935 Жымпиты;  
г) 1923 Қызылқоға.

**2. Балаларға арналған өлеңдер жинағы:**

- а) «Кеш»; ә) «Ақ отау»;  
б) «Күміс қоңырау»; в) «Мәңгілік майдан»;  
г) «Жерұйық».

**3. Қ.Мырза Әлі оқыған оқу орны:**

- а) Орал пединституты; ә) Әл-Фараби атындағы ҚазМУ;  
б) Алматы политехникалық институт;  
в) Атырау пединституты; г) Ақтөбе мединституты.

**4. Тұңғыш өлеңдер жинағы қалай аталады?**

- а) «Сабақ»; ә) «Ой арманы»; б) «Көктем»;  
в) «Дала дидары»; г) «Қызыл кітап».

**5. Махамбет сыйлығы қай шығармасына берілді?**

- а) «Күміс қоңырау»; ә) «Жаралы жолбарыс»;  
б) «Қасқыр қақпан»; в) «Гибрат-нама»;  
г) «Көкпар».

10. Кесте-5. Инсерт стратегиясы.

Білемін	Білгім келеді	Білдім

Сабағымызды К.Ахметованың сөзімен түйіндейміз. «Қадыр Мырза Әлі - ұлт ақыны. Қазақ деген тегі мықты, тарихы бай, тағдыры күрделі, түйсігі мың қатпар, қалтарысты, астарлы, алапат тілді, қабілетті қаһарман, қайсар халықтың тұңғығына бойлап, кеңдігіне кепіл боп, бітіммен біте қайнасып, ұлылығын, рухын, ар-ұятын, үмітін барынша әспеттей отырып, кемшінің мінін, қайғысын, сорын азаматтық тұрғыда қазып айта алған, сыншыл да ойшыл ақын. Ұлы ақын.»

**V. Үй тапсырмасын беру:** “Қазақтың дана ақыны – Қадыр” атты шығарма жазып келу.

**VI.** Оқушылардың бағалау парақтарын жинап, қорытынды баға шығару.



**Г.ӨМІРАЛИЕВА,**  
«№24 колледж» Мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық  
кәсіпорын.  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Созақ ауданы,  
Таукент ауылы.

## ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ. «КӘРІ ҚЫРАН»

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – ақынның өмірі мен шығармашылығынан мәлімет бере отырып, өлеңнің идеялық мазмұнын меңгерту, мәнерлеп оқу шеберлігін шыңдау; **дамытушылық** – оқушылардың поэзияға деген қызығушылығын арттыру, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту. Адалдық, ұлт жайында айта келе, ұлтымыздың

қаһарман ұлы, қыран мінезді Б.Момышұлының ерлігі жайлы түсініктерін кеңейту, көзқарастарын қалыптастырып, ойларын анық жеткізуге жетелеу; **тәрбиелік** – еркіндіктің озық үлгісі-кәрі қыран бейнесінің аллегориялық баламасы ретінде Б.Момышұлының ерлік істерін рухани үлгі ете отырып, намысшылдыққа, қайсарлыққа, ерлікке тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, баяндау, мәнерлеп оқу, талдау.  
**Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, музыка, бейнелеу өнері.  
**Көрнекілігі:** ақын портреті, кітаптарынан көрме, Б.Момышұлы жайлы қанатты сөздер, бүркіт жасы туралы плакаттар, суреттер, «Шыңға өрлеу» деңгейлік тапсырмалар.

### **Сабақтың барысы:**

#### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

##### Үй тапсырмасын сұрау.

Қ.Ысқақ. «Қоңыр күз еді».

1. Қасым неге күзді еске алып отыр?
2. «Әкең сұраса да берме, ешбір жанға көрсетпей оқы» дегені қай шығарма?
3. Алматыға келгенде жазушымен кездесем деген үміті неге үзілді?

#### **II. Жаңа сабақ.**

##### Ой шақыру.

а) Қыран қандай құс?

Жыртқыш құс, тыныс алу мүшесі жақсы дамығандықтан биікте ұша алады, көзі өткір.

ә) Қыран қандай жерлерді мекен етеді?

Таулы аймақта, таудың ұшар биігіне ұя салады.

б) Халқымыз қыранды не себепті қасиетті құс санаған?

Жеті қазынаның бірі, қайсар ерлерімізді қыранға теңеген, себебі тек биікте самғайды, өлексе жемейді.

в) Мемлекеттік рәмізіміз-туда шуақты нұрын төккен күн астында қанатын құлаштай керген алып қыран бейнесі не себепті бейнеленген?

Еліміз тек биіктен көрінсін, қырандай тәуелсіз, намысшыл болайық деген ұғыммен.

#### **Топтық жұмыс.**

1. Өлең шумағына талдау.
2. Лирика және ұйқас түрін анықтау.
3. Буын, бунақ санын ажырату.

«Кәрі қыран» өлеңін мәнерлеп оқимыз. Келешек қырандар мекен еткен музарт шыңдарына саяхат жасаймыз. Әрбір шыңға ат қойылған. Өлеңнің шумақтарын мәнерлеп оқып, идеялық мазмұнына топтық жұмыс бойынша талдау, түсінік жасалады. Сондай-ақ шумақтардың мазмұнын ашатындай қанатты сөздер, мақал-мәтелдермен толықтыру жасайды. Өлең идеялық мағынасына қарай 8 бөлікке бөлініп, әрбір шумаққа ат қойылады.

1) 1, 2-шумақ-«Қыран қиясы». 3, 4, 5-шумақ-«Арман» шыңы. 6-шумақ-«Соңғы серт». 7-шумақ-«Самғау». 8-шумақ-«Қоштасу». 9-шумақ-«Азалы қия». 10-шумақ-«Ұлағат». 11-шумақ-«Ерлік» шыңы.

2) Поэзия жолы- лирика. Лирика бірнеше түрге бөлінеді: Қ.Мырзалиевтің «Кәрі қыран» өлеңі азаматтың лириканың озық үлгісі.

Өлең аралас ұйқасқа жатады. Мұнда ұйқастың әр түрі бар. Себебі, өлеңде тармақ саны тұрақты емес.

1-шумақ-4 тармақ. 2-шумақ-5 тармақ. 3, 4-шумақ-6 тармақ. 5-шумақ-5 тармақ. 6-шумақ- 6 тармақ. 7-шумақ-5 тармақ. 8-шумақ-8 тармақ. 9-шумақ-6 тармақ. 10-шумақ-5 тармақ. 11-шумақ-6 тармақ.

3) 11 буынды 3 бунақты.

Қыран мекен еткен шыңдар арқылы ерлік пен елдіктің, қайсарлық пен қаһармандықтың символына аллегориялық бейне етіп, халқымыздың қаһарман ұлы – Бауыржан Момышұлының ұлы тұлғасын аламыз. Ғ.Мүсіреповтің Б.Момышұлы туралы айтқан пікірін оқушыларға білгізу



арқылы Б.Момышұлының аллегориялық бейне болу себебі анықталады.

Ерлікті жасау да, ер болып өлу де талай азаматтың қолынан келген. Ал ер болып өмір сүру, ұзақ ғұмырдың бір сәт, бір сағатында ерлік ғұрпынан айнымай өмір сүре білу, қашан да қанды шайқастың алдында тұрғандай тас түйін, қас дұшпанның алдында тұрғандай қайсар өмір сүре білу – біз білетін жанның ішінде тек Баукеңнің ғана қолынан келді. Оның дәлелі – Бауыржан Момышұлының өнегелі де отты өмірі. Ол туралы мәліметтер сұрақ-жауаппен толықтырылды.

**Ой-толғаньы стратегиясы.** Шығармашылық деңгей

«Мен – тәуелсіз елдің қыранымын» тақырыбына қысқа өлең немесе эссе жазу.

**Сабақты бекіту:**

1. «Қыран қияда өледі» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Қыран не үшін намыстанды?
3. «Найзағайдай жарқылдап ғұмыр өтті» мағынасын түсіндіріңдер.
4. Қыранның соңғы шешіміне не себеп болды?
5. Қыранша өмір сүргенің-қандай бақыт, Қандай бақыт – қыранша өле білген!

Осы жолдар төңірегінде ойланып көрейікші, автор нендей ойды меңзеп тұр?

Қыран-тәуелсіздіктің белгісі болса, біздің тәуелсіз мемлекетіміздің қырандары-сендер. Сондықтан тәуелсіз еліміздің көк байрағын желбіретіп, еліміздің мәртебесін қыран құсы самғайтын биік шыңдарға көтеру, мына сендердің еншілерінде. Туымыз тұғырлы, еңсеміз биік болсын!

**Бағалау.**

**Үй тапсырмасы.** Өлеңді мәнерлеп оқып, қалаған бес шумағын жаттау.

«Ерлік – елдікке жеткізер» тақырыбында шығарма жазу.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Л.ГАБДУЛИНА,**  
**Екіаша орта мектебі.**  
 Алматы облысы,  
 Сарқан ауданы,  
 Екіаша ауылы.

## АБАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Жалпы мақсаты:	Оқушыларға Абайдың өмірі, білім жетілдіру жолдары, өлеңдері, қара сөздері, аудармалары туралы мағлұмат беру. Өз бетімен әрекеттенуге дағдыландыру, жеке, жұппен, топпен еңбектенуге, Абай өмірін үлгі ете отырып оқушыларды саналылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.
Оқу нәтижесі:	Сыни тұрғыдан ойлай білу, топпен ынтымақтаса жұмыс істеу.
Негізгі мақсаты:	АКТ-ны пайдалану, сыни тұрғыдан ойлауын арттыру, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, топпен жұмысты ұйымдастыру.
Тапсырмалар:	Оқушылармен амандасу, танысу. 3 мин. «Ынтымақтастық атмосферасын» ұйымдастыру. Тақтаға «Ақ жүрек» ілу. Оған оқушылар тілек жазып жапсырады. Стикердің артына «Даралар», «Даналар», «Ойшылдар» сөздерін жазу арқылы топқа бөлу.
	Сабақ тақырыбын айту, мақсатын оқушылармен бірге айқындау. 3 мин. Жаңа тақырыпты меңгерту. Таныстырылым. «Абай өмірі мен шығармашылығы» 5 мин. Электронды оқулықты пайдалану. 3 мин. Таным дерек. Постермен жұмыс. 1-топ – Өмір жолы. 2-топ – Өлеңдері, қара сөздері. 3-топ – Аудармалары, әндері. 12 мин.
	<b>Сергіту сәті.</b> 2 мин. «Желсіз түнде жарық ай» әнін тыңдату. «Даналық ой» Абай туралы айтқан Қ.Қулиев, А.Байтұрсынұлы пікірлерін оқушыларға таныстыру. 2 мин. <b>Үйге тапсырма:</b> «Қазақтың бас ақыны» атты мақаланы оқып, А.Байтұрсынұлының ойын әрі қарай өз ойларыңмен жалғастырыңдар.

	Абайдың поэмалары туралы мәлімет жинастыру. <b>Оқушы білімін бағалау. 1 мин.</b> <b>«Кері байланыс». 3 мин.</b>
Бағалау.	Топ бағалаушылары бағалау парағына белгілеп отырады.
Барлық оқушыларды сабаққа тарту жұмысы.	Жеке, топта тапсырмаларды орындау, пікірін ортаға салу, өзгелермен ой бөлісу, өзгені тыңдау, ой қорыту.
Негізгі дерек көзі:	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, А.Әлімов “ЖОО-да интербелсенді әдістерді қолдану мәселелері”.



**Р.ЖҰМАНҚЫЗЫ,**  
**Шәріптоғай негізгі мектебі.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Көкпекті ауданы.

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ.** **«ЖАУЫНГЕРДІҢ ТҰЛҒАСЫ»**

(6-сынып)

**Мақсаты:** «Жауынгер тұлғасы» атты үзіндіні талдай отырып, Ұлы Отан соғысы, ондағы ерліктер, жауынгерлердің еліне деген патриоттық сезімдерін жеткізу, көркем тіліне назар аударту. **Міндеттері:** 1) оқушылардың Ұлы Отан соғысы туралы, туған елі мен жері үшін күрескен жауынгерлердің ерлігі туралы білімдерін тереңдете отырып, автор мұратын ұғындыру, автор туралы кеңінен мәлімет беру; 2) мәтіннен жауынгерлердің іс-әрекеттеріне баға беру арқылы оқушылардың өзіндік көзқарасын, пікірін жетілдіру, проблемалық сұрақтар арқылы жинақтау дағдысын дамыту; 3) жауынгерлердің бойындағы түрлі қасиеттер арқылы бауырмалдыққа, ынтымақтастыққа, қайсарлыққа, шыдамдылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

**Түрі:** білім бекіту сабағы. **Технологиясы:** СТО дамыту, АКТ. **Жұмыс түрі:** жаппай, жеке, шағын топтық. **Әдіс-тәсілдер:** «әдеби монтаж», «диалог» стратегиялары, «топтастыру», мәтінмен жұмыс, суретті кластер, «шығарма кестесі», «екі түрлі түсініктеме күнделігі».

**Барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі /3мин./**

- «Ұшқыш тілегі» жаттығу арқылы психологиялық ахуал орнату.

- Жұмыс жоспарын түсіндіру.

**Кесте-1. Бағалау парағы.**

Оқушы-ның аты-жөні	Үй тапсыр-масын орын-дағаны	Сабақта белсен-ділігі	Жауа-бының толық-тығы	Білімінің тереңдігі	Ба-ға

2. Үй тапсырмасын тексеру. Шағын топтық жұмыс.

1-топ. «Әдеби монтаж» стратегиясы арқылы жазушының өмірбаяны.

2-топ. «Диалог» стратегиясы арқылы «Жауынгердің тұлғасы» әңгімесінің мазмұнын ашу.

3. Сабақ тақырыбы бойынша жұмыс.

а) «Идеялар қоржыны» стратегиясы арқылы қызығушы-лықты ояту.


ә) Бауыржан Момышұлының өз дауысы жазылған бейнефильмді көрсету.

Пікірлесу. Осы фильмнен қаһарман бабамыз туралы не білдік? Қандай адам болған деп ойлайсындар?

ә) «Топтастыру» стратегиясы арқылы әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме беру. Өткен сабақта танысқан «Жауынгердің тұлғасы» әңгімесі бойынша жұмысты жалғастырамыз. Әңгіменің кейіпкерлеріне, шығарманың көркем тіліне назар аударуымыз керек. Біз сабақ басында Бауыржан Момышұлын

шығарма авторы ретінде қабылдап, біраз сөз қозғадық, бірақ ол сонымен қатар әңгіме кейіпкері.

### Әңгіме кейіпкерлері



- Әр кейіпкерге мәтінге сүйеніп мінездеме беріңдер.
- Бұл кейіпкерлерді біріктіретін не? /Отанға деген сүйіспеншілік, батырлық, ерлік/.

### Кесте-2. Семантикалық карта.

Кейіпкерлер Кейіпкерлер сөзі	Бауыржан	Генерал Панфилов	Мұхаметқұл
«Бүгін, түн ортасында Десятиворкада жатқан 120 немістің бірін қалдырмай қырып тастағаныңызға жол болсын»			
«Ей, Мұхаметқұл, қазақтың «қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген макалын білуші ме едің?»			
«Жан-жақтан құмырсқаша өріп, қаптап келеді. Оларға қарсы тұратын дәрмен бізде қалмады»			
«Сен полк командирі болдың, ол – полктың ақылы, миы, басы. Өз ұлтыңның «білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген макалы әр уақытта да есінде болсын»			
«Тұрдым, тұрдық не болса да! Айтайын дегенім осы еді»			

Қорытындылау. Бұл әңгімеде Отан алдындағы борыш, жауынгерлердің көрсеткен ерлігі мен жігері, батырлығы мен қайсарлығы айқын ашылды.

Енді нағыз жауынгердің жинақтама бейнесін суреттер арқылы ашып көрелік. Әр оқушы таңдаған суретіне сипаттама береді.

### Кесте-3. Жауынгердің тұлғасы.



Сергіту сәті.

в) «Шығарма кестесін» толтыру. Мәтінмен жұмыс. Топтық тапсырма.

### Кесте-4. Шығарма.

Шығарма аты	Тұрақты тіркестер	Шығармада кездесетін мақал-мәтелдер	теңеу	эпитет
«Жауынгердің тұлғасы»	Сыбағасын бердік, ет жемесе де, сорпа ішкендей болып, беті қайтты. Шүйдеден соғу, түсін жылыту, сәті түсу, түкірген түкірігі жерге түспеу, жолы болу, т.б.	Мың қабат торқаңнан, тоқтыша-ғымның терісі артық. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады». Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.	Борандай, құрымдай, алақандай.	Сұм майдан, қылшылдаған қысы, тар жол, тайғақ кешу.

### Кесте-5. “Екі түрлі түсініктеме күнделігі” стратегиясы.

Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстар, үзінділер	Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікірің

**Бекіту.** «Кейіпкерге хат» стратегиясы арқылы ойтолғау жазу. Өзіне ұнаған кейіпкерге хат жазу, немесе Бауыржан Момышұлының атынан өскелең ұрпаққа хат жазу.

**Қорытындылау.** Стикерлерге өз пікірлерін жазып, тиісті суретке жапсырады.

**Бағалау.** Оқушылар өз бағаларын айтып, түсіндіреді. Бағалау парақтарынан орташа баға шығарып, баға қою.

**Үйге тапсырма:** ШҚО Кеңес Одағының батырлары туралы альбоммен танысып, біздің батыр жерлестерімізге арнап «Батырдың нар тұлғасы» тақырыбына шығарма жазу.

**М.МҮСІЛІМ,**  
**Жаңашаруа қазақ орта мектебі.**  
Атырау облысы,  
Қызылқоға ауданы,  
Қоныстану ауылы.

## **ЫБЫРАЙ – ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ**

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты: тәрбиелік** – оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру: а/ Еңбеккер болуға баулу; ә/ Білімді болуға талаптандыру; б/Туған елін, Отанын сүйу; **білімділік** – Ыбырай өмірі мен шығармашылығы жайлы кеңірек мағлұмат беру. Әңгімелерінің тақырыбы мен идеясын ашу; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту: а/Тұжырымды ой айтуға үйрету; ә/ Сөйлеу мәдениетіне баулу; б/ Өз көзқарастарын еркін білдіруге жетелеу.

**Түрі:** аралас, ізденіс сабағы. **Әдісі:** бейнеәдіс, мәселелік және эвристикалық, тест, СТО технологиясы, Венн диаграммасы, топтастыру/.

### **Сабақтың жүру барысы:**

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

### **Сабақтың жоспары:**

1. Есіңе түсір. Үй тапсырмасы.
2. Топтастыру. Ыбырай.
3. Салыстыр. Шоқан мен Ыбырай.
4. Анықта. Әңгімелерін талдау.
5. Сынап көр. Деңгейлік тапсырма.


6. Ойтолғау.

7. Қорытынды.

### **III. ЖАҢА САБАҚ**

Ұлы Абай әйгілі «Ескендір» поэмасын «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен!» деген жолмен бастағаны белгілі. Осынау өлең жолын бүгін «Біз осы Ыбырайды білеміз бе?» деп сәл-пәл өзгерте қолдансақ, шынымен де Ыбырайды білеміз бе? Білсек, кім деп білеміз?

#### **Кесте-1. «Топтастыру» стратегиясы.**



1. Ы.Алтынсарин кім?
2. Ыбырай несімен танымал?
3. Ыбырай не істеді?


Ыбырай әдебиет саласындағы негізгі еңбегі балаларға арналған. Ол өз шығармаларын да, аудармаларын да қазақтың ауыз әдебиетінен алған үлгілерін де балалардың ой-санасына, ұғымына лайықтап жазды. Шығарманы баланы қызықтыратын оқиғалы болуын, қысқа, тартымды жазылуын қадағалады. Мазмұны жағынан әдебиеттің бала тәрбиесіне тікелей өнеге болатын жағын ескерді. Мұның бәрі Ыбырай Алтынсаринді қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы деп айтуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ұғымына жеңіл, әсерлі, қарапайым тілмен идеяны анық беруі, тақырыпты таңдай білуі, оқиғаны түйінді сөздермен баяндап отыруы жазушы стилінің негізгі ерекшелігі деп айтуымыз керек.

Ұлы ұстаз жайында Жайсанбек Молдағалиевтың «Таза бұлақ» романы, Қажығали Мұхамбедқалиевтің «Ерте тұрған адам» повесі /хикаят/, Ғафу Қайырбековтің «Дала қоңырауы» поэмасы бар.


Сабақтың ұраны: «Білімді боп ержетіп, үмітін елдің ақтаймыз». Анықта /әңгімелерін талдау/

Ыбырай әңгімелері бойынша тапсырмалар:

1. Тақырыбы, идеясы, кейіпкерлері
2. Әсер еткен тұсы. Өз пікірің. Түйінді ой.
3. Тақырыпқа сай мақал-мәтел айт.



Біз түйген ой



IV. Бекіту /сынап көр/  
Деңгейлік тапсырмалар.  
Міндетті деңгей:

1. Ыбырайдың болашағынан үміт күтіп, оны оқуға жетелеген кім?

2. Ол қандай оқу бітірді және қандай қызмет атқарды?

3. Мұғалімдік қызметті неліктен таңдады деп ойлайсың?

Мүмкіндік деңгейі:

1. Ыбырай әңгімелерінің өміршеңдігі неде?

2. Ыбырай туралы жазылған қандай көркем туындыны білесің?

3. Ыбырай есімін есте қалдыру мақсатында қандай игі шаралар жасалды деп ойлайсың?

Ойтолғау:

1. Ыбырайға арнау.

2. Болашақ қазақ мектебі қандай болуы керек?

**V. Қорытынды.**

Елбасымыз Н.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп көрсеткен еді.

Біздің елімізде бұл бағыттағы жұмыстар білім беру ісін реформалау немесе 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу арқылы іске асырылмақ, сондықтан оған дайындық жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

12 жылдық білім беру жүйесіндегі білім мазмұны, бағалау жүйесі, т.б. өзекті мәселелері ғалымдар, мұғалімдер, әдіскерлер арасында талқыланып, ортақ пікір қалыптасты десе де болады. Бұл жүйе арқылы біз әлемдік білім кеңестігіне қол жеткіземіз. Сіздер, мектеп бітіруші жастар, өзгермелі қоғамға тез бейімделіп, ондағы өз орындарыңызды анықтайсыздар.

Ыбырайдың өнегелі әңгімелерінен тәрбие, үлгі алуға ұмтылайық.

VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма беру.

Міндетті деңгей: Ыбырай әңгімелері негізінде әңгіме жазу.

Мүмкіндік деңгей: «Даланың дара ұстазы» ойтолғау жазу.

**С.ҚАБЫЛОВА,**  
**Маяковский атындағы орта мектеп.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Жарма ауданы,  
Қалбатау ауылы.

## **М.ЖҰМАБАЕВ. «БАТЫР БАЯН»**

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – «Батыр Баян» поэмасының тақырыптық-идеялық мәнін және көркем-бейнелік құрылымын талдай білуге үйрету; поэманың мазмұндық, жанрлық-стильдік ерекшеліктерін таныту; ақынның характер ашу шеберлігін таныту; **тәрбиелік** – ақынның үздік туындысы «Батыр Баян» поэмасы арқылы Отанын, туған жерін, халқын сүйуге, намысты болуға, батырлық пен батылдыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – әр оқушының өзіндік қиялына ерік бере отырып, бейнелі ойлауға, кейіпкер әрекеттерін талдап өзінше ой түйіндеуге баулу, сыни тұрғыда ойлауға жетелеу.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** алдын ала тапсырма беру, Қ.Бітібаеваның ойланту, ой тастау технологиясы, «Атаулар туралы үш сұрақ» стратегиясы. Көрнекілік: презентация, «Мен жастарға сенемін» бейнежазбасы, бағалау парағы, топтардың аты жазылған бес қарудың суреті, таратпа материал.

### **Сабақтың барысы.**

1. Ұйымдастыру кезеңі (сынып оқушыларының сабаққа, құрал-жабдықтарының дайындығына шолу жасау).

2. Психологиялық дайындық («Мен жастарға сенемін» бейнежазбасы қойылады).

- Бұл өлеңнің авторы кім?
- Мағжан туралы не білеміз?
- «Мен жастарға сенемін» өлеңінде автордың айтпақ ойы.

3. Қ.Бітібаеваның «Ойланту, ой тастау» технологиясы бойынша сұрақтар (жалпылама сұрау).

Эпиграф: «Мағжанның ақындық күші, сөзге еркіндігі, суретшілдігі «Баянда» толық көрінеді. Абай айтқан «сөз патшасы» – «Баян». «Баян» - қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс». Ж.Аймауытов. «Лениншіл жас» газеті. 1923 жыл. (Қандай аумалы-төкпелі кезеңде жазылған шығарма? Ұлт тарихын, тұлғаларын айту мүмкін емес заманда жазылған шығарма). 1923 жылы Ташкентте М.Әуезовтің үйінде бір түнде жазылып шыққан шығарма.

- Поэмада қандай мәселелер қозғалған? (тарихи оқиғалар, Отанды қорғау, халқына, еліне сүйіспеншілік, махаббат тақырыбы)

- «Батыр Баян» поэмасының тақырыбы мен идеясы.

**4. Сынып оқушыларын қару-жарақ аттары бойынша 5 топқа бөлу** (шокпар, айбалта, қылыш, садақ, найза)

«Бес қару» - қазақтың дәстүрлі жауынгерлік қаруларының толық кешені. Байырғы ортада «Ер қаруы - бес қаруға» өзіндік жұмсау тәсілімен ерекшеленетін ату қаруын (садақ, оқ), түйреу қаруын (найза, сүңгі), кесу қаруын (қылыш, семсер, сапы), соғу қаруын (шокпар, гүрзі), шабу қаруын (балта, айбалта, шақан) жатқызады. Қарулардың бұл бес тобы көшпенді қоғамда біздің заманымыздың I мыңжылдығында пайда болған. Дәстүрлі ортада XIX ғасырға дейін қолданылып келді.

5. Әр топқа тапсырмалар беру (дайындыққа 6 минут)

«Найза» тобы: «Атаулар туралы үш сұрақ» стратегиясы. Поэмадағы кейіпкерлердің тарихилық сипатын ашу.

### **Кесте-1. Поэмадағы тарихи-әлеуметтік жағдай.**

Қашан?	Қайда?	Қандай?
Поэмадағы оқиға қашан болды?	Оқиға қай жерлерде болды?	Абылай, Баян тарихта қандай тұлға, поэмада қандай кейіпкер?
XVIII ғ. қазақ-қалмақ шапқыншылығы	Сарыарқа даласы, Обаған, Жолдыөзек, Көкшетау, Бурабай көлі. Қалмақтар жайлаған жер – Іле бойы.	

«Шокпар» тобы: мәтінмен жұмыс.

**Кесте-2. Композициялық талдау.**

Оқиғаның байланысы	Батырлардың бас қосуы.
Оқиғаның дамуы	Ноянның қалмақ қызына ғашық болуы, қыздың айласы.
Оқиғаның шиеленісуі	Қос ғашықтың елден қашуы.
Шарықтау шегі	Батыр Баянның екеуін атып өлтіруі.
Шешімі	Батыр Баянның ерлікпен қаза табуы.

«Айбалта» тобы: Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасау (Батыр Баян, қалмақ қызы, Ноян бейнелерін, іс-әрекеттерін талдау)

- Баянның батырлығы қандай әрекеттер үстінде көрінеді?

- Баян қандай батыр? Дәлелде.

- Батыр Баян, Ноян, қалмақ қызы образдарынан нені көреміз? Неге мұндай әрекеттерге барды?

- Ноян қалмақ қызының шырмауына қалай түсті? Ноянның қызды көргендегі алғашқы сезімі.

- Қалмақ қызы анасына қандай ант берді? Қалмақ қызы қандай?

- Ноянның қалмақ қызымен кетіп қалғанын естігендегі Баянның іс-әрекеті (мәтіннен үзіндіні оқып бер)

- Інісін өлтірген Баянның ісі қылмысқа жата ма? Не үшін өлтірді?

- Ноян қалмақ қызын сүйгені үшін айыпты ма?

«Қылыш» тобы:

Оқулықпен жұмыс. Поэмадан кейіпкер келбетін ашатын көркемдегіш құралдарды табу (эпитет, тенеу, метафора)

**Кесте-3. Тілдік талдау.**

Кейіпкерлер	Кейіпкер бейнесін ашатын тұстардан мәтіннен мысал келтір	Кейіпкер келбетін ашуда қандай көркемдегіш құрал қолданған?
Абылай		

Батыр Баян		
Ноян		
Қалмақ қызы		
Поэмада тарихи оқиғаны суреттеген тұстар		

«Садақ» тобы. Ойланып көр!

- Ноян өлімі мен Баян өлімін салыстыр.

- Егер оқиға қалмақ ішінде болып, қазақ қызы осындай қылықтар жасаса, қалай бағалар едіңдер?

- Баянның орнында болсаңдар, Ноянның іс-әрекетіне қандай жаза қолданар едіңдер? Ноянның орнында ше?

- Төмендегі үзіндіден нені аңғарамыз?

«Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі,

Ісімді мынау ағат немен жабам?»

«Жоқ, әлде, жоқ, жоқ, әлде өлтірдім бе,

Інімді алты алаштың намысы үшін?!»

6. Топ басшыларының өз тобын бағалауы.

7. Кері байланыс:

Бүгінгі сабақта үйрендім: ...

Жаңадан білдім: ...

Мен өз жұмысыма қанағаттандым, себебі ...

Бүгінгі сабақта мені таңқалдырды: ...

Поэмада саған не әсер етті?

Поэма желісі бойынша қандай ой түйдің?

Мен ештеңе түсінбедім, себебі ...

**Үйге тапсырма:** 1) Поэмадан монолог пен диалогты тауып оқы, кейіпкер келбетін ашудағы олардың рөлі қандай?

2) Поэмада Көкшетау табиғатының бейнеленуі. 3) Мен – тәуелсіз елдің патриотымын! (ой-толғау).

**Ж.СЕНҒЕРБЕКОВА,**  
**Жаңашаруа қазақ орта мектебі.**  
Атырау облысы,  
Қызылқоға ауданы,  
Қоныстану ауылы.

## МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ. «ҚЫЗҒЫШ ҚҰС»

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты:		М.Өтемісұлының ақындық шеберлігін таныту, оқушылардың танымдық біліктілігін арттыру, өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашу, лирикалық кейіпкерлердің көңіл күйін танытудағы шығарманың көркемдік ерекшелігін көрсету, қызғыш құс туралы мәлімет беру. Елің, жерін сүюге, әділдікті қорғауға, адал достыққа баулу. Оқушының сын тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру, әдебиет теориясынан мәлімет беру, сабақтың негізгі түйінін бөліп алып, шығармашылықпен жұмысқа дағдыландыру, өлеңді мәнерлеп айтуға қалыптастыру, өз пікірін айтуға машықтандыру.				
А	А	Берілген материалдарды өз беттерімен меңгерді, ойлау, сөйлеу мәдениеті дамиды, Жұптаса, топтаса жұмыс жасауға үйренеді, бірін-бірі бағалауға, тыңдауға үйренеді, танымдық қабілеті артады.				
	В	Топтық жұмыстар арқылы оның мәнерлеп оқуын жақсартып, кешенді талдау жасайды, нақты сұрақтар қойып, жүйелі жауап бере алады, сөйлеу мәдениеті қалыптасады				
	С	Махамбеттің өмірі мен шығармашылығынан толық мағлұмат алады, сабаққа қызығушылығы мен сөздік қоры артады.				
Блум таксономиясы	Сабақтың мазмұны					
	7 модуль. Жас ерекшеліктеріне қарай білім беру.	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар	Уақыт
		Ұйымдастыру Психологиялық дайындық. Ынтымақтастық атмосферасын құрады. «Алақан жылуы» тілектер айту.	Бір-біріне жақсы көңіл күй тілейді.	Әр түрлі әдіс-тәсіл арқылы	Топтас-тыру (2 топқа бөлу) 1-топ. Махамбет 2-топ. Исатай	45 минут 2 минут

Білу	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. Қызығушылығын ояту. Ой қозғау.	Үй тапсырмасын тексеру. 1.« Сұрақтар жаңбыры» кезеңі (өлеңнің кез келген тармағы жазылады, оқушы әрі қарай жатқа оқу арқылы жалғастырады) 2.Мұғалімнің сұрағы: Өлеңнен Исатайдың бейнесін, мінген атын суреттеген жолдарын тап. <i>Исатай – басы, мен - қосшы,</i> <i>Исатайдың сол күнде</i> <i>Ақтабан аты астында,</i> <i>Дулығасы басында,</i> <i>Зығырдаңы қайнайды.</i> <i>Астына мінген Ақтабан</i> <i>Ақбөкендей ойнайды...</i> Өлеңнен бейнелі сөздерді тап.	М.Өтемісұлының «Соғыс» өлеңін жатқа мәнерлеп оқиды.	Бірін-бірі бағалайды.	Махамбеттің суреті, өлеңдер жинағы.	6 минут
Түсіну	АКТ-ны қолдану (интер-бел-сенді такта) СТО Диалог әдісі.	Бейнежазба көрсету. - Балалар, Исатай қазасынан кейін Махамбет жалғыздыққа бой алдырады. Қарулы жасақтың көпшілігі тарап кетеді. Бытырап кеткен қолды жинау қиынға түседі. Ол ел ішінде бой тасалап жүреді. Халық адал ұлын хан баласына сатпайды. Махамбет өмірінің соңғы айларында отбасымен Қараой деген жерді мекен етеді. Осы кездері ақынның «Қызғыш құс» өлеңі дүниеге келеді. - Балалар, қызғыш құсты көргендерің бар ма? Су маңында ашық жерлерде өмір сүреді. Ұясын қалың шөп өскен жерге салады. Жыл құсы. Қауіпті хайуандар немесе адам жақындаса, көз алдына келіп құлап түсіп, мерткікен болып, ұша алмаған болып, өзіне назар аудартатын, жақындаса және әрірек жылжып, ұясынан алдап алыстатып әкететін құс. Ол, тіпті, ұясының маңында жүрсен де кикулай ұшып, жан таппай кетеді «Қызғыштай қору» деген сөз де осыдан шыққан. Қызғыш – балықшылар тобына жататын, дене тұрқы 30 см, салмағы 200 г ғана құс. Мойны мен жемсауы кара, жасылдау жылтыр,	Дәптерлерін ашып, күн, сабақ тақырыбын жазады.  Білу, түсіну аясында сұрақтарға жауап берді.	Мадақтаулар: керемет, жақсы айттың.	Қазақстан картасы  Түрткі сұрақтар	7 минут



		бауыры мен екі бүйірі ақ, қанаты біршама жалпақ және доғалдау, тұмсығы түзу әрі қысқа, шүйдесінде қара қауырсын айдары бар, айлалы құс. Лашын – сұңқар тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Қанаты ұзын, үшкір, үстінгі беті сұр, астыңғы жағы ақшылдау келген, көлденең қара жолақты. Көзінің астында ұзынша қос қара «мұртшасы» (қауырсыны) болады. Денесінің ұзындығы 40 – 50 см, қанаттары жайылғанда 90 – 110 см. Аяқтары қысқа, тырнақтары майысқан, өткір. Сағатына 300 шақырым жылдамдықпен ұшады. Лашын Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.	Биологиямен байланыстырады.			
		Картамен жұмыс 1-шумақ.Махамбет өз бейнесін қызғыш құстың бойына көшіре отырып жырлады. Қоғамдағы өз жауы-хан, сұлтандар болса, қызғыштың жауы лашын екенін салыстыра суреттейді. 2-шумақ.Көлінен айырылған қызғыштың, елінен айырылған өзінің ауыр тағдыры айтылады. 3-шумақ.Елін, туған жерін сүйген Махамбет өзін елден айырған хан – сұлтандарды ащы тілмен аяусыз түйреді. Лашынның да қызғышқа жасаған тепкісін айтады. 4-шумақ.Бойдағы ыза-кегі тасып тұрғаны мен қарсы тұрар күш-қайратының жеткіліксіздігі айтылады. Өлеңде Махамбеттің көтерілістен кейінгі барлық көңіл күйі айқын көрінеді.	Тарихпен, географиямен байланыстырады.	Смайликтермен бағалау		
	Сергіту сәті	«Он сұрақ» Бір оқушы ортаға шығып, маңдайына тұлғаның есімі жазылған стикер жапсырып, келесі топқа жабық сұрақтар қояды. Сол сұрақтар арқылы кім екенін табу (Махамбет пен Исатай)	Әр топқа барып сұрақ қояды, оған отырғандар тек «иә, жоқ»			3 минут

				деп жауап береді. 10 сұрақ қоюға ғана болады.		
Қолдану	Оқытудағы жаңа тәсілдер. СТО	<b>Венн диаграммасы</b> Махамбет пен Исатай (екеуінде ұқсастық бар ма?)		Кейіпкерге сипаттама беру мінез-деме дәптерге жазылады	Қол шапалақ тау. (3 рет қол соғу).	5 минут
Талдау	Сын тұрғысынан ойлау.	Сатылай кешенді талдау. 1-топ «Соғыс» өлеңі. 2-топ «Қызғыш құс» өлеңі.			мадақтау	Қазақ тілі оқулығы. 5-сынып. 7 минут
Жинақтау	Талантты және дарынды балаларды оқыту	<b>Шығармашылық жұмыс.</b> - Балалар, қазір сендер Махамбет Өтемісұлының «Жұмыр қылыш» күйін тыңдай отырып, мынадай тапсырмалар орындайсыздар. 1.Махамбетке арнау. 2.Махамбетке хат. 3.Тақырыпқа сай сурет салу.		Шығармашылық жұмыс арқылы өз ойларын жазады, өлең құрастырады, сурет салады. Өлеңдерін «Автор орындығына» келіп оқиды.	Смайликтермен немесе фишкалармен бағалау.	Өлең жолдары 5 минут
Бағалау	Жас ерекшеліктеріне қарай білім беру. Диалогтік оқыту.	1) Өлеңде не айтылған? Махамбеттің жалғыздығы, үмітінің ақталмауы, әділетсіздік, зорлық-зомбылық. 2) Шығармадағы лирикалық кейіпкер кім? Шығармадағы лирикалық кейіпкер – ақынның өзі. 3) Көтеріліс жеңілді, бірақ Махамбеттің сол үмігі ақталып, арманы орындалды ма? Иә, қазір егемендігімізді алып, өз алдымызға Тәуелсіз мемлекет болдық. Бейнежазба көрсету.		Махамбет туралы айтылған пікірлерді тындау.	Кері байланыс. Өзара бағалау.	Сұрақ - жауап. 5 минут
Рефлексия	Оқыту үшін бағалау және	Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? Қандай әсер алдыңдар?		Ауызша өз ойла-рын айтады. Оқушылар стикер-	мадақтау	«Конверт» кері байланыс стратегиясы. 3 минут

	оқуды бағалау	Топ басшысының бағалауы.	лерге бүгінгі тақырып бойынша не-ні жақсы түсінді, қайсы тапсырмалар қиын болды сол туралы жазып тақтада ілулі тұрған конвертке салады.			
Үй тапсырмасы		Тарих беттерін парақтасак сонау дүбірлі батырлар заманынан бері ел мен жер үшін қаншама тер төгілді, қаншама адам құрбан болды. Бостандық деп аталатын асқақ арман жолында қаншама қан төгілді, қаншама батырлар мерт болды. Бұл арпалыс бір жыл, бір мезет емес, талай ғасырларға созылған. Осы Тәуелсіздікке жету үшін қаншама қиындықтардан өттік. Махамбет секілді өз тәуелсіздігімізді қорғайық, өркендеуіне үлес қосайық!	Оқушылар үйге тапсырма алады. Махамбет Өтемісұлының «Қызғыш құс» өлеңін жаттау. Ерлік, батырлық туралы ойтолғау жазу.			2 минут



**М.ЕРМЕНТАЕВА,**  
**Жайық негізгі мектебі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы.

## ҚАЗІРГІ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

**Сабақтың мақсаты:** а/ осы күнгі айтыс өнерінің өзіне тән ерекшеліктері мен халық өмірінде алатын орны, тәрбиелік мәні жайлы түсіндіру; ә/ оқушылардың ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін, сөздік қорларын дамыту; б/ ақындар айтысының тақырыбы мен

айтпақ ойларын оқыту арқылы оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа, әділдікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:** 1. Қазіргі айтыскер ақындармен танысады. 2. Осы күнгі айтыстың көркемдік ерекшелігіне талдау жасайды. 3. Ұтымды, дәлелді жауап қайтаруға үйренеді. 4. Өз ойын еркін айта алады.

Не арқылы бағаланады?

- Шығарма жұмысы.
- Терминологиялық диктант.
- Ескі әлем, жаңа әлем.
- Топтық тергеу.
- Еркін жазу.

**Түрі:** дәстүрлі. **Әдісі:** топтық жұмыс, СТО технологиялары.

**Көрнекілігі:** слайд, плакат, бағалау парағы.

**Сабақтың барысы.**

**I. Қызығушылықты ояту.**

Айтыс түрлері жазылған парақшалар арқылы 4 топқа бөлінеді (оқушыларға бағалау парақтары таратылады).

Әр топ мүшесі көршісімен дәптерлерін ауыстырып шығармаларын оқиды, бағалайды. Топтан үздік деп танылған шығарманы сыныпқа таныстырады, неліктен үздік деп танығанын дәлелдейді.

**Еркін жауап.** «Біржан мен Сара» айтысынан жатқа үзінді айту.

**II. Мағынаны тану. Терминологиялық диктант.**

Әр топқа «АЙТЫС» сөзі жазылған плакаттар таратылады. Айтыс сөзінің анықтамасын дайындауға сөздер мен сөз тіркестерін жазуға 3 минут уақыт беріледі.

Әр топ жұмысын қорғайды.

- Қазір айтыс көреміз бе?
- Неліктен көреміз? (Неге көрмейміз?)
- Қазіргі кезде атақты айтыс ақындарынан кімдерді білеміз? (Оқушылар ақындардың аттарын дәптерге жазып отырады).

- Өткен сабақта тарихта аты қалған салт айтысының үздік туындыларымен танысқан болсақ, бүгінгі сабағымызда қазіргі заман айтысы туралы әңгімелемекпіз.

Ескі әлем (айтыс тақырыбы)	Жаңа әлем (айтыс тақырыбы)
1. Ру мәселелері. 2. Елінің ақындары. 3. Елінің атақты адамдары. 4. Өр рудың батырлары.	1. Тәуелсіздік. 2. Қоғамдағы өзгерістер. 3. Ұл мен қыз тәрбиесі. 4. Тәрбие мектебі.

Тәуелсіздік жылдарындағы ақындар айтысынан үзінді талдап қарайық.

«Топтық тергеу» (әр топ үзіндіден көркемдегіш сөздерді табады, дәптерлеріне жазады).

I топ. Аманжол Әлтаев пен Жібек Болтанованың айтысы.

II топ. Мұхамеджан Тазабеков пен Балғынбек Имашевтің айтысы.

III топ. Оразалы Досбосынов пен Ринат Зайытовтың айтысы.

IV топ. Шорабек Айдаров пен Лена Әбдіхалықованың айтысы.

**Венн диаграммасы** арқылы салыстыру.

**Айтыс тыңдау**

**Еркін жазу**

- Қазіргі айтыстың құндылығы неде?

Оқушылар дәптерлеріне жазады, ойларымен бөліседі.

**III. Толғаныс**

**Бес жолды өлең құрау (Ақын, айтыс)**

1. Зат есім.

2. Сын есім.

3. Етістік.

4. Сөйлем.

5. Синоним.

Өлең құрастыру.

Мен де бір тілек айтайын....

**Үйге тапсырма:** өз облысымыздың, ауданымыздың намысын қорғап жүрген ақындар туралы деректер жинау.

**Бағалау.**

**Б.ЕПЕНОВА,**

**Е.Айшуақұлы атындағы орта мектеп.**

Маңғыстау облысы,

Маңғыстау ауданы,

Жыңғылды ауылы.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. «АҚЫН ІНІМЕ» ӨЛЕҢІ**

*(7-сынып)*

Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ А.Байтұрсынұлының тілші,әдебиетші, ақын екендігін таныту. «Ақын ініме» өлеңінің мазмұнын меңгерте отырып, идеясын ашу;</li> <li>➤ Оқушылардың ойын еркін айтуға дағдыландыру;</li> <li>➤ Адам мінездеріндегі жақсы қасиеттерді уағыздау, ақынның халық алдындағы парызы мен міндетін ұғындыру.</li> </ul>
Сілтеме:	Әдебиет пәнінің оқыту әдістемесі; Әдебиет пәніне арналған дидактикалық материалдар; Ақынның өлеңдер жинағы.
Оқу нәтижесі:	А.Байтұрсынұлы туралы білімдерін кеңейту; «Ақын ініме» өлеңін талдау арқылы оқушылардың ойлау-қабілетін дамыту; АКТ-ны тиімді пайдалану.
Негізгі идеялар:	Ақынның айтқысы келген ойын айқындау.
Сабақта қолданылатын ресурстар:	Интербелсенді тақта, тақырып бойынша тұсаукесер, стикерлер, флипчарт, маркер.
Оқыту әдістері:	Жаңа әдістер: сұрақ-жауап, АКТ,СТО Бағалау түрі: формативті, дөңгелектер тарату. Жұмыс түрлері: жеке, топтық.
Дерек көздері:	Ә.Кекілбаев. «Ұстаз ұлағаты»; Қ.Алпысбаев. «Қазақ әдебиеті».
Тапсырмалар:	Мәтінмен жұмыс, тақырып бойынша постер қорғау.

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:

I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу (5мин) 14 <sup>00</sup> -14 <sup>05</sup>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату мақсатында А.Байтұрсынұлының «Қара бұлт» өлеңінің әр тармағын оқушыларға тарату арқылы топқа бөлу.	Оқушылар өлең тармақтарын ретімен мәнерлеп оқиды да, үш топқа бөлінеді.
II. Жаңа тақырып (10 минут) 14 <sup>05</sup> - 14 <sup>15</sup>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Оқушыларды жаңа сабақтың тақырыбы, мақсат-міндеттерімен таныстыру. Әр топтың спикерлері интербелсенді тактада алдын ала берілген тапсырмаларды қорғайды. Бағалау дөңгелектерін беру арқылы формативті бағалау.	1-топ: ақынның әкесі Байтұрсын туралы деректермен таныстырады. 2-топ: Ахметтің «Қырық мысал», «Маса» жинақтарымен таныстырады. 3-топ: А.Байтұрсынұлының еңбек жолының ағартушылықтан басталғандығы жөнінде дерек келтіреді.
Мағынаны ашу (6 мин) 14 <sup>15</sup> - 14 <sup>21</sup>	1. Оқушыларға мұғалім өлеңді өзі оқып таныстырады; 2. Түсініксіз сөздерге түсінік беру.	Сабақты зер сала қарап, мұқият тыңдап, есте сақтайды. Дәптерге түртіп алады.
Тапсырмалар (11 мин) 14 <sup>21</sup> -14 <sup>32</sup>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
2 минут	Жеке жұмыс. Мұғалім өлеңді оқушыларға оқытады. Оқушылардың өлеңді мәнерлеп оқуын қадағалайды.	Оқушылар өлеңді мәнерлеп оқиды.

6 минут	Топтық жұмыс. Постер құрғызу.	1-топ: «Дегендер: мен жақсымын, толып жатыр, Жақсылық өз басынан артылмаған» тақырыбына постер. 2-топ: «Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп, Екпіндеп ұшқыр атша қарқындаған» тақырыбына постер. 3-топ: «Азырақ құлағың сал, ақын інім» тақырыбына постер.
3 минут	Қолпаштау сөздері арқылы бағалау.	Әр топ постер қорғайды.
III. Қорытындылау (5 мин) 14 <sup>32</sup> - 14 <sup>37</sup>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
«Миға шабуыл» стратегиясы	1. Ақын өлеңде адам мінездеріндегі қандай қасиеттерді сынайды? 2. Өлеңде қандай жақсы қасиеттерді уағыздайды? 3. Өлеңде ақынның халық алдындағы парызы қандай болу керектігін айтады? 4. Ақынның айтқысы келген өзекті ойы қандай?	Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларымен бөліседі.
IV. Үй тапсырмасы: (2 мин) 14 <sup>37</sup> - 14 <sup>39</sup>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	«Қазақты оянсын деп сөзбен шақтым» тақырыбына шығарма жазу.	Үй тапсырмасын білу, күнделікке түртіп алу.
V. Бағалау (2 мин) 14 <sup>39</sup> - 14 <sup>41</sup>	Формативті бағалау	Спикерлер бағалау парағы бойынша сөйлейді.
VI. Рефлексия (4 мин) 14 <sup>41</sup> - 14 <sup>45</sup>	Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстары туралы қысқаша стикерлерге жазғызу.	Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын қысқаша стикерлер арқылы жеткізу.

А.ЕРМАХАНОВА,  
№45 орта мектеп.  
Ақтөбе қаласы.

## ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ САН ЕСІМДЕР

(6-сынып)

Мақсаты:	Сан есімнің құрамына қарай түрлері дара және күрделі сан есімдер туралы түсінік беру. Күрделі сан есімнің жасалу жолы мен жазылу емлесі туралы түсіндіру. Ой-өрісін, ойлау белсенділігін, сөйлеу шеберлігін дамыту. Сыни ойлауға тәрбиелеу.			
Күтілетін нәтиже:	-мәтінді оқиды, мазмұнын меңгереді; -жеке, топпен жұмыс жасай отырып, тақырыптың мәнін ашады, ойын дәлелдейді; -сыни ойлауға бағытталады.			
Сабак кезеңдері:	Сабақтың барысы	Әдіс-тәсілдер	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру жұмысы.	<p><b>1. Психологиялық тренинг «Мен ... ұқсаймын»</b></p> <p><b>2. Топқа бөлу. Топ ережесін еске түсіру.</b> Оқушы үшін жағымды бағаларды атайық. 3,4,5 сандары арқылы «Үлгілілер», «Төзімділер», «Белсенділер» тобы құрылады.</p> <p><b>3. Үй тапсырмасын тексеру.</b> 158- жаттығу. Тірек сөздерді пайдаланып, сан есімдері бар сөздерден тұратын мәтін құрастыру. (Әр топтан 1 жұмыс тыңдалады, басқа оқушылар кездескен сан есімдерді атайды)</p>	Тренинг  Дөңгелек стол	Үш шапалак	Интер. такта  Дәптерлері, оқулық

I. Қызығушылықты ояту.	Топтарға арналған тапсырма. Жұмбақ шешу <b>Үлгілілер тобы:</b> Отыз екі мықты, Қаз-қатар боп шықты Он алтысы асты, Он алтысы үсті ( <b>тіс</b> ) <b>Төзімділер тобы:</b> Екі атым бар тынбайтын, Өзімді ғана тыңдайтын ( <b>Аяқ</b> )		Жарайсындар	Интер. такта, дәптер, қалам.
	Белсенділер тобы Алтын терек, он екі бұтақ, Үш жүз алпыс бес жапырақ (Жыл, айлар, тәуліктер) - Жұмбақтың шешуін табындар? - Жұмбақтардың бүгінгі сабаққа байланысы қандай? - Сан есімдерге назар аударындар. Сандардан қандай айырмашылықтар байқап отырсындар? Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Дара және күрделі сан есімдер.			
II. Мағынаны таны.	Жаңа тақырыппен жұмыс. <b>1. Топтық тұсаукесер рәсімі</b> 1. Мәтін оқылады. 2. Постер толтырылады 3. Қорытынды жасайды 4. Аудиторияда тұсаукесер рәсімін жасайды.	Балық қаңқасы, венн диаграммасы, жүк журналы.	Үш шапалак	А <sub>3</sub> форматты қағаз, маркерлер, оқулық.
	<b>2. Жаттығу жұмыстары.</b> <b>159-жаттығу.</b> Сөйлемдерді оқып, дара және күрделі сан есімдерді ажырат. (Ауызша талдау, жеке жұмыс) 1-топ. 1-2 сөйлем 2-топ. 3-4 сөйлем 3-топ. 4-5-6 сөйлемдер <b>160-жаттығу.</b> Сандарды сөзбен жазып, дара және күрделі түріне ажыратындар.		Жарайсындар	Оқулық
	Шығармашылық тапсырма. Берілген сурет бойынша дара және күрделі сан есімдерді қолдана отырып, мәтін құраңдар.	Автор орындағы	Жарайсындар	Оқулық, дәптер қалам.

	Үлгілер	Төзімділер	Белсенділер			
	3, 41, 68, 7, 5-6, 50-60	4, 27, 9, 1000, 50, 70	1597,789, 15257; 5,27; 20			
Ой толғанys:	<p>Ойланып көр</p> <p>- Сан есімдерді өмірде қолданбасақ бола ма?</p> <p>- сан есімдерді басқа сөздермен алмастырып көрші.</p> <p>(аз, көп, бірталай, біршама, азғантай, біраз, өте жақсы, қанағаттанарлық, сүйем, қарыс, кез, т.б)</p> <p>- Өзгерістер қандай? Дәлелдеуге тырыс.</p>			Үш шапалақ	Оқушы дәптері	
Бағалау.	Жинақтаушы бағалау.					
Үйге тапсырма:	161-жаттығу. Дара және күрделі сан есімдер.					
Кері байланыс:	<p>Төмендегі сұрақтарға жауап “Иә” немесе “Жоқ” түрінде беріледі.</p> <p>Сан есім құрамына қарай 3 түрге бөліне ме?</p> <p>5,8,10,100 сандары дара сан есімдер қатарына жата ма?</p> <p>55, 130, 2014 сандарын күрделі сан есім деп санайсың ба?</p> <p>Қосарлану және қайталану арқылы жасалған сан есімдерге дефис қойылмайды ма?</p>					



**А.ШАКИРОВА,**  
**Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Тасқала ауданы.

## КҮШЕЙТПЕЛІ ШЫРАЙ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың грамматикалық білімдерін тереңдету, жаңа білімді меңгеру, жаңа сөздерді дұрыс

қолдана білу; шығармашылық қабілеттерін, ойларын дамыту, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру; сөйлеу мәдениетін арттыру, өзін-өзі бағалай білуге, басқалардың көзқарасын тыңдап, сыйлай білуге тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа білімді меңгерту сабағы. **Әдісі:** АКТ, сын тұрғысынан ойлау, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** слайд, бейнебаян, ұнтаспа, электронды оқулық. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, өзін-өзі тану.

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Балаларды түгелдеп, бүгінгі күн ерекше күн екенін хабарлау, психологиялық жағынан балаларды дайындап алу, олардың білімдері жоғары екендіктерін айтып көңілдерін көтеру.

**Шаттық шеңбері.** Оқушылар гүл беру арқылы бір-бірінің жақсы қасиеттерін айтады.

**Топқа бөлу.** Пішіндер арқылы екі топқа бөлу.

**II. Үй тапсырмасын тексеру.** 54, 58-жаттығулар.

Электронды оқулық арқылы ережені қайталау.

**III. Жаңа сабақты түсіндіру.**

Біркелкі сындардың бірінен екіншісінің өте артық не өте кем екендігін көрсететін шырай түрі күшейтпелі шырай деп аталады. Мысалы: үп-үлкен, тым үлкен.

Күшейтпелі шырай сапалық сын есімдердің алдына күшейткіш буындардың үстелуі арқылы жасалады. Мысалы: биік-біп-биік, ұзын-үп-ұзын.

Күшейтпелі шырай сапалық негізгі сын есімдерге өте, тым, аса, ең, тіпті, нағыз, нақ, шымқай, орасан, кілең күшейткіш үстеулердің тіркесуі арқылы жасалады.

Топпен жұмыс: I-тапсырма. 60-жаттығу. I топ. Күшейткіш буындар арқылы күшейтпелі шырай жасайды. II топ. Күшейткіш үстеулер арқылы күшейтпелі шырай жасайды.

2-тапсырма. 61-жаттығу.

**I топ.** Күшейтпелі шырайды теріп жазу. I-сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

**II топ.** Салыстырмалы шырай жасау. Сын есімдерге морфологиялық талдау жасау. (5 сөз).

3-тапсырма. Сөздердің I топ – антоним, II топ – синонимдерін тауып, оларды түрлендіру. Көне – ескі (ескілеу, өте ескі, еп-ескі). Кір – лас (ластау, өте лас, лап-лас). Момын – жуас (жуастау, өте жуас, жып-жуас). Толық - семіз (семіздеу, өте семіз, сеп-семіз). Сұлу – әдемі (әдемірек, өте әдемі, әп-әдемі)

### Тыныштық сәті.

Түн. Мен далада сәкі үстінде жатырмын. Аспанда жұлдыздар жымындайды. Жұлдыздар арасында ай. Дала сүттей жарық. Тау жақтан салқын леп соғады. Жым-жырт тыныштық. Мен ояу жатырмын. Ұйқым келер емес. Қандай сүйкімді көрініс. Табиғат бір мезгіл тыныс алғандай. Тілмен айтып жеткізудің өзі қиын. Тіпті суретшілер де дәл осындай көріністі көз алдына келтіре алмас. Тек табиғаттың ғана қолынан келетіндей.

4-тапсырма. Шығармашылық жұмыс. Көрсетілген бейнебаян арқылы I топ сапалық, қатыстық сын есімдерді пайдаланып, II топ күшейтпелі шырайды пайдаланып мәгін құрайды.

5-тапсырма. **64-жаттығу.** Мәтінді аудиожазбадан тыңдау, сын есімдерді теріп жазу. I топ. Күшейтпелі шырай. II топ. Салыстырмалы шырай жасау.

### ҮШІНШІ СӨЗ

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Нәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

(Абай туралы, Абайдың қара сөздері туралы айтып кету)

6-тапсырма. Мақал-мәтелдерден сын есімдерді табу, морфологиялық талдау жасау, күшейтпелі шырай жасау

I топ. 1. Білекті адам бірді жығады, Білімді адам мыңды жығады.

2. Көз – қорқақ, Қол – батыр.

3. Талапты ерге нұр жауар.

II топ.

1. Әлсіз адам сүріншек,

Ақылсыз адам еріншек.

2. Атадан жақсы ұл туса,

Елінің қамын жейді.

Атадан жаман ұл туса,

Елінің малын жейді.

3. Айлалы батыр алдырмас.

Бекіту. 1. Семантикалық картамен жұмыс.

Мысалдар	Салыстырмалы шырай	Күшейтпелі шырай
Әп-әдемі		
Үлкендеу		
Бойшаң		
Қап-қара		
Қымбатырақ		
Өте арық		
Қызғылт		
Аса маңызды		
Бозаң		
Биіктеу		
Тым көк		
Сарғылт		
Тереңдеу		

2. Венн диаграммасы. Салыстырмалы шырай мен күшейтпелі шырайды салыстыру.

3. Грамматикалық диктант.

1. Заттың, құбылыстың сынын, сапасын, дәмін, түсін, көлемін білдіріп, қандай? деген сұраққа жауап беретін сөз табы. *Сын есім.* 2. Сын есімнің мағыналық түрлері: *қатыстық, сапалық.* 3. Біртектес түр мен түстің, сапа мен белгінің, иіс пен дәмнің әр қилы рендерін не дейміз. *Шырай.* 4. -рақ, -рек, -ырақ, -ірек қандай шырайдың жұрнақтары. *Салыстырмалы шырай.* 5. Күшейткіш буындар мен күшейткіш үстеулер арқылы жасалатын шырай түрі. *Күшейтпелі шырай.* 6. Күшейткіш

буын қосарланғанда бірге жазылатын сын есімдер. *Ақ, көк.*  
 7. Сулы жер – нулы жер. Мақалда қандай сын есімдер қатысып тұр? *Қатыстық сын есімдер.* 8. Шырайдың неше түрі бар? *2.*  
 9. Күшейткіш буындар сын есімдермен бірге жазыла ма? *Жоқ.*  
 10. Әп-әдемі, өте жасыл, тап-таза сын есімдері мағынасына қарай қандай сын есімдер және қандай шырайлы сын есімдер?  
*Сапалық, күшейткіш.*

**Үй тапсырмасы:** 62, 63-жаттығулар.

**Бағалау.**



**Д.АЛИЕВА,**  
**№134 орта мектеп.**  
 Қызылорда облысы,  
 Қазалы ауданы,  
 Шәкен ауылы.

## ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢШКЕ ДАУЫСТЫЛАР

*(5-сынып)*


**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – тіл дыбыстары және олардың жіктелуін меңгерту, жаттығу жұмыстары арқылы дауысты дыбыстарды ажырату; **тәрбиелік** – сынып оқушыларын ұйымшылдыққа, бірлесе жұмыс істеуге шақыру, басқаның пікірін сыйлауға тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың сөз байлығын дамыту, қазақ тілінде жетік сөйлеуге дағдыландыру. Өз беттерімен жұмыс істеуге үйрету. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. **Түрі:** дамытушылық. **Типі:** жаңа сабақты меңгерту. **Әдісі:** түсіндіру, ассоциация, сиқырлы таяқша, ойын. **Көрнекілі:** интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру. Сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

**I. Қызығушылықты ояту. Сөзжұмбақ шешу.**



1. Ішкі мәдениеттің төмендігі салдарынан қолданылатын дөрекі, әдепсіз сөздерді не дейміз?  
 2. Біркелкі дыбысталып айтылатын, бірақ мағынасы басқа-басқа сөздер қалай аталады?

3. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді не деп атаймыз?

4. Ойды сыпайы, жағымды етіп жеткізу мақсатында қолданылатын сөздер?


5. Халықтың наным-сенімі бойынша атын айтуға тыйым салынған сөздер?

6. Мағыналары бір-біріне жақын, дыбысталуы әртүрлі сөздерді қалай атаймыз?

7. Сөздердің мағыналарын зерттейтін тіл білімінің саласы?

8. Тәрбиелік мәні бар, нақыл сипатында айтылған сөздер?

**Ой қозғау.**



**Жаңа сабақ.**

Дауысты дыбыстар-айтылу кезінде ауа өкпеден кедергісіз шығып, үннен ғана тұратын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз.

*Дауысты дыбыстардың жіктелуі.*



Тілдің кейін шегініп, үсті дөңестеу арқылы жасалған дауысты дыбыстарды жуан дауысты дыбыстар деп атаймыз. **Жуан дауыстылар: а, о, ұ, ы, у**

Тілдің ілгері қарай созылу арқылы жасалған дауысты дыбыстарды жіңішке дауысты дыбыстар деп атаймыз.

**Жіңішке дауыстылар: ә, е, ө, ү, і, и**

## II. Мағынаны тану. Дәптермен жұмыс.

**237-жаттығу. Ауызша орында.** Метаграммаларды шешіндер.

Егер т-дан бастасаң- Биіктердің биігі. (тау)	Егер б-дан бастасаң- Түтіндей боп көшемін. (бу)
Егер д-дан бастасаң- Қиындардың қиыны. (дау)	Егер н-дан бастасаң- Жап-жасыл боп өсемін. (ну)
Екеуін де алып тастасаң, Балықшының бұйымы. (ау)	Жеке өзімді тастасаң- Ішкен жанға кеселмін. (у)

**240-жаттығу.** Мына жұмбақтарды көшіріп жазып, жуан дауысты сөздердің астын бір, жіңішке дауысты сөздердің астын екі сызындар.

Ішіне тамақ салынған,  
Есігі тастай жабылған. (тоңазытқыш)

Қамыс құлақ, тостаған тұяқ,

Мінсең - қанат, сүті дәрі,

Еті тамақ. (жылқы)

**241-жаттығу.** Мына сөздердің ішінен жуан у дыбысы бар сөздерді бір бағанға, жіңішке у дыбысы бар сөздерді екінші бағанға теріп жазындар.

Ашу	Білу
Қазу	Сену
Жазу	Беру
Қу	Ілу
Жолығу	Кезу
Сызушы	Көну
Жу	
Қону	

**242-жаттығу. “Жоғалған әріптер” ойыны.** Көп нүктенің орнына тиісті дыбыстарды қойып оқу.

...л...пби

Б...ғ...н мұғал...м үлк...н қ...ғ...з әк...ліп, іл...п қойд... Қағаз бет...нд...гі ...ріптер үлкен-үлкен ет...п жаз...лған. Астын... “...л...пби” деген сөз ж...зылған. М...ғал...м: “Барлық әр...п осы. М...нда тан...майтын әр...птер...ң бар ма?”-деді.

Біз:”Ж...қ!”-дед...к.

“Ендеше, ...ріпт...ң б...рін біліп б...лдыңд...р. Енд... Қ...ндай с...з болс... да ...қуға жарайсындар.

М...нау – әр...птерд...ң бастан-аяқ рет...мен тұрғаны. Бұл “әр...п реті” деп аталад... Әр...птерд... түг...л айту керек б...лған кезд... де осы ретім...н іздейс...нд...р,”- деді.

### Сабақты бекіту.

Деңгейлік тапсырма.

I деңгей	II деңгей	III деңгей
“Ә” дыбысынан басталатын 10 сөз тауып жаз.	“А” дыбысынан басталып “а” дыбысына аяқталатын 10 сөз тауып жаз.	Дауысты дыбыстардан басталатын ұлттық ойындардың атын жазу.

### Қорытындылау. Семантикалық карта толтыру.

№	Дауысты дыбыстар	Жуан	Жіңішке	Дауысты дыбыстар	
1	А	+		Ұ	7
2	Ұ			І	8
3	И			Е	9
4	О			Ә	10
5	Ы			Э	11
6	Ө			У	12

**Бағалау.** Оқушыларды мадақтау арқылы бағалаймын.

### Үйге тапсырма:

1. Дауысты дыбыстар. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар.

2. **Тапсырма:** Дыбыс саны мен әріп санында айырмашылық бар бірнеше сөздер тауып жазындар. **Мысалы:** ырас-рас, Сарыарқа- Сарарқа, грамм-грам.

3. Айтылуы жағынан бір – біріне ұқсас сөздер жазу. **Мысалы:** түлкі-күлкі, тас-бас, таяқ-аяқ, ауыр-бауыр.

**Р.ҚҰРБАНҒАЗИЕВА,**  
**Сағыз орта мектебі.**  
Ақтөбе облысы,  
Байғанин ауданы,  
Ноғайты ауылы.

## ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ЕТІСТІКТІ ҚАЙТАЛАУ

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Жаңа әдістерді пайдалануда өзіміз қолданып жүрген әдістерді жаңа жағдайға бейімдей пайдалануымыз керек.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» сабағындағы мақсатым – оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, жүйелі ой түюге баулу. Өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету, дағдыландыру.

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушыларға қосымшалардан өткендерді қайталата отырып, жұрнақтарды меңгерту; **дамытушылық** – жұрнақтар туралы түсінік бере отырып, оның түрлеріне тоқталу, жасалу жолдарын көрсете отырып, айырмашылықтарын айқындау; **тәрбиелік** – жаңа технологияны қолданып білімдерін көтеру; **коммуникативтік** - оқушыларды адамгершілік қасиетке баули отырып, алған білімдерін ауызша және жазбаша тілде қалыптастыру. **Сабақта қолданылатын педагогикалық технологиялар:** Білім беруді ізгілендіру, деңгейіне қарай дамыта оқыту, СТО. **Әдісі:** дамыта оқыту. **Түрі:** жаңа сабақ. **Көрнекілігі:** таблица, қима қағаз,

семантикалық карта, инсерт жүйесі. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті.

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** сәлемдесу; оқушыларды түгелдеу; оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру;

**II. Үй тапсырмасын сұрау.** Үй тапсырмасын тексеріп, оқушыларға оқытамын. Үй тапсырмасын қорытындылау.

**III. Жаңа сабақтың материалын баяндау.** Етістікті қайталау сабағы.



**IV. Оқулықпен жұмыс.** Етістіктердің негізгі түбірін жазып көрсетіндер.

Үлгі: Негізгі түбір	Туынды түбір	Жұрнақ
Аял	Аялда	- да
Аз	Азай	- ай

Аялда, азай, жасар, соққыла, ашыл, шуылда, тыныштал, отырғыз, жатпа, кеткен, байқаңқыра, білдір, көргіз, салдыр, кептірт, тергіз, оқыт, ағарт, алдыр, өңгерт, жүгірт, ақтарыл.

**V. Деңгейлік тапсырмалар.**

I деңгейдің тапсырмасы. Берілген есім сөздерге жұрнақ жалғап етістікке айналдырып жазыңдар. Үлгі: Өшекейле, алаңдау. Өшекей, алаң, амал, ашу, әзіл, әсем, әсер, әрекет, аяз,

айшық, айқын, тамыр, әңгіме, сыр, адал, адым, аз, әжуа, ажар, азық, айбат.

**II деңгейдің тапсырмасы. Терме диктант.** Берілген мәтіннен жұрнақтардың түрлерін ажыратып көрсетіп жазыңдар.

Сусын

Әлкей ауыл сыртындағы өзі отырғызған картоптың арам шөбін отап, топырағын қопсытып келуге дайындалды. Әйелі құмыраға көже құйып, піскен жұмыртқа, қаймақ орап берді.

Жеті жасар ұлы:

– Көке, мені де ала барыңызшы, - деп өтінді.

– Күн ыстық, шаршамасаң, жүре ғой.

Алпысбай әкесіне ілесті. Біраз жер жүргеннен кейін:

– Көке, шөлдедім, сусын беріңізші, - деді. Әкесі тостағанға көже құйып берді. Алпысбай ұрттап, дәмін татып көрді.

– Көке, мұны ішпеймін, ащы екен.

– Ашып кетсе ішпей-ақ қой. Сен қатты шөлдемеген соң дәмі кірмеген болады – деп Әлкей көжені қайта құя салды.

Бақшаға келіп, арамшөпті отап, топырақ қопсытып, картоптың түбін көме бастады. Алпысбай да арамшөп жұлып, біраз қимылдады.

– Көке, шөлдедім, - деді бір кезде.

Әкесі тостағанға тары көжеден құйып берді. Алпысбай көжені сіміріп салды, мандайынан тер бұрқ ете түсті.

– Көке, мынауыңыз қымыз ғой, - деді күлімсіреп.

– Еңбек – асқа, дәм басқа сән береді, - деді әкесі (М.Төрежанов).

**III деңгейдің тапсырмасы.** Берілген мақал-мәтелдерден туынды етістіктерді тауып, олар қалай жасалғанын айтыңдар.

1. Сүйкімді сөз сүйек балқытар. 2. Ара бізімен шағады, адам тілімен шағады. 3. Өтірік сөз ырыстан қағады. 4. Ұзын тіл өмірді қысқартады. 5. Оң сөз өзен тоқтатар. 6. Халық тілі сауда. 7. Сөзді сөз сүйеді. 8. Өсиет тыңдағаннан ешкім өлмейді. 9. Өтірік айтқан ұрлық та қылады. 10. Ауыр сөз айтқан дос емес.

**IV деңгейдің тапсырмасы.** «Отаным – алтын дiңгегiм» тақырыбына ой толғау жазып, мәтіндегі етістікті табыңдар.

**2. Семантикалық карта.** Берілген мысалдардағы жұрнақты түрлеріне ажыратып жазыңдар.

Мысалдар	Сөз тудырушы	Сөз түрлендіруші
Егінші	+	
Қаласы		+
Көйлекшең		+
Балықшы	+	
Кітапхана	+	
Өнерлі		+
Далада		+
Жолдастық	+	
Сауыншы	+	
Кітаптар		+
Тәрбиелі		+

**VI. Қорытындылау сұрақтары:** 1. Етістік дегеніміз не? 2. Етістіктің неше түрі бар? 3. Етістіктер қандай жұрнақтар арқылы жасалады? 4. Жұрнақтардың неше түрі бар? 5. Түбірге қосымша қосылу арқылы қандай сөздер жасалады? 6. Түбір мен қосымшаның айырмашылығы қандай? 7. Туынды етістіктер қалай жасалады?

Оқушылардың бүгінгі сабақтан алған білімдерін тиянақтау әрі тексеру мақсатында инсерт жүйесін толтыруды ұсынамыз.

НЕ БІЛЕМІН?	НЕНІ БІЛГІМ КЕЛЕДІ?	НЕНІ БІЛДІМ?

**VII. Үй тапсырмасы.** Өтілген тақырыпты толық оқып келу. Есім сөздерге жұрнақтар жалғау арқылы етістік жасай отырып, қалаған тақырыптарына әңгіме жазып келу.

Сабакқа жақсы қатысып, білім деңгейін дұрыс таныта білген оқушының білімі бағаланады.

**А.ТҮРДАЛИЕВА,**  
**«Қосағаш» жалпы орта мектебі.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Қазығұрт ауданы.

## ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫН ҚАЙТАЛАУ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** а) оқушылардың етістіктің шақтарынан алған білімдерін нығайту, тиянақтау, бір жүйеге келтіріп қорыту, теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру; ә) оқушыларды сабақ барысында ата дәстүрімізді құрметтей білуге, сүюге, сөз құдіретін тани білуге тәрбиелеу; б) ойын түрлері арқылы оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, өз ойын тиянақты жеткізуін дамыту. **Типі:** қайталау сабағы. **Түрі:** сайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау-жинақтау. **Көрнекілігі:** таблица, суреттер, буклет, кеспе қағаздар.

Сабақтың барысы: **1. Ұйымдастыру кезеңі:** оқушыларды түгелдеу, сыныпты үш топқа бөлу, топтарға ат қою. 1-топ. «Келер шақ» тобы. 2-топ. «Өткен шақ» тобы. 3-топ. «Осы шақ» тобы.

Өз сыныптарыңның абыройын өз абыройларыңдай сақтаңдар! Жақсы оқу ол біздің Отан алдындағы міндетіміз. Бүгінгі біздің сабағымыздың ұраны «Көш жүре түзеледі».

**2. Үйге берілген тапсырманы сұрау.** Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: «Етістіктің шақтарын қайталау», яғни, «Қайталау – білім анасы». Топ басшыларын сайлап аламыз. Бағалау парақшалары арқылы әр топ өздерін бағалап отырады.

І. «Әдепті елдің баласы, Алыстан сәлем береді», – дегендей әр топтың сәлемдесуі.

1. «Келер шақ» тобы	
«Ұстаздар, қош келіпсіз	Сабақты, қызық көріңіз
Сабағымызға еніпсіз.	Әділ баға беріңіз
Жақсы деген жетінің	Осындай ашық сабаққа
Өрендерін көріңіз	Жиі-жиі келіңіз».

2. «Өткен шақ» тобы	
«Сәлем – сөздің анасы	Көңіліміз көктемдей
Біз қазақтың баласы	Жадыраған жаздай боп
Сабақ өтеміз біз қазір	Білімге деген құштарлық
Қызықтырып, таласып	Жүрегімізде маздайды от боп.

3. «Осы шақ» тобы	
«Талаптың мініп тұлпарын	Әдепті елдің баласы
Тас қияға өрлейміз.	Алыстан сәлем береді
Білім алсақ тереңнен	Татулық, бірлік болса егер
Қиындықты білмейміз	Бәрі де орнына келеді».

II. Етістіктен алған білімімізді әрі салт-дәстүрімізді біліп үйрену мақсатында «Білім мен дәстүр» атты ойын ойнаймыз.

Ойынның шарты: 9 қалташа жапсырылған.

Бірінші қатардағы сұрақтар ұл-қыздарға арналған.

Екінші қатардағы сұрақтар ұлдарға арналған.

Үшінші қатардағы сұрақтар қыздарға арналған.

Әр топтан оқушылар ортаға шығып қалташалардан сұрақтар алады.

1. Сұрақтар: 1) Осы шақ деген не? 2) Жеті атаңды ата. 3) Киімді желбегей жамылып жүруге болмайды. (Мағынасын түсіндір, етістігін тап).

2. Сұрақтар: 1) Етістіктің шақтары дегенді қалай түсінесіңдер? 2) Қонаққа тартылатын табақтың түрлерін атаңдар. 3) Ауылға қарай атпен шауып келме! (Мағынасын түсіндір, етістігін тап).

3. Сұрақтар: 1) Осы шақтың мағынасы мен жасалуында шақтың басқа түрлерінен қандай ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар? 2) Дүниенің төрт бұрышын ата. 3) Қыздарға ер баланың киімін киюге болмайды. (Мағынасын түсіндір, етістігін тап.)

4. Сұрақтар: 1) Келер шақтың қандай түрлері бар және олар қалай жасалады? 2) Жеті қазынаны ата. 3) Көпшілік алдында жалаңаш-жалпы жүруге болмайды, дөрекі сөйлеуге болмайды. (Мағынасын түсіндір, етістігін тап.)

5. Сұрақтар: 1) Шақтың қандай түрлері бар және шақтың бірнеше түрге бөлінуі неге байланысты? 2) Бата беру туралы не білесіңдер? 3) Бүйірінді таянба, таяққа сүйенбе! (Мағынасын түсіндір, етістігін тап) т.с.с.

III. «Әдебиет теориясы» ойыны. Әр топ топ ішінде ойласып, кеспе қағаздағы сұрақтарға жауап береді.

1. Қай өлеңнен алынған үзінді?  
«Шырк айналар шіркін тауық, Жемің болса қолында  
Қайдағысы сені тауып, Топырлайды жолында»  
(Етістігін тап, ол қай шақта тұр.)  
2. Лирика дегеніміз не? Мысал келтір.

1. Қай әңгімеден алынған үзінді?  
«Әнін ұғушы, тыңдаушы болса, шабыттанып айтады. Тындамайды,  
жыбырлап сөйлесе бастаса, Әмірқан тұрып кетеді, айтпайды»  
(Етістігін тап, ол қай шақта тұр.)  
2. Табиғатты суреттеуді не дейміз?

1. Қай өлеңнен алынған үзінді?  
«Перзентімнің алды едің Көңілімді қимаған  
Аттандырдым майданға Аман-есен жүр, балам!»  
(Етістігін тап, ол қай шақта тұр.)  
2. Портрет дегеніміз не? Мысал келтір.

IV. Берілген суреттер бойынша мәтін құрау.

V. Топ басшыларының сайысы. Олар конверттегі кеспе қағаздағы сөйлемді біреуі сөз таптарына, екіншісі сөйлем мүшелеріне, үшіншісі олардың дұрыс немесе қате екендігін тексеріп, түсіндіріп береді.

Сөйлем: Бүгін біз «Етістіктің шақтарын қайталау» деген тақырыпта ашық сабақ өтіп жатырмыз.

VI. Көп нүктенің орнына тиісті етістікті қойып, мәтіндегі сөйлемді толықтыру. Қыс... (жедел өткен шақ). Кең дала ақ көрпеге... (бұрынғы өткен шақ). Жаңа жыл мерекесі де таяу. Бұл мерекені барлық адамзат... (мақсатты келер шақ). Олар бұл күні жақсы тілек... (Ауыспалы келер шақ).

VII. «Барлық шаққа» ойыны. 1-топ. Осы шаққа сөйлем құраса, 2-топ оны келер шаққа, 3-топ өткен шаққа айналдырады.

VIII. Оқушылардың білімін бағалау, жеңімпаз топты анықтау.

IX. Сабаққа қатысқан ұстаздарға «Естелік» кітапшасын беріледі, оған жетінші сынып оқушыларына деген тілектерін, ақыл-кеңестерін, сын-ескертулерін, т.б., яғни, қолтаңбаларын қалдырады.

X. Үй тапсырмасы: 1. Ережелерді қайталау. 2. Өткен сабақтар, бүгінгі сабақтар және алдағы сабақтар туралы өз ойларын, алған әсерлерін жазып, оған морфологиялық талдау жасап келу.

Бір тақырыпқа – қос мақала

**Т.ОМАРБЕКОВА,**  
**Запорожье орта мектебі.**  
Ақмола облысы,  
Жақсы ауданы,  
Запорожье ауылы.

## **ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

(7-сынып)

**Мақсаты:** Жамбыл шығармашылығын терең зерттеп оқу. **Міндеттері: білімділік** – Жамбыл деген жай атым, Халық менің шын атым!- деп жырлап өткен ұлы жырау шығармашылығы туралы оқығандарын ортаға салып талдауға үйрету; **дамытушылық** – өткен ғасырға үңілдіру. Оқушылардың Жамбыл өмірі мен поэзиясы туралы ұғымын кеңейту. Көркем дүниеге құрметпен қарау арқылы дамытуға ойландыру; **тәрбиелік** – Жамбыл шығармашылығы арқылы оқушыларды ата мекенді сүйуге, ардақтауға тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** жаңа сабақты түсіндіру, баяндау, топтастыру. **Көрнекіліктері:** сөзжұмбақ, ақын суреттері мен кітаптары туралы слайдтар.

Сабақтың барысы:

**I. Ұйымдастыру:** а) Амандасу, түгелдеу. ә) Оқушыларды тізім бойынша тексеру. б) Үй тапсырмасын сұрау.

II. «Сегіз қырлы, бір сырлы».

(Үй тапсырмасын сұрау, тест)

**1.** Жүсіпбек Аймауытұлы әдебиетпен әуестенуді қай жылдан бастаған? А) 1910 жыл; Ә) 1909 жыл; Б) 1912 жыл; В) 1908 жыл; Г) 1907 жыл.

## 2. Жүсіпбек Аймауытұлы Семейде оқыған кезінде:

А) күреспен шұғылданды; Ә) ән, күй шығарды;

Б) сатира жазумен шұғылданған;

В) зерттеу жұмыстарымен айналысқан.

Г) домбыра тартып, ән салып, спектакльдер қойып, өзі басты рөлдерде ойнаған.

## 3. Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларының ішінен романдарын көрсет:

А) «Нұр күйі», «Шернияз»;

Ә) «Ақбілек», «Қартқожа»;

Б) «Қанапия мен Шәрбану»; «Ел қорған»;

В) «Мансапқорлар», «Ел қорған»; Г) «Рабиға», «Ақбілек».

## 4. «Әнші» әңгімесіндегі «шүлдір» сөзінің мағынасы:

А) шұңқыр; Ә) үлкен; Б) мырза; В) кәрі; Г) жас.

## 5. Жүсіпбек Аймауытұлының поэзиялық шығармаларын көрсет:

А) «Ұран», «Әскер марсельезасы»;

Ә) «Ақбілек», «Қартқожа»; Б) «Шернияз», «Қанапия»;

В) «Елқорған»; Г) «Рабиға», «Мансапқорлар».

## 6. Сұлтанмахмұт рухына арналған драмалық шығарма:

А) «Мансапқорлар»; Ә) «Қанапия-Шәрбану»;

Б) «Шернияз»; В) «Әнші»; Г) «Ақбілек».

## 7. Жүсіпбек Аймауытұлы ғылымның қай саласында зерттеу еңбектер жазды?

А) педагогика, психология;

Ә) медицина, математика; Б) музыка;

В) философия; Г) жаратылыстану.

## 8. Жүсіпбек Аймауытұлы:

А) үш бәйтеректің бірі; Ә) үш дана тұлғаның бірі;

Б) жеті өнерлінің бірі; В) бес арыстың бірі;

Г) үш ағартушының бірі.

## 9. Жүсіпбек Аймауытұлы У.Шекспир, В.Гюго, Г.Мопассан; А.С.Пушкин шығармаларын:

А) сынады;

Ә) аударды; Б) зерттеді; В) талдады; Г) жинақтады.

## 10. Жүсіпбек Аймауытұлының қазасына не себеп болды?

А) оба ауруы; Ә) шешек ауруы; Б) құрт ауруы;

В) оқыс оқиға; Г) жалған айып.

III. Жаңа сабақ. (Сөз жұмбақ).

1. «Сегіз қырлы, бір сырлы» автор; Жүсіпбек.

2. Жүсіпбек Аймауытұлының поэзиялық шығармасы; Ұран.

3. Жүсіпбек Аймауытұлының оқыған жері; Семей.

4. Жүсіпбек Аймауытұлының романы; Ақбілек

5. «Әнші» әңгімесіндегі «шүлентірі» сөзінің мағынасы; Мырза.

6. Жүсіпбек Аймауытұлы ғылымның қай саласында зерттеу еңбек жазды? Психология.

Интерактивті тақтадан өмірбаяны көрсетіледі.

**Оқулықпен жұмыс:** «Аттандыру» өлеңінің кімге арналғанын және әр жолдарын тыңдап талдату. «Алғайдай туралы әрбір ой» өлеңдерін мәнерлеп оқыту және бөлімдерін талдау.

IV. Сабақты бекіту: *Жамбыл Жабаев кім? Жамбыл Жабаев қай жылы, қай жерде дүниеге келген? Жамбыл неше жасынан өлең айтып, жыр додасына түскен? Ж.Жабаев 15 жасынан кімнің ақ батасын алды? Кімдермен айтысқан? Қандай дастандарды жырлаған? Қандай өлеңдерін білесіңдер? Ж.Жабаев қай жылы, қанша жасында қайтыс болған?*

**V. Мұғалімнің қорытынды сөзі:** - Ақын Сәкен Сейфуллин «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халықтың қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз», - деген екен. Сондықтан Жамбыл жырларын, өмірін біліп, өнегелі өмірі мен сөздерінен үлгі алуымыз керек.

«Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз». Н.Ә.Назарбаев.

**VI. Үйге тапсырма:** Жамбыл Жабаев жөніндегі ақын-жазушылардың еңбектерін оқу.

**VII. Бағалау:** Жауаптарына қарай бағалау.

**Т.АЛЕНОВА,**  
**М.Орынбасаров атындағы орта мектеп.**

Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданы,  
Тұмалыкөл елді мекені.

## ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(8-сынып)

Жалпы мақсаты:	Оқушылар бұл сабақта Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығымен танысады. Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын біледі, еңбектерін тұжырымдайды; Тақырып бойынша жұмыс жасауды қалыптастырады.		
Оқу нәтижесі:	Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын біледі; Еңбектерімен жұмыс жасай алады.		
Түйінді идеялар:	«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады». Абай Құнанбайұлы.		
Сабақ мазмұны			
Уақыты:	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:	Ресурстар:
3 мин.	Кіріспе: Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру: Психологиялық тренинг «бумба-юмба тайпасы». Ортаға шығып шеңбер құрамыз. Бір-бірімізбен Бумба-юмба тайпасының қағидасымен амандасамыз. Топқа бөлу: Абайдың «Қыс» және «Күз» өлеңдері арқылы.	Оқушылар шеңбер құрып, бір-бірімен сәлем-оң құлағынан ұстайды, қалайсың-мұрнын түйістіреді, жақсымын-арасын түйістіреді.  Оқушыларға өлең жолдары жасырылған қағаздар арқылы Абайдың «Жаз» және «Қыс» өлеңдерін құрастырғызу.	
3 мин.	Үй тапсырмасына шолу. «Сызба». Екі топқа бөлінген оқушыларға екі плакатқа сызылған.	Әр топ берілген тапсырмаға жауап жазады.	

	А) Абай Құнанбайұлы. Ә) Шығармалары.		
3 мин.	Тест жұмысы	1-топ оқушылары тесттің жауабын тауып, 2-топ оқушыларына береді. 2-топ оқушылары тест жауаптарын жазып, 1-топ оқушыларына береді. Үш шапалақ	
4 мин.	Негізгі бөлім: Күйші туралы бейне ролик арқылы сабақтың тақырыбын ашу: Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы.	Оқушылар бейне роликті көру арқылы сабақтың тақырыбын ашады.	Бейне ролик
		Слайдта жаңа сабақтың тақырыбы, мақсаты көрсетіледі. Оқушылар: күйшінің өмірі мен шығармашылығын білуіміз керек деп жауап беруі мүмкін.	бейне ролик
10 мин.	Жамбыл Жабаевтың өміріне тоқталу. Оқушыларға тақырып белгілі болған соң сабақтың мақсатын ашуға сұрақтар қойылады.	Әр топ берілген тапсырманы түсіндіреді. /постерге/	слайд
5 мин.	Оқулықтағы мәтінмен жұмыс жасайды. 1-топқа Жамбыл Жабаев өмірі. 2-топқа шығармашылығы беріледі.	1-топтағы әр оқушы Жамбыл Жабаевтың өмірін жазып, 2-топтың оқушыларына береді, 2-топтағы әр оқушы Жамбыл Жабаевтың шығармашылығын жазып, 1-топ оқушыларына береді.	постер
3 мин. 3 мин. 5 мин.	Сергіту. Өлең жолдарын толықтырыңыз! Берілген өлең жолдарының арасынан сөз жасыру. Оқушы шығармашылығы.	Мәтінмен жұмыс жасап «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағалайды.	слайд А4 парақша проектор
3 мин. 3 мин.	Рефлексия: «Себет» ойыны. Бүгінгі сабақтан алған әсері. Үйге тапсырма: тақырыпқа тапсырма.	Әр оқушы сабақтан алған әсері жазылған стикерді себетке жапсырады. Әр оқушы жұмыстарын бағалайды. Оқушылар себетті толтырады.	постер
Көңіл күй экраны.		Оқушының сабақтан алған әсерін бейнелейді.	стикер

**Ж.ӨМІРЖАНОВА,**  
**Ақтас негізгі мектебі.**  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Есіл ауданы.

## **МЕН ӨМІРДІ ЖЫРЛАУ ҮШІН КЕЛГЕНМІН**

Көрініс: «Менің анкетам».

**1-жүргізуші:** - Армысыңдар, қадірлі ұстаздар мен қымбатты оқушылар! Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мұқатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай, өркендей өсіп айшықтала түсуде, Мұқағалидай перзенті бар халық – бақытты халық.

**2-жүргізуші:** - Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген ақиық ақынның шығармашылығына арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты әдеби-сазды кешімізді ашық деп жариялаймыз.

**1-жүргізуші:** - Аламан бәйгеде оза шауып, өлең-жырда шашасына шың жұқтырмаған ерен жүйрік, ерекше тұлға Мұқағали ақынның өмір жолы әр алуан. Оны біріміз білсек, біріміз білмейміз. Олай болса қыран тағдырлы ақын Мұқағали өмір жолына барлау жасайық

**2-жүргізуші:** - Адам өмірінің бақыты – балалық шағы. Балалық шақ бақытсыздықпен өтсе, санасы бар пенденің бүкіл ғұмырына ақау түскені....

Құс та болғым келмейді  
Қанатым бар,  
Қанатым бар, күмістен жаратылған

Сәби болғым келеді, сәби болғым,  
Мына өмірден хабарсыз жаңа туған.  
Ән. «Сәби болғым келеді».

**1-жүргізуші:** - Қазақ поэзиясының Хантәңірі Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы Нарынқол ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген.

«Арыз жазып кетейін» өлеңін оқитын 6-сынып оқушысы Қабдөш Арман.

**2-жүргізуші:**

- Поэзия, менімен егіз бе едің,  
Сен мені сезесің бе, неге іздедің?  
Алабұртқан таңдардан сені іздедім

Қарауытқан таулардан сені іздедім- деп жырлаған саф алтындай поэзиясын елдің мұрасындай етіп қалдыра білген ақынның өлеңдері талай болашаққа көшеді. Ендеше сол бір мәңгілік көштің сырлы әуеніне, жадымызда жаңғырған жыр жолдарына құлақ салайық.

«Поэзия». Оқитын: Советханов Біржан. «Елім барда». Оқитын Төлебаев Азат.

**2-жүргізуші:** - Бүгін естір құлақ пен есті көңіл қайыра бір сілкініп, ұлы музаның сиқырлы, сырлы сазына шомылары, меңіреу шыңдарға тіл бітіп, бедеу қырларға үн қосары, жаны жарқырап, көңілі шалқыры ақиқат.

**1-жүргізуші:** - Жанұшырған ақынның рухы, ойлы жаратылысы оқырман жаны мен жүрегін өткен ғасырдың өрі мен төрінде тұрып қалай қозғаса, бүгінде солай тербеп, солай қозғауда.

«Қыздарға». Оқитын Қайырлы Назира. «Әйелдер-ай». Оқитын Төлебай Аян.

**2-жүргізуші:** - Табиғат жайлы, көктем жайлы көңілдің әрқилы әуен ыңғайын аңғартар, ойлы, мұңды, қасіретті жырлар Мұқағалида баршылық.

«Махаббат бейуақытта табыспайды». Оқитын: Қабдөш Арман.

«Ғашықпын». Оқитын: Біржан.

Ән: «Мен деп ойла». Орындайтын: Алтынай мен Айзада.



**1-жүргізуші:**

- Махаббат па?

Махаббат болған еді.

Таудың мен еркін жүрген тағысы едім

Тапты да түсірді ғой торға мені.

**2-жүргізуші:** - Иә, сырлы сезімді суреттеудің сұлтаны Мұқағали өлеңдерінен өмірге, ата-анаға, бауырға, табиғатқа деген махаббатты көре аламыз.

«Мына күн де, мына аспан да дала анау

Бәрі бізден, бәрі бізден қалады-ау

Өмір дейтін тағатсыз бір қозғалыс

Өмір дейтін – өлемін деп қарамау», - деген ақын шумағында терең тарих жатыр.

«Әкеме». Оқитын: Арман.

**1-жүргізуші:** - Қазақ халқының бір ғана Абайындай – Мұқағалиы да жалғыз. Сол шындықты шын жүректен түсінсек қана тарлан талант, жыр жампозы Мұқағали Мақатаевты ұлттық мақтанышымыз екенін мойындаймыз.

«Қайырлы түн». Оқитын: Кенжеболат. «Қазақстан». Оқитын: Біржан.

**2-жүргізуші:** - Поэзияның Хантәңірі Мұқағалидың өмір атты ұлы майданда торыққан сәті де, қуанған кезі де, адасқан тұсы да болды. Соның бәрі өрттей ыстық өлең болып өрілгенін, жыр болып төгілгенін білеміз.

Ән «Аңса, жаным». Орындайтын: Данагүл.

**1-жүргізуші:** - Ақын өліммен күресіп, ажалмен алысқан сәттерінің өзінде «сылдыраған» сөз бен «құлдыраған» мұңның қорығында тұншықпайды. Жанымен беріле сырласып, баға жетпес туындыларды дүниеге әкелді.

«Дәрігеріме». Оқитын: Данагүл.

«Анау – аспан, мынау бақ». Оқитын: Райымбек.

**2-жүргізуші:** - Бүгінде ақын ортамызда болмағанымен алып ақынның өзінің көзіндей көретін мөлдір де сырлы өлеңдері халқын қалтқысыз бағасын алып, келер ғасырға керуен көшін сенімді түрде ұзатып барады.

Мұқағали – өмір сырын жырлаған

Жүрегінің тек айтқанын тыңдаған.

Өлеңдері – күдірет қой, күдірет

Сүймейтұғын табыла ма бір адам?!

**1-жүргізуші:** - Мұқағали – біздің заманымыздың ғажайып ақыны. Ақынның өзі айтқанындай «Мен өлеңді ойдан құрастырып жазбаймын, құлағыма сыбырлағандай болады, соны қайталап жазамын» дегендей қашанда ақиқаттың ақ туын көтеріп, әділет пен адалдықты тең ұстаған ақынның ғажайып сырлы өлеңіне кезек берейік

«Қара өлең». Оқитын: Арман. «Автограф». Оқитын: Алтынай.

**2-жүргізуші:** - Мұқағали – өз тағдырын өзі таңдаған ақын. Соның арқасында ол ұрпақты ұрпаққа, дәуірді дәуірге, ғасырды ғасырларға жалғар, қазақ өлеңінің әлем алдындағы мерейін үстем етер таңғажайып ұлы жырлар жаратты. Ол өз кезеңінің өрті мен дертін, өз заманының күнгейі мен көлеңкесін жырлауда нағыз ұлт ақындары ғана шығар ұлы биікке көтерілді.

**1-жүргізуші:** - Сайын даланың изені мен жусанын әнмен тербетіп, бозаңытқан қырлардың бөз көдесіне тіл бітірген ақынымызды бүгінгі дәстүрлі кеште еске алған болатынбыз. Қазақ жыры аманда, қазақ өлеңін оқитын ел аманда, мына сыры мен сиқыры мол ғаламды өзінің құндағында тербетер жырдың өз халқымен бірге, өзінің ұлы даласымен бірге өмір сүрері, ғұмыр кешері ақиқат.

Ән. «Есіңе мені алғайсың». Орындайтын: Алтынай мен Айзада.

**2-жүргізуші:**

- «Қарасаз, қара шалғын өңірде өстім

Жыр жазсам, оған, жұртым, елендестің.

Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев

Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім» - деп жырлаған ақын үні асқақ естіледі. Иә, өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді. Олай болса, Мұқағали Мақатаев та көз жұмған жоқ

Ән. «Сенің көзің». Орындайтын: Айзада, Алтынай.

**Г.ДҮЙСЕБАЕВА,**  
**«Бөбек» ұлттық ғылыми педагогикалық**  
**және практикалық білім беру**  
**және сауықтыру орталығы.**  
Алматы қаласы.

## ТІЛІМ – МЕНІҢ ТІРЕГІМ

**Мақсаты:** балалардың «тіл», «Отан» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. **Міндеттері:** ана тілінің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру; ана тіліне деген құштарлықты арттыру; ана тілін сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. **Көрнекі құралдар:** оқулық, слайд, т.б.

### **Шаттық шеңбері.**

Балалар шеңбер құрып тұрады, бір-бірімен, тәрбиешімен сәлемдеседі.

Тәрбиеші сабақ тақырыбымен таныстырады және мына өлеңді бірге айтуды ұсынады:

Ана тілім – ұраным,  
Ана тілім – құралым.  
Ана тілім болмаса,  
Болмас еді жыр – әнім.  
Ана тілім – елдігім,  
Ана тілім – ерлігім.  
Ана тілім болмаса,  
Бүтінделмес кемдігім...  
Сахналау.

Ана тілінің маңыздылығын түсіндіру мен балалардың туған тілін жете білуге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақ сахналау түрінде ұйымдастырылады. С.Тұрысбековтың «Көңіл толқыны» күйі.

Ортаға патша шығады: - Тілдер патшалығына саяхат

жасауды көптен көңіліме түйіп жүр едім. Соның сәті бүгін түскен сияқты. Мен қазақ тілі туралы білсем деймін.

**Тәрбиеші:** - Сонау V-VI ғасырдан бастап, уақыт сынына төтеп беріп, бүгінгі күнге дейін жеткен Орхон - Енесей, Талас сына жазулары қазақ тілінің кезінде өркендеп, гүлденген дәуренін айғақтайды. Сонымен қатар, қазақ тілі Әйтеке, Төле, Қазыбек билер сынды шешендердің Абай, Жамбыл, Ахмет, Мағжан, Сәкен, Мұхтар сияқты алып ақын-жазушылардың, Қажымұқан, Бауыржан сияқты батырлардың тілі. Қазақ тілі – қазақтың жоғын жоқтап өткен Ш.Уәлиханов пен Т.Рысқұловтай арыстың тілі.

### **Патша:**

- Туған тілім туралы өлең тыңдасам деймін.

Туған тілім – бабам тілі – өз тілім!

Туған тілім – анам тілі – өз тілім!

Туған тілім – далам тілі – өз тілім!

Туған тілім – адам тілі – өз тілім!

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілде әнім менен сәнім бар.

Туған тілім тіл болудан қалса егер,

Жүрегімді суырып-ақ алындар. (Д.Әбілев).

Талдау: Неліктен тілді анамен байланыстырамыз? Қандай адам өз тілін құрметтейді? Неліктен өз тілінде сөйлейтін адам сыйлы болады?

**ҚАЗЫНА ҚАҚПАСЫ: Патша:** - ашуланып,- Менің кім екенімді білмейді-ау, шамасы,- деп қақпаны өзі итереді. Қақпа ашылмайды. Ол қақпа есігін қағады, сонда арғы жағынан қағаз түседі.

**Нөкері:** ашып оқиды: Дүниеде не ащы? Дүниеде не тәтті?

**Патша:**- Мұның мәнісі неде? - деп балалардан сұрайды.

**Тәрбиеші:** - Мұның жауабын білу үшін «Данышпан атаға» хат жазған болатынбыз. Бүгін сол хатымыздың жауабы келді. Балалардың жауабын салыстырып көрейік. Хатты ашып оқиық. Хатта: -О, хан ием! Дұрыс сөйлей білу де өнер, жүйесін тауып сөйлеген сөз жүрекке жетіп, жүйкені босатады. Сондықтан

да тіл - тәтті. Жебе салған жара жазылар, балтамен оталған орман қайта өсер, бірақ тілдің жарасы жазылмас. Сондықтан да тіл - ащы. (Сол уақытта қақпа ашылып, «Ана тілім - қазынам» деген кітапты патша қолына алып, парақтай бастайды).

**Патша:** - Маған көмек қажет болды, кім көмектесер екен? Мына кітапта берілген мақал-мәтелді аяқтау керек.

1. Өз білмегенінді кісіден сұра, Үлкен болмаса,... сұра. (кішіден). 2. Өнер алды – ... (қызыл тіл). 3. Жіптің ұзыны, сөздің... жақсы. (қысқасы). 4. Піл күшті, Піл күшті емес,... күшті. (тіл). 5. Отыз тістен шыққан сөз, Отыз рулы... тарайды (елге). 6. Жүйелі сөз – жүйесін табар, Жүйесіз сөз – ... (иесін) табар.

**Патша:** - Ойпырмай! Тілдің құдіреті осы де. Балалар, сіздерге үлкен рахмет.

Мен барып үш ұлымды сынап көрейін. (тәрбиеші патша ұлдарын қалай сынағандығын айтып береді).

Патша бірінші ұлына қонаққа келеді. Тамақ салынып, ет асылады.

**Патша:** - Қарағым, балам, анау етінің жақсы жерінен бір кесіп берші, - дейді.

**Баласы:** - Әрине, санның еті дәмді деп кесіп береді.

**Патша:** Енді жаман жерінен кесіп берші, - дейді.

**Баласы:** - Тіс өтпейтін сіңір ғой, - дейді.

Патша екінші ұлынан да осындай сый-сыяпат көреді.

Содан соң патша үшінші ұлына келіп:

**Патша:** - Балам, еттің жақсы жерінен берші, - дейді.

**Баласы:** - Тіл береді.

**Патша:** - Енді жаман жерінен берші, - дейді.

**Баласы:** - Тағы да тілден кесіп береді.

**Патша:** - Мұның қалай, балам, жақсы жерінен десем де, жаман жерінен десем де тіл кесіп бердің?

**Баласы:** - Ой, әке, жақсы да, жаман да, ұрыс – керіс те, өсек те осы тілден шығады. - Екі елі ауызға төрт елі қақпақ

дегендей, әр адам өз тіліне сақ болса, еш уақытта ұрыс - керіс болмас еді. «Басқа пәле – тілден».

**Патша:** - Дұрыс екен, балам. Бүгін көп нәрсені ұққандаймын. Енді қайтайын. Айтарым, ақылыңнан ажырама, балам.

**ДӘЙЕКСӨЗ:** Сахналау арқылы және өзіміздің өмірден түйгенімізден ұққанымыздай тіл балаға ананың ақ сүтімен туылған сәтінен – ақ беріледі. Тіл адамды жақсы да, жағымсыз да көрсетеді. Тіл адамды өсіреді де, өшіреді де. Өйткені, жанға жайлы жақсы сөздерді жиі айтсаң, адамдар арасында сыйлы боласың. Өз тіліңді жетік біліп, оны дамыта алсаң, сондай – ақ басқа елге барғанда туған тілінде сөйлесең олар сондай халық бар екенін біледі.

Демек, халқыңды басқа ұлттарға танытасың, халқыңды өсіресің. Егер сенің ана тілінде ешкім сөйлемесе халқың өшеді.

Сондықтан да ақын С.Торайғыровтың: «Сүйемін туған тілді, анам тілін, Бесікте жатқанымда-ақ берген білім», - деген өлең жолдарын ұмытпағандарың жөн. Жаңа ақпарат: «ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ана тілін сүю, құрметтеу, мақтаныш ету – әрбір азаматтың міндеті».

Тапсырма: 1. «Ана тілің – арың бұл» деген сөзді түсіндіріп беріңдер.

2. Нақыл сөздерді оқып, мағынасын түсіндіріңдер.

1. Тіл жоқ жерде ұлт жоқ. (Шыңғыс Айтматов.)

2. Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті... Біздің жастарымыз ана тіліне жетік, білімді, мәдениетті болсын. (Ахмет Жұбанов.)

3. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата- бабамызды, тарихымызды ұмыту. (Бауыржан Момышұлы.)

**Г.НҰРМАНОВА,**  
**№187 М. Шоқай атындағы**  
**орта мектеп.**  
Қызылорда қаласы.

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

*(5-сынып)*

Шығармашылық тұлға қалыптастыру – қазіргі оқу үдерісінің ең басты талаптарының бірі. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық. Шығармашылық тұлға қалыптастырудың бір жолы, ең алдымен, оқушылардың танымдық ізденістерін тиімді ұйымдастырумен жүзеге аспақ. Тегінде, баланы өздігінен жұмыс істеуге, өздігінен ізденіп білім алуға үйрету – ең тиімді жол.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән-мағынасын ұйымдастырудың негізгі шарттары:

1. Тапсырма мазмұны сынып оқушыларының жас және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жасалуы керек.
2. Оқушының бұған дейін алған біліміне сәйкес құрылуы тиіс.
3. Тапсырма түсінікті, мазмұны қызықтырарлық болуы қажет.
4. Орындау тәртібі мен тапсырма мазмұны бірте-бірте күрделене түсуі керек.

Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан белсенді ойлау талап етіледі. Осының нәтижесінде оқушылар өздігінен бақылауды үйренеді, оларда тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір-біріне жолдастық қарым-қатынас қалыптасады.

Әдебиетті оқытуда оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруда әдіс-тәсілдер қолдану керектігі өтілетін шығарманың табиғатына, сабақтың мақсатына қарай анықталады. Сабақтағы нақты іс-әрекет мәтін арқылы жүзеге асады. Оқушының ойын да, тілін де дамытудың негізгі қазығы – мәтін. Қазіргі сабақ – дамыта оқытуға негізделген сабақ. Білімнің ең негізгісін ала білу, салыстыру, қорытынды жасау, өз бетімен белгілі бір нәтижеге жету оқушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда жететін мақсат болу керек. Сабақ беру үстінде оқушылардың көркем мәтінді талдап оқуы үшін белгілі бір көмекке әр түрлі сызба, кесте, таблицаларды пайдалану оңды нәтиже беретініне көзім жетті.

Бұл жұмыс дәптері 5-сыныптың «Әдебиет» /Ә.Дайыр, Қ.Айтқалиев, Ш.Беркімбаева, Г.Құрманбай. Алматы, «Атамұра»/ оқулығына негізделіп дайындалды. Дәптерде оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға және пән бойынша игерген білімдерін бекітуге арналған жұмыс түрлері мен тапсырмалар берілген. Сызба, кестелер педагогикалық технологиялар әдіс-тәсіліне сүйене отырып жасалған.

Оқушыларға арналған «Жұмыс дәптерінің» басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше еңбектене отырып, өзінің ойын тұжырымдап, қорытынды жасауға үйрету.

«Жұмыс дәптері» оқулықпен сәйкестендіріліп жасалған. Соған лайық тапсырмалар оқулықтағы тақырып бойынша

рет-ретімен беріліп отыр. Олар сабақты түсіндіру, пысықтау барысында және үйге тапсырма ретінде беріледі.

«Жұмыс дәптерін» пайдалану барысында оқушыларда көптеген біліктер қалыптасады:

1. Күнделікті сабақтан алып отырған білімдерін жинақтап, талдау жасауға көмектеседі.

2. Әр түрлі суреттерді, кестелерді толтыру арқылы оқушылар оқулықтан алған білімдерін молайтады.

3. Әр түрлі сұрақтарға жауап беріп, көп нүктенің орнына жауап жазу, кестені толтыру арқылы білім деңгейі жоғарылап, белгілі бір қорытындыға келеді.

4. Берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушының ойлау қабілеті дамып, әдебиет пәніне деген қызығушылығы артады.

Мұғалім үшін тиімділігі:

1. Сызба, модель, кестелерді көрнекілік үшін де пайдалана алады.

2. Жас мұғалім үшін сабаққа дайындалған сәтте сабақ жоспарын құруға да көмектеседі.

3. Әр оқушының қолындағы «Дәптер» оның күнделікті жұмысын қарап, тексеріп, баға қойып отыруға, яғни, әдебиет сабағында баға жинақталуына да көмегі бар.

4. Шығарма жазуға бағыттауға мүмкіндік береді.

### ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жаз.

Қазақ әдебиеті екіге бөлінеді:

біріншісі – .....

екіншісі – .....

Халық ауыз әдебиеті дегеніміз - .....

### 2-тапсырма. Халық ауыз әдебиетінің түрлерін жаз.

1.....

2.....

3.....

4.....

3-тапсырма. Ауыз әдебиетінің қандай белгілері бар?

.....

.....

### ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ

**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.

Тұрмыс-салт жырларына .....

..... сияқты салтқа байланысты туған жырлар жатады.

**2-тапсырма.** Төрт түлік пен оның иелерін (пірлерін) сәйкестендіріп жаз.

Қой Ойсылқара

Сиыр Шекшеката

Жылқы Зеңгібаба

Түйе Шопаната

Ешкі Қамбарата

**3-тапсырма.** Суретті пайдалана отырып «Наурыз - ұлыстың ұлы күні» тақырыбына шағын әңгіме құра.

.....

.....

**4-тапсырма.** Суретте бейнеленген дәстүрге қатысты қандай тұрмыс-салт жырын білесің?

.....

.....

## МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

1-тапсырма. Ребусты шеш.



2-тапсырма. Мақал мен мәтелдің ерекшеліктерін Венн диаграммасы арқылы салыстыр.



3-тапсырма. «Жасырынған мақал». Жазылған әр сөзден жаңа сөз жасап тұрған әріптерді тап. Сол әріптерді жалғастырып жазғанда жасырынған мақал шығады. Ол не деген мақал?

Кім – өкім;	ара – арқа;
Желі – желін;	су – ысу;
Кен – кене;	қобы – қобыз;
Елік – ерлік;	қылық – ықылық;
Мал – амал;	баға – балға;
Мүше – мүшел;	аяқ – таяқ;
Ана – дана;	кит – киіт;
Ақ – ақыл;	жеке – желке.

4-тапсырма. Тақырыптарға сәйкес мақал-мәтелдер жаз.

Еңбек туралы	
Отан, туған жер, ынтымақ, бірлік туралы	
Адамгершілік қасиеттерге байланысты	
Өнер, оқу, білім, ғылым туралы	
Мал шаруашылығы туралы	

5-тапсырма. Кестені толтыр.

Мақал-мәтелдер	Тақырыптары
Денсаулық – зор байлық	.....
.....	Өнер – білім
Досы көпті жау алмайды,...	...
....	Еңбек
Ата көрген оқ жонар,...	...
....	Ынтымақ, бірлік
Ерді намыс өлтіреді,....	...

## ЖҰМБАҚТАР

1-тапсырма. Берілген жұмбақтардың ұйқасын тапсаң, жұмбақтың шешімі шығады.

- |  |   |
|--|---|
| 1. Тоя сүт ішіп,<br>Жатпай бүк түсіп.<br>Қораны шарлап<br>Жүретін не?..... | 3. Шүйілмей қыран,<br>Шөлде жүр бір аң.<br>Көненің көзі<br>Сақталған не?..... |
| 2. Қыбыры қылаң,<br>Жүрісі сылаң.<br>Шыжымдай шымыр<br>Жәндік не?.....     |   |

2-тапсырма. Киіз үй және оның жабдықтарына арналған жұмбақтарды шеш.

- |  |   |
|--|---|
| Жетпіс екі найзаны,<br>Біріктіріп ұстап тұр.<br>.....<br>Ұқсайтын шеңберге.<br>Қабырғасы жиылып, керіледі,<br>Жиһазы мол кең бөлме,<br>Төбесінен жұлдыздар көрінеді. | Келсең жолды ашады,<br>Кетсең жолды жабады<br>.....<br>Тұмсығын тесіп,<br>Жүннен бұйда есіп,<br>Қазыққа байладым. |
|--|---|

## ЕРТЕГІЛЕР

1-тапсырма. «Ер Төстік» ертегісінің қиял-ғажайып ертегіге жататынын дәлелде.

«Ер Төстік» қиял-ғажайып ертегі.

Себебі .....

2-тапсырма. «Аяз би» ертегісі.

1	Ертеде кім деген хан болыпты?	
2	Оның неше уәзірі болыпты?	
3	Хан уәзірлеріне қандай тапсырма беріпті?	
4	Уәзірлер нені алды?	
5	Жаман оларға нелерді алдырды?	
6	Хан Жаманға қандай тағам бергізді?	
7	Жаман тұлпардың неге шатыс екенін айтты?	
8	Уәлидің қызы кім?	
9	Қыз Жаманға нелер берді?	
10	Хан Жаманды қайда жұмсады?	

3-тапсырма. Ертегідегі кейіпкерлерді салыстыр.

Жаман	Ортақ қасиеті	Қырық уәзір

4-тапсырма. «Аяз би» ертегісінен қандай тәрбие аламыз?

**ҚОРЫТЫНДЫ ТАПСЫРМА**

Халық ауыз әдебиеті туралы толық оқып болғаннан соң, не туралы оқығаныңды бір сәт ойлап елестет. Ойлап болған соң төмендегі тапсырманы орындап, шартты белгілерге сәйкес кестені толтыр. V = ойлағанымды растайды. + = жаңа ақпарат. = менің ойлағанымға кері /менің ойыма қарсы/. ? = мені жұмбақтандырады.

V	+		?

Тест сұрақтары:

1. Әдебиет нешеге бөлінеді? а/ 3; ә/ 2; б/ 4.
2. Халық ауыз әдебиеті дегеніміз:  
а/ бір автордың шығармасы;

ә/ ауыздан ауызға көшіп сақталған ел өнері, авторы сақталмаған ел туындылары;

б/ жазбаша сақталған, авторы белгілі туындылар, шығармалар.

3. Ертегінің неше түрі бар?

а/ 5; ә/ 2; б/ 3.

4. Халық ауыз әдебиетіне нелер жатады?

а/ ертегі, повесть, әңгіме;

ә/ ертегі, аңыз, батырлар жыры;

б/ роман, тұрмыс-салт жырлары, повесть.

5. Қиял-ғажайып ертегіде кездеседі:

а/ түлкі, қасқыр, ешкі;

ә/ ұшқыш кілем, дәу, көлтаусар;

б/ хан, кемпір, шал.

6. «Ер Төстік» ертегісі ертегінің қай түріне жатады?

а/ шыншыл ертегі;

ә/ қиял-ғажайып ертегі;

б/ хайуанаттар жайлы ертегі.

7. Беташар, жоктау, төрт түлік туралы жырлар халық ауыз әдебиетінің қай түріне жатады?

а/ аңыз әңгімелер;

ә/ тұрмыс-салт жырлары;

б/ ертегілер.

8. «Есет атам ет асатар, ет асатса бес асатар» –

а/ жаңылтпаш; ә/ жұмбақ; б/ мақал-мәтел.

9. Төстік қандай кейіпкер?

а/ ер жүрек, батыр, ақылды;

ә/ қорқақ, мақтаншақ;

б/ батыр, бірақ ақылсыз.

10. Кендебай қандай адам?

а/ еріншек, қорқақ;

ә/ қу, қатігез;

б/ мейірімді, адал.

## АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕР

### 1-тапсырма. Анықтама бер.

Аңыз .....

**2-тапсырма.** Картаны пайдалана отырып, Қазақстан жерлеріне Асан қайғыша баға беріп көр.


## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

### 1-тапсырма. Мәтінді жалғастыр.

Қазақ халқы ақындық пен шешендікті қасиетті өнер санаған, оған тыйым салынбаған, шек қоймаған. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп, кімнен болса да тартынбай, тайсалмай сөйлеуді талап еткен.

## ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН КӘРІМ

### 1-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңіз.



1. Ислам дінінің қасиеті, негізгі бас кітабы.
2. Меккеде мешіт салдырған, Абайдың әкесі.
3. Бес парыздың бірі.

4. Меккедегі сыйынатын қасиетті тас.

5. Пайғамбардың анасы.

6. Пайғамбар қай жерде дүниеге келді?

7. Екі рет қажылыққа барған Абайдың немере інісі.

8. Құранды жаттап, оны жеті түрлі қырағатқа (әуенге) салып оқушы адам.

9. Рамазан айында әр жан басының амандығына берілетін садақа.

10. Пайғамбарымыз кім?

### 2-тапсырма. Тест сұрақтары

1. Қазақ халқы қай дінді ұстанады?

А/ христиан; Ә/ будда; Б/ католик; В/ ислам.

2. Мұсылман діні қай елден шыққан?

А/ орыс; Ә/ қытай; Б/ араб; В/ грек.

3. Ислам дінінің бас кітабы не?

А/ Зәбүр; Ә/ Інжіл; Б/ Таурат; В/ Құран.

4. Мұсылман дінінің негізін салып, халық арасына таратушы кім?

А/ Иса; Ә/ Мұхаммед; Б/ Лама; В/ Конфуций.

5. Құранда неше сүре бар?

А/ 114; Ә/ 14; Б/ 60; В/ 99.

6. Алла тағаладан Құран аяттарын жерге түсіруші қай періште?

А/ Ібіліс; Ә/ Әзірейіл; Б/ Мүңкір; В/ Жебірейіл.

7. Құран қай тілде жазылған?

А/ түрік; Ә/ қазақ; Б/ араб; В/ латын.

8. Мұхаммед пайғамбардың өсиеттерін қалай атайды?

А/ мақал; Ә/ тезис; Б/ баяндама; В/ хадис.

9. Мұсылман діні заңдарын қалай атайды?

А/ Ғазауат; Ә/ Шариғат; Б/ Ораза; В/ Құран.

10. «Уаһи» деген не?

А/ хабар; Ә/ зат; Б/ адам; В/ жануар.

(Жалғасы бар).



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 06.05.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 2860.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №5, 2015 ж., 144 бет, Алматы.